

## ШӘКӘРІМ

ғылыми-танымдық журнал

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрлігінде 2009 жылдың 3  
наурызында қайта тіркеліп, №  
9940-Ж куәлігі берілген.  
2005 жылдан шыға бастады.

## БАС РЕДАКТОР

**Әмірбеков Шәріпбек  
Ағабайұлы**

Шәкәрім атындағы Семей  
мемлекеттік университетінің  
ректоры, саяси ғылымдарының  
докторы

## БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

**Смағұлова Ақмарал  
Төлеуғазықызы**

«Шәкәрімтану» ғылыми-зерттеу  
орталығының директоры,  
филология ғылымдарының  
кандидаты

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

**Қадыров Айбар Қабыкенұлы**  
филология ғылымдарының  
кандидаты, доцент

© Шәкәрім атындағы Семей  
мемлекеттік университеті, 2012

© «Шәкәрімтану» ғылыми-  
зерттеу орталығы, 2012

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

**Мағауин Мұхтар**

Қазақстанның халық жазушысы, әдебиетші ғалым

**Ғарифолла Есім**

академик, сенатор

**Жанболатов Сұлтан**

профессор (Қытай)

**Мырзахметұлы Мекемтас**

филология ғылымдарының докторы, профессор

**Қалижан Уәлихан**

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының директоры, филология ғылымдарының  
докторы, профессор

**Әбдіғазизұлы Балтабай**

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық  
университеті қазақ филологиясы факультетінің деканы,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

**Жұртбай Тұрсын**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
"Отырар кітапханасы" ғылыми орталығының директоры,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

**Хакім Мерием**

PhD, профессор (Түркия)

**Жақып Бауыржан**

"Қазақ энциклопедиясының" бас директоры, филология  
ғылымдарының докторы, профессор

**Ескендіров Мейір**

тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Еспенбетов Арап**

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті  
гуманитарлық-заң факультетінің деканы, филология  
ғылымдарының докторы, профессор

**Сейітова Шынар**

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті  
қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, филология  
ғылымдарының докторы

**Рамазан Айгүл**

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті  
қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, филология  
ғылымдарының докторы

**Әубәкір Жандос**

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-  
мәдени және әдеби- мемориалдық қорық-мұражайының  
директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ШӘКӘРІМТАНУ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

*Шәкәрім. Ғылыми-танымдық журнал.*

**МАЗМҰНЫ**

**АБАЙ АРМАНЫ**

**Талас Омарбекұлы.** 1930-1933 жылдардағы ашаршылықтың бұрмаланған мәселелері.....3

**АБАЙТАНУ**

**Ажар Болесова.** Абай өлеңдерінің жазылу тарихы.....6

**ШӘКӘРІМТАНУ**

**Шаған Жанаева.** Ахат Шәкәрімұлы жайында бір дерек.....16

**Мақсат Жарылғасынұлы.** Шәкәрім шығармаларындағы Абылай хан тұлғасы.....22

**Арай Жүндібәева.** Шәкәрім шығармашылығындағы әлеуметтік-саяси лирика.....27

**Кенже Зәмзөбай.** Шәкәрім тағлымы.....32

**АЛАШТАНУ**

**Медеу Сәрсекө.** Қайта оралған ел «тарихы» (А.М.Панкратова – «Қазақстан тарихын» қорғаушы).....35

**Мұхамметқазы Мұхамедиұлы.** Міржақып Дулатов – қазақ бостандығының таң азаншысы.....46

**ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ**

**Ұғұр Гүрсү.** Sebit Mukanov ve “Botagoz” Adli Romaninin Dil Ozellikleri.....50

**Гүлзира Акимбекова.** Қала тілі және қала тіліндегі «қылмыстық» компоненттер.....60

**Акеділ Тойшанұлы.** Абыз.....65

**Жанар Аитова.** Әсеттің туған жері жайлы дауды қояр кез келді.....69

**МҮШЕЛТОЙ**

**Гүлжаһан Орда.** «Жақсылыққа жаралған жүрек». Әди Шәріпов – 100 жыл.....73

**ТҰЛҒАЛАР**

**Бейсенбай Кенжебаев**.....78

**Мұхтар Мағауин**.....78

**Ақселеу Сейдімбек**.....79

**Рымғали Нұрғали**.....79

**ФОТОШЕЖІРЕ**.....80



**ТАЛАС ОМАРБЕКҰЛЫ, *ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тарих кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор.***  
*«Абай арманы» зиялылар клубының екінші мәжілісінде жасалған баяндама.*

### 1930 - 1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ БҰРМАЛАНҒАН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абай, Шәкәрім бабамыз өмір сүрген ұлы топырақта, қасиетті рухани ортада қазақ тарихына сөз қозғау – мен үшін үлкен мәртебе. Мен тарихшы ретінде екі үлкен тақырыппен айналысамын. Бірі – қазақ халқының ежелгі дәуірден келе жатқан қалыптасуы, екіншісі – ашаршылық мәселесі. Кеңестік жүйедегі ең үлкен қателік рулық ауылды күйрету, малшы қауымның дәстүрлі мал шаруашылығын талқандап, оның орнына ұжымдасқан шаруашылықты құрмақ болған әрекеті қазаққа ауыр соққы болып тиді.

Ғасырлар бойы қазақ рулық ауылда, рулық қауымдастықта өмір сүрген болатын. Солардың тарихын зерттеу күні бүгінге дейін өзекті. Қазақ ру-тайпаларының тарихы мен ашаршылық екеуі екі түрлі мәселе болып көрінеді, бірақ та рулық ауылды талқандау негізінде ашаршылық туды.

Қазақ халқы 20 ғасырда басынан екі ашаршылықты өткерді. Бірі – 1921-1922 жылдардағы ашаршылық, екіншісі – 1931-1932 жылдардағы ашаршылық. Осы екеуін шатастырып, сипатын қосып бірге айтып жүрміз. Шын мәнінде екеуі екі түрлі ашаршылық. 1921-22 жылдардағы ашаршылық туралы мәліметтер жарық көрген, зерттеушілердің еңбектері бар. Мақаш Тәтімовтің демографиялық еңбегіне жүгінсек, 1921-22 жылғы ашаршылықта шамамен 720 000 - 1 миллиондай адам қырылған. Ал Мұхамеджан Тынышпаев мынандай дерек келтірген: 1917 жылы 2 млн. 910 қазақ өмір сүрсе, 1921-22 жылғы ашаршылықтан кейін 1 млн. 965 443 қазақ қана қалды дейді.

Профессор Н.Швецов бұл есеп-қисаптың

бәрін талдай келе, 1921 жылы ашаршылық салдарынан Қазақстанда болған кемудің 30%-дан кем емес екендігін нақты дәлелдеген. Енді 1931-33 жылдары қазақтың жартысына жуығы қырылды ғой, ал алғашқы ашаршылықта профессор Швецовтың айтуы бойынша, қырылғандар саны 30%. Ә.Бөкейхановтың досы болған Швецов Қазақстандағы экспедицияда бірге жұмыс істеген, 1917 жылғы Петербурттағы құрылтай жиналысын да ашқан осы Швецов.

Алғашқы ашаршалықтың басты себептері: жұт, құрғақшылық, сондай-ақ азамат соғысы. «Ақ, қызыл» болып бөлініп алып бір-бірімен қырқысып халықтың әбден берекесін алған жылдар еді ғой. Өзіндік ерекшелігі бар осы кезең әлі толық зерттелмей, оқулықтарға кірмей отыр.

Кейбір ғалымдар 1932-33 жылдары қанша халық қырылғанын нақты айту мүмкін емес дейді. Халықтың оқуына Сталин тыйым салынған 1937 жылғы бүкіл одақтық санақтың мәліметтерімен таныстым. Сол кездегі Қазақстандағы халық санағының (нархоз.учеттың) бастығы Мұхтар Саматовтың 1930 жылдың 1 маусымында жазған хатында ауыл халқының жалпы саны 5 миллион 773 мың, 1931 жылы 5 миллион 114 мың, 1932 жылы 3 миллион 227 мың ғана қалды. 1933 жылы 2 миллион 493 жарым мың деп көрсетілген.

Ары қарай 1934 ж. 2 млн. 661 мың; 1935 жылы 2 млн. 926 мың, 1936 ж. 3 млн. 287 мың қайтадан көтеріле бастады. Қазақстанда ауыл халқының саны 1930 жылы 5 млн. 873 мың адам болған болса, ал енді ашаршылық әбден асқынған 1933 ж. 2 млн. 493 мың адам қалған. 3 млн 379

## АБАЙ АРМАНЫ

жарым мың адам жоқ. Мұны білу үшін екі мәселені анықтауымызға тура келді. Біріншіден, жаңағы 3 млн. 379 мыңның қаншасы қазақ? Екіншіден, босқындардың саны қанша? Мұны біз анықтап, нақты деректермен дәлелдедік. Ал енді қаңтар айында 1931 жылы Қазақстанның қалаларында 732 мың адам тұрғын еді, 1 млн.-ға жетпейді. Ал 1932 жылы 1 млн. 72 мың адам. Ашаршылық кезінде қала халқы көбейе бастады. 1932 жылы 1млн-нан асып түсті. 1933 жыл 1 млн 218,9 мың, 1934 жылы 1 млн. 311,6 мың, 1935 жылы 1 млн. 437 мың адам, қала халқы 1936 жылы 1 млн. 499,5, яғни 1 жарым млн.-ға жетті. Ашаршылық жылында жыл сайын қалада қаңтар айында қалалық есеп (городская рейд) жүргізілді. Сондықтан Қазақстанның барлық қалаларындағы халықтың нақты саны белгілі. Қаңғыбас қазақтарды пропискаға тұрғызбайтындықтан қалаларда олар одан әрі қалған жоқ. Кейбіреулері ойлап отырған шығар, қала халқының санын қазақтар көбейтті деп. Тіптен де олай емес. Қазақтарды бұл жылдары қалаға кіргізбей қойған. Қалаға пропискаға тұрғызбаған. Ал 1 мың адам сырттан қалаларға көшіп келген екен. Олар кәсіпорындарда, жаңадан ашылған құрылыстарда жұмыс жасады. Ал енді жаңағы 3 млн. 379 мыңнан қаншасы қазақ дегенге нақты деректер бар. «Бесеудің хатын» айтамыз, ал «Алтаудың хатын» ешкім пайдаланбайды. «Алтаудың хатын» жазғандар: Ғаббас Тоғжанов, Жүсіпбек Арыстанбеков, Айбасов, Қабылов, Ораз Жандосовтың ағасы Оразалы Жандосов. «Алтаудың хатын» жазған бұл кісілердің бәрі сол кездегі Москвада оқитын қазақ жастары болатын. Д.Қонаев естелігінде Москвада ашаршылыққа байланысты жиналған жиында Оразалы қатты сөйлегені, Оразалы Жандосов Мәскеуге барған өкілді қалай қыспаққа алғаны туралы айтады, Димекенің өзі де жиынға қатысқан. Міне осындағы жастар «Алтаудың хатын» жазған. Осы «Алтаудың хатын» оқысаңыз ашаршылықтың көлемі де айтылған, босқындардың саны да көрсетілген. Яғни нақты деректер осы «Алтаудың хатында» бар. Солармен салыстырған кезде ашаршылықтың көлемі айқындалады. Яғни, 1932-1933 жылдары 3млн. 373 мыңнан, 1 млн. босқынды шығарып тастаңыз, шаруашылыққа орналасуы бойынша олар аман қалған. Сонда қырылған қазақтардың

саны 2 млн. 300 мың мен 2 млн. 200 мыңның арасы болып шығады. Бұл деректерді басқа мәліметтер де дәлелдейді. Бірақ мынаған назар аударыңыздар. Сталин индустриализация бастағаннан кейін 1934 жылы партия мүшелігінде 17 съезде: «Біз капитализмнен социализмнің артықшылығын демографиялық жағдаймен дәлелдейміз» - деген болатын. Жаңа санақта яғни 1933 жылға қарай Кеңестер Одағында халықтың саны бәлен миллионнан асады деген болатын, соның ішінде Қазақстан да көрсетіледі. Сонда Сталин алған цифр керісінше болып шықты. 1937 жылы санақтық материалдарын Москваға барып тапсырған кезінде 1937 ж. толық санақ материалдарынан жойылмай 20 шақты ғана іс (дело) қатталып қалыпты. Оны Кеңестер Одағының экономикалық архивіне тігіп тастапты. Сөйтіп кездейсоқ сақалып қалған. Сталин бұл санақ материалдарын жариялауға тыйым салған және жоюға нұсқау берген. Санақты ұйымдастырушыларды халық жауы деп жариялаған.

1937 жылы санаққа қатысқан, Москвадағы Саматовтың бастығы бүкілодақтық орталықтандырылған халықтық санақтың (қазіргі санақ басқармасы) жетекшісі Кравальконы халық жауы деп атқан. Қазақстандағы нархоз учеттың бастығы Мұхтар Саматовты атқан, М.Саматовтың орынбасары Маскеевичті атқан, барлық санақ басқармасының бөлім бастықтарын атқан, Қазақстан аудандарындағы аудандық санақ басқармасының бастықтары түгел атылған. Мен Кордайдың санақ басқармасының материалымен таныстым. Оны да атқан ғой. Оған айтады: - Сендер не үшін санақты кеміс көрсеттіндер - деп. Сонда ол айтады: - Өйткені біз кеңес үкіметінен ығыр болғандықтан кеңес үкіметінің халықтың алдында беделін түсіру үшін санақты бәлен млн. адам аштан қырылып қалды деп әдейі көрсеттік, - дейді. Ал енді күлесіз бе, жылайсыз ба? Қазір күлкілі ғой енді, я бірін-бірі атқан. 1985 жылы Колбиннің орнына келген Назарбаев бізді қабылдады, Манаш Кабалиевич Қозыбаев ағамыз, Байпақова, Көнеков, антрополог Смагулов т.б. ең жасы мен. Сонда Нұрекең бізге әбден ұрысты, «тарихты көтеріңдер» деді, 1997-ші Астанаға көшкен жылы. Президенттің рұқсатымен Москва архивіне жол тарттым.

## АБАЙ АРМАНЫ

Кездестірген құнды материалдарымның бірі Саматовтың орынбасары Москеевичтың Мирзоянға 1935 жылы 23 қыркүйекте жазған хаты болды. Москеевичтың хаты бірнеше беттен тұрады. Москеевич Мерзаянға барлық шындықты жазыпты. Аштықтан қанша адам қырылды, неге қырылды, қалай қырылды, барлығын жазған, статистикалық цифрлармен, ондағы көрсеткіш бойынша кішкене айырмашылық бар, 1930-1933 жылдары Москеевичтың хаты бойынша 3 млн. 559,8 мың адам кемігені айтылған. Осы талдау хатты қарап отырып Сталинге жазылған басқа «Алтаудың хатымен» салыстырылған кезде 2 млн. 100 мыңнан астам аштық құрбандары шығады, енді біз дөңгелектеп 2 млн. 200 мың деп алып жүрміз. Ал енді менің айтайын дегенім, осы мәлімет ҰҚК-ның (КГБ) архивінде де бар. Өйткені сол кездегі Ұлттық қауіпсіздік комитетті Қазақстандағы ашаршылықты қадағалап отырған. Мінеки, 1930 жылдан 1932 ж дейін халықтың саны 1 млн. 831,441 адамға келді, - дейді. Малдың басы 35 млн. 316 мыңнан 406 мың басқа кеміді дейді. Ұлттық қауіпсіздік комитеті ешуақытта қате жібермейді. Өйткені басы кететінін біледі. Ал енді қазір мынандай сұрақ туындауы мүмкін. Аштықтан 1 млн. 831 мыңнан астам халық қырылған, бірақ бұл 1932 жылғы мәлімет қой, 1932 жылы аштық жалғасты. Ал басқа мәліметтерде де осы мәселе айтылады. Мінеки, 1933 ж. Саматовтың хатында өлген халықтың саны 723,5 мың, өлген 723,5 мың адамды жаңағы 1 млн. 831,441 адамға қостық. Бәрібір жаңағы цифр шығады, 2 млн.-нан астам. Осындай жаңа деректер менде көп. Ал енді Москеевичтың мәліметімен босқындарды шығарған кезде Москеевичтың хаты бойынша, қырылғандар 1931-1933 жж. 2 млн. 351,6; 1930 ж. 6 млн. 86,7 мың адам ауылда тұрды, ал жаңа 5 млн. 800 мың еді ғой Саматовта, Москеевич айтады 6 млн. 86,7 мың адам өмір сүруде дейді. 1930 ж. Москеевичтың хатында 1933 ж. 6 млн. 86,7 мың адамнан 3 млн. 735,91 мың адам қалды дейді. Шығарып тастаған кезде 2 млн. 251,6 адам жоқ. Саматовтың хатын қараңыз, 1930 ж. 723,5 мың адамды қосқанда 1933 жылды жаңағы Саматовта кему былай болып шығады, 1933ж.

723,5 мың адамды қосқанда Саматовта 2 млн. 556,941 адам. Одан кейін мына жыл сайын 1 шілдеде Қазақстанда малдың саны жүргізілген. Малдың санағын жүргізген кезде амал жоқ, сол отбасындағы халықтың да санын санаған. Сондықтан ол санақпен де тура осылай шығады. 3,5 млн. адам кем болып шығады. Қазақтың қаншасы қырылды, қанша пайызы қырылды деген кезінде тарихшылар бірауызды емес, жаңағы мәселеде де Кабашев, Қозыбаев ағаларымыз, Әбілғожин, «Казахстанская трагедия» деп айтады ғой баяғыда, сонда Манаш ағамыз айтады, 1 млн. 750 мың қазақ қырылды дейді, бұл Тәтімовтің цифрлары. Сонымен бұрынғы толық ашылмаған ескі мәліметтерді қойып нақты дәлелдемеге сүйенгеніміз дұрыс болар. Айтпағымыз ашаршылық жылдарында 2 миллион 200 мың адам құрбан болды. Мұндай алапат қырғын қазақ жеріндегі болған соғыстардың ешқайсысында болмаған.

Бұдан әрі ашаршылық тарихы бұрмаланбау керек. Ашаршылықтың тарихын, жалпы тарихты архивта отырған адамдар жазуы керек. Архив ақтармаған адам мейлі ол академик болсын көне тарихқа бармауы керек. Мен білетін және бағалайтын тарихшылар мыналар: Қайрат Сапарғалиев, Мәмбет Қойгелдиев, мен, Хайдар Алдажұманов міне осылар архивті терең қазған тарихшылар. Мәселен Алашорда тарихын Қойгелдиев түбінен жеткізе зерттесе, мен «ашаршылық жылдарына» барынша бойладым. Ал Қазақстан тарихын, мектеп оқулығын жазуға келгенде біз далада қаламыз, бізді бұл жұмысқа жолатпайды. Бұдан не ұттық. Ештеңе ұтқамыз жоқ. Тарихымыз ұтылды. Білетін адамды бағаламайтынымыздың нәтижесі осыған әкеліп отыр. Сондықтан бізде жүйелі тарих болмайды. Тарихты жазуда Шәкәрім Құдайбердіұлын үлгі тұтуымыз керек. Бабамыз шежірені қалай жазған. Байқасақ көне тарихшылардың еңбектерін шебер пайдаланған Тарихи Рашидидан бастап батыс, шығыс ғұламаларын тегіс оқыған. Невшинді, Аристовты да қалдырмаған. Айдаладағы Шыңғыста жатып, дүниежүзінің ғұламаларының еңбектерін жете білген данышпан бабамыздың жүрген жолы бізге үлгі болса керек.

## АБАЙТАНУ



*АЖАР БОЛЕСОВА, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі.*

### АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ

Арнау өлең табиғатына Абай Құнанбайұлы үлкен сынмен қараған. Және де поэзиясының көлемді бөлігі осы арнау өлеңдеріне арналған.

Ақынның отыз беске жете арнау өлеңдері бар. Олардың жазылу себептері, шығу тарихы әр қилы. Ақынның арнау өлеңдерінің ішінде тікелей кісі аттарына бағытталған “Абралыға”, “Рақымшалға”, “Күйісбайға”, “Дүйсенқұлға”, “Шәріпке”, “Жақсылыққа”, “Көкбайға” т.б. арнауларымен қатар кімге арналғаны белгісіз, не болмаса тікелей есімі аталмаған өлеңдері де кездеседі. Әрине, сол кездегі жағдайлардың орайына қарай Кәкітайдың оларды баспаға ұсынбағанына М.Әуезов: «...Сол Абай сынаған адамдардың өзі немесе бала, бауырлары “баспаға шығарушы адамдарға өкпелейді, араздық ұстанады” деп жасқанып қалған» [1, 126], - деп түсінік берген.

Сондай өлеңдердің бірі “Күшік асырап ит еттім” өлеңінің шығу тарихы жайлы деректерге біраз тоқталсам. Біреулер ақын бұл өлеңін өзінің досы Ерболмен араздасып кеткенде шығарғаны десе, екіншілері өздерінің көп шәкірттерінің бірі Көкбайға шығарған деседі. Осы екі пікірді салыстыра кетсек.

Қазіргі Абай өмірін зерттеушілердің ақын мен Ербол достығы Тоғжанмен байланысты деп қадап айтып жүргеніне қанықпыз. Ал Ахат Құдайбердиев, Әрхам Ысқақов, Ниязбек Алдажаров үшеуі де Абай туралы естеліктерінде

Ерболдың Абайды қалай сатып кеткен оқиғасына тоқталмай өтпеген. Ахат Құдайбердиев естелігінде 1884 болыс сайлауындағы билердің өздерін Абай мен Оспан қорлағанын, бұдан былай Қажы ұрпағына қарсы шығып, ант еткендердің ішінде Ербол да болғанын айта кеткен.

Күшік асырап ит еттім,  
Ол балтырымды қанатты,  
Біреуге мылтық үйреттім,  
Ол мерген болды, мені атты,-  
дейтін өлең шумағы осы Ербол Көмекбайұлына арналған деген нұсқа бар.

Бекен Исабаев Абай мен Ербол достығының басталуы мен аяқталуына байланысты осы деректерге сүйеніп, өлең Ерболға арналған деген нұсқаны ұстанатыны жазылған. «Абайды алдаған, сатқан тек Ербол ғана ма десек те, бізше осы өлең жолдарының бәрінде де ерекше – тым құлай сенген досына деген терең түңіліс бар. Ақын зерттеушілердің күллісі ақынның өзі сенген досы Ербол еді, ендеше мына өлеңдер («Өкінішті көп өмір кеткен өтіп») де сенімді досы Ербол опасыздығы ақын ойына қайта-қайта орала берген. Әйтпесе, «Жау таяғы өтпейді» мақалын бар мағынасымен ұғатын Абай ғой деген олар» [2, 169], - дей келе осы пікірді мақұлдайтынын айтады.

“Қазақ әдебиеті” газетінің 1980 жылғы 15 тамызда шыққан санында М.Түңлікбаевтің “Бір өлеңнің тарихы” атты мақаласында: «...Ербол Абай тұрғылас, жас жағынан шамалас адам. Сондықтан да өлеңді “қиыннан қиыстыратын” сөз

## АБАЙТАНУ

зергері өзі құралпы адамды “күшікке” теңемесе керек. Демек, кемеңгер ақын “Күшік асырап ит еттім” атты өлеңін Ерболға емес, өзінен кіші Көкбайға шығарған деген жорамал шындыққа келеді» [3], - дей келе оның себебіне де тоқталып, Көкбайға арналғанын дәлелдейді. Сол Көкбай бір жылдары Тобықты руының шынжыр балақ, шұбар төс байларының бірі Оразбайға Абайды қаралап, оязға арыз жазып берген көрінеді. Осы ағаттығын уақыт өте келе білген Абай ызаланып, осы өлеңді арнаған. Шындыққа осы кейінгі нұсқасы жақын көрінеді.

Осы сияқты арнаудың кімге арналғаны көрсетілмеген: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» Абайдың 1889 жылы жазылған өлеңі. Өлеңде ақын атанудың алғышарттары алға тартылады. Бұл өлең – поэзия жанрына қойылған үлкен талап, ақынға қойылған шарттар көрінісі. Өлеңнің әр жолында сын мен пікірі айқын көрінген. М.Әуезов: «Абайдың тек бір өз басының ақындық жолындағы ізденуі ғана емес. Мұны ақындық жайында өзгеше мәні бар өлең деп ұғынуымыз керек» [4], - деп өлеңнің бар болмысын байқап берген.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінің шығу тарихы жайлы Тұрағұл естеліктерінде былай делінген: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңді Шаһкәрім қажының жас жігіт күнінде, кәрілікті жамандап, бозбалалықты дәріптеп жазған өлеңі болған.

Көкбайдың Әзірет Әлі айдаһармен алысыпты деген өлеңі болған.

Сыбан руынан, Әріп деген өлең жазғыш жігіт «Зияда» деген дастанында қызды мақтамақшы болып, суреттегенде: көзі гәуһар, іегі алтын деп, осы сықылды асыл тастарды түсіне қарамай сұлудың бетіне жапсыра берген. Сол үшеуіне ой салып, ақыл көрсетпекші болып жазған өлеңі» [5, 218], - деген деректерді келтіреді. Ал енді осы үш ақынның сынға ұшыраған өлеңдерінен мысал келтіре отырып талдасақ. М.Жармұхамедовтың құрастыруымен 1988 жылы Алматы: Жазушы баспасынан шыққан Шәкәрімнің шығармалар жинағындағы “Кәрілік туралы” өлеңі:

Қайратың қалып,  
Ақылдан танып,  
Кәрілік келсе басыңа;  
Кәдірің кетіп,

Заманың өтіп,  
Жан жуымас қасыңа.  
Кәрілік деген жұмыс бар,  
Артыңда таяу бір іс бар...

Жарығың өшіп көңілден,  
Кәрілік жаман өлімнен [6, 30],-  
деп кәріліктің еш пайдасыз жақтарын айтып, ескінің көзін жамандағанын, одан өлімді тілегені, бозбалалықты, жалындаған жастықты дәріптегеніне көзіміз анық жетеді. Табиғаттың заңын даттағанына ұлы ұстаз ақылын айта жауап айтады. Оларға:

Өлеңі бар өнерлі інім сізге,  
Жалынамын мұндай сөз айтпа бізге.  
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,  
Есіл өнер қор болып кетер түзге, -  
деп ақыл береді.

Б.А.Ердембековтің құрастыруымен 2006 жылы Алматы: Информ-Арна баспасынан шыққан Ә.Тәңірбергенов шығармалар жинағындағы,

Әріптің “Зияда – Шаһмұрат” дастанынан қызды суреттеген жерінен үзінді ұсынсам.  
Ақ маңдай, қас зүбәржат, көзі гауһар  
Назы көз, қиғаш қара қабағы бар.  
Нәсілі адамзаттан болса-дағы  
Безеген хор қызына тамағы бар [7, 239].

Осындағы асыл тастарды қыздың бейнесін, сұлулығын ашу үшін шамадан тыс қолданғандығы сынға ұшырамай қалуы мүмкін емес-ті. Абайдың аталған өлеңі - тек осы үш шәкіртіне арналған сын емес, барша “ақынмын” деп аталып жүрген ұшқыр қалам иелеріне айтылған өсиет. Осы өлеңде айтылған ой – ақынның бұған дейін жазылған “Өлең – сөздің патшасы”, “Базарға қарап тұрсам, әркім барар” өлеңдеріндегі идеяның түйіні болғаны хақ.

Көкбай Жанатайұлының “Сөз айттым “Әзірет Әлі, айдаһарсыз” деген өлеңінен шәкіртінің дін таратушы қаһармандар мен пайғамбарларды мадақтайтын қиссаларды жазуға әуестігін байқап, осы өлеңді кеңес берудің құралы деп ұқтырған.

«Біреуден біреу артылса», «Болыс болдым мінеки», «Бөтен елде бар болса» өлеңдеріне де тоқтала кетсек. Бұл өлеңдер 1909 жылғы кітапта басылған. Бірақ, бұл басылымда «Күлембайға» деген тақырып жоқ. 1933 жылғы «Толық

## АБАЙТАНУ

жинақтан» бастап «Болыс болдым мінеки» өлеңі «Күлембайға» деген тақырыппен басылып келеді.

«Абай» журналының 1992 жылғы №3 санында Ү.Сұбханбердинаның ««Дала уалаяты» газетінде басылған Абай өлеңдері» атты мақаласында былай дейді: «Күлембай Бозамбайұлы дәулетті, пысық атқа мінердің бірі болған. Абаймен жасы құрдас. 1888 жылы сайлауға түсіп, болыстыққа өтеді. Билікке қолы жеткенмен өзінен зор байларды уысына сыйғыза алмайды. Абай соны сынап жазған» [8, 1-8]. Осы өлең тек қана Күлембайға ғана емес, сол кездегі халық мүддесінен гөрі өзінің жеке басының жайын көбірек ойлайтын, бұқара халықты зар қақсатқан барлық табаны тайғақ болыстарға арналғаны тарихи шындық.

«Мәз болады болысың» өлеңінің тарихы мен сол кездегі патша үкіметінің саясаты жайлы деректер Тұрағұлдың естеліктерінде былай делінген: «1890 жылы Семейге барон Таубе деген генерал-губернатор келіп, бірсыпыра болыстарға, билерге шекпен, қылыш сыйлаған, сондағы шекпен алған болыстардың қуанғанына ыза болып жазған» [5, 224]. Расында, бұл уақиға сол кезде болған.

Арнау өлеңдерінің шығу тарихының жазылуының тағы бірден бір дерек көзі – М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы. Романда: «Осы уақытта Абай жазуын тоқтатыпты. Енді:

-Ербол! Дәрмен! - деп, екеуін қатарына шақырып алды.

Тәкежан, Қаражан, сендер де тыңдаңдар! - деп, үйдің ішін тегіс елең еткізеді де, жаңа өлеңін оқып кетті:

Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай,  
Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай,  
«Ерте барсам жерімді жеп қоям», -деп,  
Ықтырмамен күзеуде отырар бай!-

деп, бір тоқтады, айтып отырған ауылы, қазіргі өздері отырған Тәкежан ауылы екені, тыңдаушының барлығына тап еткендей таныла кетті» [10, 62-63]. Бұл өлеңде байлардың психологиялық портреті шебер берілген. «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» өлеңінің Абайдың туған ағасы Тәкежанның үй-ішіне арналуы «Абай жолы» роман-эпопеясындағы «Кек жолында» тарауының оқиғасына арқау

болғаны анық.

Абайдың Еркежанның қолына кіргенін қалжыңға айналдырған Қыздардың қылығына ыза болған Абай «Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең» деп басталатын өлеңін шығарады. Бәкең – Қыздардың руы. Ал, осындағы Абай мен Қыздар арасындағы оқиғалар «Жұлдыз» журналының 1992 жылғы №1 санында Н.Алдажаровтың «Абай туралы әңгімелер» мақаласында: «...Бәкеңнің әулетінің адалдығы, момындығы туралы Абайдың мына өлеңінен анық көрініп тұр:

Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең,

Адалдықта бар елдің зоры Бәкең,- дейді» [11, 88]. Қыздар Абаймен құрдас. Қыздар әйелін Жасбаланы ұзатқалы отырған жерінен алып қашқан. Жанбаланың қайындары Абайға келгенде, Абай қыздың басына бостандық берулерін айтады. Төленген қалың малды Қыздардың қайтара алмайтынын білген Абайдың өзі Қыздарға көмектескен. Абай мен Қыздар арасындағы аса сыйластық қарым-қатынас жайлы Абай туралы әңгімелерге құлағы қанық Н.Алдажаровтың естелік әңгімесінде молынан жазылған [11].

Абайдың жақын туыстары да ақын сынынан аман қалмаған. Абайдың құдасы, кейіннен күйеу баласы Дүтбай Уандықұлына арнаған өлеңі бар. Дүтбай алғашында Абайдың қызы Гүлбаданды інісі Дүйсекеге алып береді де, Дүйсеке қайтыс болған соң, әмеңгерлік салтымен Гүлбаданды өзі алады. Абай бұған наразы болған. Ділдадан туған тұңғыш қызын Абай ер баладан кем көрмеген. Қалада орысша оқытқан. Гүлбаданмен қоса ауылда қызы Райханды, Ысқақтың қызы Рахима, Ызғұттының қызы Хадишаларды тағы басқа ауыл қыздарын жинап оқытқан. Абайдың рұқсатын алмай келінінің үйіне кіріп алып, айыпты болып келген Дүтбайға алдарына ет келгенде Абай «бұрын бас ұстап, жамбас жейтін құда едің, енді ана төсінді ұста» деген екен. «Бүксіп, бықсып аржағы» деген сөзімен Дүтбайдың осы бір болымсыз әрекетін дөп басқан ғой ақын.

Мұнды, жылмаң пішінін

Кезек киіп ел жиып,-

жүрген екіжүздінің «Сөзі мен өзі бөлініп» екі сөйлеген мінезін:

Қулық емес, бұл бір дерт,



## АБАЙТАНУ

Тұрлауы жоқ құбылып,- дейді. Осыған қарап Дүтбайды осал деуге болмас. Көкбай ақын бір өлеңінде Дүтбай туралы «Дүтім кетсе, Көкшенің құты кетер» деп тегін айтпаса керек. Абай Қоңыр Көкшеде болыс болғанда қасына серіктікке Күлембай Бозамбайұлы, Жанатай Жамантайұлы, Нұрамбай Күлембайұлы, Дүтбай Уандықұлдарын алған екен. Демек, Абайдың Дүтбайға қарата айтқан сөзін – жанына ауыр тиер іс қылған жақын адамына реніш, өкпе арта сөйлегені деп түсіну керек.

Абайдың сыншылдығы, турашылдығы, сөзді тауып айтуы және де тіл өткірлігі нағашы жұртынан дейді. Абай бойындағы ақындығының бір парасын осы ана сүтінен алған. Ақынның нағашы жұртынан алған үлгі-өнегесі де аз болмаған. Арысы атақты Битен мен Шитен, бергісі әйгілі шешен, әзілқой, тапқыр, мысқылшылдар – Қантай, Тонтай, Жонтайлар. Ұлжанның әкесі Тұрпан – Тонтайдың інісі. Осы бойға тараған сыншылдық, өткірлік ақынның арнау өлеңдерінен көп көрінеді.

«Кім екен деп келіп ем түйе қуған» деп басталатын бір шумақ өлең осыған дәлел. Өлең ел ішінің бір қариясының аузынан жазып алынған. Ол ақсақал жас жігіт күнінде ауылындағы бір әйелді төркініне ертіп барады. Төркіндері бір жауыр айғыр береді. Жауыр айғырды алып келе жатып, Құнанбай ауылының жолда жатқан түйелерінің арасын аралап өтеді. Оларды көре салып, он жасар бала Абай ауылдан тайға мініп, шауып келіп, әлгілердің аты-жөнін сұрап алып, қайта бұрылып бара жатып, осы өлеңді суырып салып айтқан екен.

Түңлікбайдың қатыны Шәріпке айтқаны:  
Түңлікбайдың қатыны, атың – Шәріп,  
Байға жарып көрмеген сен бір кәріп,  
Сен – шыққан жол үстінде жалғыз түп ши,  
Көрінген ит кетеді бір-бір сарып,-

деп ел ішінде қарабет болған Шәріпті масқаралайды. Дәл осы тақырыптағы Қайранбай деген замандасына қарата айтқаны:

Әйелің – Медет қызы, аты Ырым,  
Айында бір жумайды беттің кірін.  
Ер кезек ер жігітке үшке дейін,  
Бір боқты тағы бас та және сүрін.

Бұл өлең де алғаш рет, 1945 жылы жоғарыда аталған «Екпінді» газеті мен «Майдан»

журналында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинаққа енгізілген (275-бет). Берілген түсінікте: «Әйелің Медет қызы, аты – Ырым» деген бір ауыз өлең де 1940 жылы ел аузынан жазылып алынып, бұл жинаққа тұңғыш рет басылды. Жинаушы – Қайым, Архам мен Қайымның айтуынша: Абайдың замандасы Қайранбай дейтін жігіт кезінде әйеліне көңілі толмай, «әйел аламын» дегеніне қаратып айтқан екен» (458-бет).

Осындай сынға іліккен ауылдасы бірнеше рет қатын тастап, Жақып дегеннің ауру қызын алған ауылдасы Дүйсенкүл еді.

Саудайы-ай, сауды алмадың-ау, сырқауды алып,

Бір пәлеге жолықтың шырқау барып.

Ала жаздай көгалды бір көрмедің,

Сары жұртқа қондың ба ірге ауып? -

деп келтірген. Бұл бір ауыз өлең де ең алғаш 1933 жылғы жинақта, «Мырзағұлға» деп аталып, жылы белгісіз өлеңдер қатарында басылған (231-бет). 1939 жылғы жинақта да жылы белгісіз өлеңдер қатарында «Дүйсенкүлға» деген атпен басылған (233-бет). Өлеңге берілген түсінікте: «Саудайы-ай, сауды алмадың-ау» деген өлеңді бұдан бұрынғы баспада «Мырзағұлға» деп басып едік. Дәлінде ол Мырзағұл емес, соның ағасы Дүйсенкүлға арналған екен. Бұл Абайдың Жақып деген ағайынының күйеуден қайтып келіп отырған ауру қызын алса керек. Өзі бұрын қатын тастағыш болса керек. Және қатын тастағанда қыз алмай, ылғи байсыз отырған қатынды алады екен. Сондай жайларына мысал етіп айтқаны», - делінген (275-бет).

Тағы бір тікелей есімі аталмаған арнау өлеңдерінің бірі - «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!».

Бұл өлең алғаш 1933 жылғы жинақта «Жылы белгісіз өлеңдер» (бәрі де бұрын басылмаған) ретінде басылған [12, 231]. Ал, «Абай» журналында жарияланған академик-жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абайдың туысы мен өмірі» атты мақаласында осы өлеңге қатысты мынадай деректер берілген: «Толық жігіттік шағына жетіп, үлкендікке мойын қоя бастаған кезінен «Сап-сап көңілім, сап – көңілім» деген бір өлеңі табылды. Біздің мөлшерімізге қарағанда бұл өлең 25-26 жастарында жазылған сөз болу керек» [13, 29], - деп өлеңнің қай жылы басылғанын нақты айтпай, тек болжау ғана

## АБАЙТАНУ

жасайды. Аталған өлеңге тұңғыш рет толығымен түсініктеме жазылып 1939 жылғы жинақта басылған.

Өзінің сүйгеніне дидарласып қайтқан бір сапарында қолға түсіп қала жаздап, жүйрік атпен зорға құтылса керек.

Сол оқиға үстінде кездескен замандасы Жолжақсы деген адам, Абайға қарап:

Ақылыңа қарасам, данасы,  
Жүрісіңе қарасам, баласы,  
Ат шабалмай жығылса,  
Қолға да түсіп қаласы,  
Бұл шіркінді,  
Мұнша күйттеп не қыласың! [14], -

дегенде Абай:

Сап-сап, көңілім, сап көңілім.  
Саяламай, сай таппай,  
Не күн туды басыңа,  
Күні-түні жай таппай?  
Сен жайыңа жүргенмен,  
Қыз өле ме бай таппай?  
Қарсақ жортпас қара адыр,  
Қарамай неге шабасың?  
Сонда тәуір бола ма,  
Ұстап ап біреу сабасың?  
Киіміңді тонасын,  
Елге де күлкі боларсың, -

деп, бір төбенің басына барып «Сап-сап, көңілім, сап көңілім» деп өзіне тоқтау айтып шығарған өлеңі екен.

Бұл өлеңнің шығу тарихына байланысты екіжақты пікірде, бірі: Абай осы өлеңді жас кезінде Сүгір қызына арнаған десе. Ал, екінші бағыттағы зерттеушілер, бұл өлеңді Сүйіндік қызы Тоғжанға арналғанын айтады. Дұрысында осы – ақырғы айтылған нұсқасы. Әрхам Кәкітайұлының «Абайдың өмір жолы» атты естелігінде Абайдың Тоғжанға деген сезімі, ақын өміріндегі бірінші рет ұмытылмас із қалдырған сүйіспеншіліктің басы осылай басталғанын айта келіп: «Абайдың «Сап-сап көңілім, сап – көңілім» дейтін өлеңі осы Тоғжан жайында жазылған» [15, 38], - деп екінші нұсқаны нақтылай түседі. Осыған байланысты ел аузында кейбір жайттар айтылған.

Бір жылы жазғытұры Абай Бөкенші жері Қарауыл өзенінің басындағы Сүйіндік аулына келіп өзінің әзілдес қызы Тоғжанға дидарласып қайтарында Тоғжанның ағалары Асылбек, Әлібектер сезіп қоятын болған соң, дереу атына

мініп қашқан. Қасында досы Ербол бар екен. Сол қашқаннан Қыдыр дейтін қара адырмен құлдилап шабады. Ақыры бір төбенің басына барып отырғанда өзіне өзі тоқтау етіп осы өлеңді айтыпты.

1909 жылғы Абайдың жинағында Кәкітайдың арнау өлеңдерінің кейбір жолдарын, шумақтарын, не болмаса кісі аттарына байланысты кейбір жайттарды сол кездегі жағдайлардың орайына қарай баспаға ұсынбағанына байланысты академик-жазушы М.Әуезов былай деп түсініктеме берген: «...Сол Абай сынаған адамдардың өзі немесе баласы, бауырлары “баспаға шығарушы адамдарға өкпелейді, араздық ұстанады» деп жасқанып қалған» [1, 126]. Міне сол жай осы аталып отырған өлең жолдарына да қатысты айтылған. Оған дәлел келтіре кетсек, 1945 жылғы жинақта өлеңнің жазылуы туралы түсініктеме және Тумабайдың айтуынша:

Егер адал жүргенде,  
Тіпті жолың болмай ма,  
Қыз ағасы Әлібек,  
Ұстап ап дүре салмай ма, -

деген бір шумақты Кәкітай баспаға бергенде ағайын арасы ащы болмасын деген оймен әдеп сақтап алып тастапты [16, 455]. Осы жолдың алынып тастауы – өлеңнің шығу тарихын анықтауда біраз кедергілерді тудырғаны шындық. Сондықтан да осы өлеңнің кімге арналғаны туралы екіжақты пікір болғанын көреміз.

Әрхам Ысқақовтың «Абайдың өмір жолы» [17] атты естелігінде де «Жалындаған жастық құмары шешіліп, Тоғжанымен көңіл қосады. Абайдың өміріндегі бірінші рет ұмытылмас із қалдырған сүйіспеншіліктің басы осылай басталған» - деп Абайдың «Сап-сап көңілім, сап, көңілім» дейтін өлеңі осы Тоғжан жайында жазылғандығын айта кетеді.

Ал енді осы өлеңнің басты кейіпкері Тоғжан туралы тоқталып өтсек. Тоғжан мен Абайдың алғаш кездесуі академик-жазушы М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Абайдың Сүйіндік ауылына келіп, Тоғжанды алғаш көруін, ақын жүрегінде өшпес із қалдырғанын, тебіренген Абай көзімен Тоғжан келбетін былай суреттеген: «Толықша келген, аппақ жүзді, қырлы мұрын, қара көз қыздың жіп-жіңішке қасы да айдай боп қиылып тұр.

## АБАЙТАНУ

Қарлығаш қанатының ұшындай үп-үшкір боп, самайға қарай тартылған қас жүрекке шабар жендеттің жебесіндей» [18, 124].

Р.Нүсіповтің «Абай» журналының 2008 жылғы №3 санында жарияланған «Сүйіндікқызы Тоғжан туралы ұрпақтарының мәліметтері» атты мақаласында Тоғжан ұрпақтарының бірі қазіргі Ұржар ауданы, Мақаншы мекенінде тұратын Камалхан Садуақасқызы Несіпбекова апамен сұхбатынан біршама мәліметтерді тілге тиек еткен.

Р.Нүсіпов Тоғжанның шөбересі Камалхан апа берген деректерге сүйеніп былай дейді: «Тоғжан Найман ішіндегі Төртуыл руынан шыққан Бодықпайға ұзатылып, екеуінен төрт ұл болыпты: Жүніс, Сүлеймен, Мұстафа, Нұрсафа (Тоғжанның үлкен ұлы Жүністен Садуақас, Садуақастан Камалхан)» [19, 77].

Абай Тоғжаннан бес жас үлкен, ал Тоғжанның атастырған Бодықбай мен Тоғжанның жас айырмашылығы үш жас. Демек, 1850 жылы туғаны анық.

Ал, Р.Нүсіповтің аталған мақалада: «Абай Тоғжанның құтты жерге түскенін көзімен көріп, риза болып, Бодықбайға арнап «Ақ Қозы» деген өлең шығарыпты. Абай Бодықбайды Қозы Көрпешке теңеген екен. Сол өлеңді 1970 жылдары Рақымбай деген кісі ауырып жатқанда інісі Шерікбаев Әкімбайға беріпті. «Әкімбай өлеңді маған оқып берген еді. Амал бар ма, жазып алам деп жүріп, кейін табылмай қалды», - деп өкінеді Камалхан апа» [19, 78], - дей келіп, осы өлеңді іздестіру нәтижесі өкіндіретінін айтқан. Аталған өлеңді іздестіру - әлі де болса, үлкен жұмыстардың бірі.

Тұрмыс тауқыметі тоздырса да, Тоғжан өте ұзақ өмір сүріпті. 1941 жылы тоқсан бір жасында дүниеден өтті. Сүйегі қытайдың Шыңжан автономиялық ауданының Шағантоғай аймағында, Сарыбөктер деген жерде. Жүністің баласы, немересі Ақатайдың үйінен шығарылыпты.

Сонымен, «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!» атты өлеңнің шығу тарихы жайлы деректерге көз жүгіртсек, бұл арнау өлеңнің басты кейіпкері – Сүйіндікқызы Тоғжан.

Абай әндерінің туу тарихы жөнінде ел арасында әртүрлі әңгімелердің болғаны аян. Сол әңгімелердің біразын келтіре кетсек. Соның бірі

– «Айттым сәлем, қалам қас» әні заманында бет біткеннің сұлуы болған әрі ақылды, әрі кербез, өзі ескіше сауатты Әділхан деген төренің жесір қалған әйеліне арналып еді деген сөз.

«Абайдың жігіт шағында аса жақсы көрген әйелінің бірі – Керей Сағындықтың қызы екен. Бұл кейін Әділхан төренің әйелі болады. Абай екеуінің тәттілігі көпке дейін үзілмеген. Бергін келгенде Әділхан өліп, сол әйел жесір қалып, өзге күйеуге тимей отырып, Абайға үлкен бір әдемі өлеңмен сәлем хат жазады:

Ей, мырза, ғаріп міскін сөзін тыңда,  
Болса да кем-кетігі жария қылма.  
Сайраған бақ ішінде бұлбұл едім,  
Кітаптар бұл қапасақ қылды құда...

Ішінде көп жапалақ сіз бір сұңқар,  
«Асылды асыл билер» деген сөз бар,  
Миуасы салбыраған бәйтерексің,  
Қонуға бұтағыңа үмітім бар.

Ақ сұңқар Сіз ішінде бір топ қарға,  
Жай жатып жар қылмаңыз жалшыларға.  
Сайлансаң аға сұлтан тезірек кел,  
Білезік ауып кетер шар салғанда.

Сіз үшін мен ризамын айдалуға,  
Көңілім бар бір орынға сайлануға.  
Дидарың көзден ғайып тұрған уақыт,  
Көлеңкең табылмай тұр айналуға.

Бұл дүние Сізден де өтер, бізден де өтер,  
Тез ғашық мұратына жылдам жетер.  
«Кемеліне келтірем» деп жүргенде,  
Пәниден шолақ дүние өтіп кетер» - деген. Кейбір зерттеушілер осындай құлаққа тиген аңыз-сөздерді шын дерек ретінде қарап, тіпті «Әділхан төренің ол әйелінің аты Қаламқас еді», «Айттым сәлем, қаламқас» әні осы келіншекке арналған деп орынсыз болжал жасайды. Шындығына келгенде Абай атамыз жайында мол деректер берген, ақын алдын көрген Мадияр, Қатпа, Арқам, тағы басқа да адамдар архивте жатқан өз естеліктерінде бұл әйелдің өз аты мәлім болмағанын, төре қатыны болғандықтан «ханым», «Бүбі» деп атағанын тілге тиек етеді.

1992 жылғы Абай журналының №4 санында шыққан М.Ыбырайұлы: «Анығына келгенде

## АБАЙТАНУ

«Айттым сәлем, қалам қас» сөзі мен әні Абай атамның тұңғыш сүйген жары Сүйіндіктің қызы Тоғжанға арналғандығы жөнінде деректер ел арасында молынан сақталған. Кейбіреулердің «жоқ олай емес, бұл ән «Сүгірдің қызына арналыпты» деген» пікір де жаңсақ айтылған. Әннің Тоғжанға арналғанын ұлы Мұхаңнан бастап іргелі Абай зерттеушілері баяғыдан-ақ анықтап, жә дескен бір тоқтамға келген болатын» [20, 7], - деп өзіндік пікірлерін келтіре кеткен. Бұл әннің жазылу тарихы жайында тағы біраз деректерді ұсына отырып, шындығына жетуге талпынып көрейік.

Құнанбай мен Тана мырзаның достығы, сыйластығы ерекше болған. Өскенбай бидің асын басқарған адамның бірі Тана мырза десек, сол Тана 1863 жылы Көкпекті-Самар жерінде мешіт салдырып «Тана мешіт» ауылына досының көңілін жұбата, әрі салынып біткен мешітке құтты болсын айта Құнанбай қасына жиырмаға толмаған Абайды ерте келеді. Осы сапарында Абай Тана мырзаның інісі Жәнібек батырдың қызы Тұржан сұлуға ғашық болады. Тана мырзаның бауырында өскен ерке қыз – Тұржан сұлуды жеңгелері «Қаламқас» деп еркелеткен. Екі жас бір-бірін ұнатқан. Абай Ділдәға құда түскен болса, Тұржан сұлу да Байжігіт елінің Өзіхан деген жігітке бала кезінде атастырылған. Әрине, жүрек қалаулары жарасқан екі жасқа бұл онша қиын кедергі емес еді. Құнанбай мен Тананың «бай байға құяды» деген ішкі ниеттеріне дөп келетін де ме еді осы құдалық? Алайда, тағдыр жолы басқаша болды. Тананың ордасының сыртында соқыр түйесін балағаттап «көзіңді..., қу, соқыр» деген біреудің сөзі жарасқалы келе жатқан құтты құдалықтың шырқын бұзады. Тананың жік-жапар болып, әлгі жігітке ат-шапан айып кестіргеніне қарамай, Құнанбай Танаға:

- Әдейі істетіп отырсың,- деп аттанып кетеді. Осы оқиғаның соңында «Түйені соқыр десең, Құнанбайға тиеді» – деген сөз қалады. Абай мен Қаламқастың жалғасын таппай, сөніп қалған махаббаты қалады. Қаламқас қызға арналған ынтық сезімі:

Айттым сәлем, қалам қас,  
Саған құрбан мал мен бас.  
Сағынғаннан сені ойлап  
Келер көзге ыстық жас,-

деп басталып сезімді елітер жақсы өлеңі әдемі әнмен көмкеріліп, қазақ даласын шарлап кетеді. М.Әуезов дерегінше «Тұржан сұлу Сабан ішіндегі Быжы деген өзбекке тиіп тұрғанда, Абай әдейілеп барып амандасып қайтып жүрген». Әуезов келтіретін Тұмабай Наданбайұлының естелігі арқылы Тұржан сұлу мен Абай арасындағы ащылау сөз қағысы да жеткен. Мешіт салып, мектеп ашып, орыстан қашқан мұсылман (татар) ағайындарды бауырына тартқан игі істері бір арнаға тоғысып жатқан ойы ортақ, істер ісінің бағыты бір Құнанбай мен Тананың бұл араздығы алысқа бармаған. Ашуын ақылға жеңдірер атпал азматтар араға жылдар салып құда болысады. Тананың қарындасы – Тектіні Құнанбайдың Ысқағы алады. Одан Абайдың жақсы көретін шәкірт-інісі Кәкітай туады. Қазақ халқының кең арналы музыкалық мәдениетінің дамуына айрықша ықпал етіп, өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Абайдың әндерінің де қилы жолдар мен, алуан түрлі әншілердің орындауымен көбінесе ауызша түрде таралғаны және олар халықтық репертуарға айналып кеткені мәлім. Өйткені олардың өзіндік музыкалық лексикасы, ырғақ өрнектері барлық бітім-болмысы өзгеше туындылар екені даусыз. Абай «Айттым сәлем, қалам қас» өлеңі арқылы кәдімгі қазақ дәстүріндегі «Амандасу», «Сәлемдесу», «Сәлемдеме» сияқты әдет-ғұрыпқа қайшы келмейтін жаңа бір прогрессивті «Сәлем хат» атты жаңа бір жанрды қалыптастырған.

Өлеңнің жетінші шумағы 2005 жылғы жинақта:

Етің етке тигенде,  
Демің тиіп сүйгенде,  
Тән шымырлап, бой еріп,  
Ішім оттай күйгенде,-

деп келеді. 1909 жылғы жинақта төртінші жолы:

«Бой шымырлап, тән еріп», -

деп берілген. Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің бірінші шумағында «Шымырлап бойға жайылған» деген жолдар бар. Расымен де, бойды шымырлатып әкетеді деген тіркестер кездеседі. Сондықтан да бұл шумақта сөздердің орны ауысып кеткендігі айқын көрініп тұр. Дұрысы:

Етің етке тигенде,  
Демің тиіп сүйгенде,  
Бой шымырлап, тән еріп,  
Ішім оттай күйгенде,-

## АБАЙТАНУ

болу керек. Және де соңғы шумақтың екінші жолы 2005 жылғы жинақта: «Аш бетінді, бері қарат», - деп келсе, 1933 жылғы толық жинақта: «Аш бетінді бір қарат» [12, 122] деп басылып жүр.

Ақынның арнау өлеңдерінің көпшілігі өзінің үй-іші, туғандарына арналған. Оспанға, Әбдірахманға арналып жазылған жоқтау сарыны басым өлеңдері Абайдың мұң-наласынан туған жырлар. Бұл топқа жататын өлеңдер 1909 жылғы жинаққа енбеген. Бұл өлеңдердің шығу тарихы жайлы білу арқылы Абай өмірінің елеулі бір кезеңін білуде маңызы зор тарихтық мәні барлығын М.Әуезов өз зерттеулерінде көрсетіп өткен. «Абай жолы» ақын өмірінің аса елеулі кезеңін суреттеуде аталмыш өлеңдерді танып білудегі танымдары тереңдей береді. Роман тарауларындағы оқиғалар желісіне арқау болған Абай өлеңдеріндегі Оспан, Әбдірахман жайлы арнау өлеңдеріндегі нақтылы дерек көзі – М.Әуезов зерттеулері нәтижесінде сол дәуір шындығын, тарихи оқиғалар ізін тануға мол септігін тигізді. Арнау өлеңдерінің осы тобы ақынның алғашқы жинағына енбеген.

Абайдың алғашқы жинағына кірмей қалған өлеңдері мен шығармалары туралы ғылыми нақты мәліметтерді де М.О.Әуезов еңбегінен табамыз. Онда Әуезов: «Кәкітай Абай шығармаларынан қара сөздерді түгелімен алып қалған. Онан соң ақынның бас тіршілігі аталып айтқан көп көркем жырлары басылмаған. Мысалы, Абайдың аса сүйікті баласы Әбдірахман ауырып жатқанда, кейін сол қаза болғанда шерленіп шығарған сан алуан шебер жырлары баспаға берілмей қалады. Кәкітай ол өлеңдерді Абайдың өзіндік, үй ішілік сыры ғана деп ағат ұғынып, көпке танытудан іркіліп қалған. Онан соң, Абайдың ел жуандарының, атқамінерлерінің талай бұзық мінездерін әдейі нақтылап арнап айтқан сатиралық сөздерді баспаға берілмеді. Сол қатарда: «Абыралыға», «Дутбайға», «Күлембайға», «Қыздарға», «Көкбайға», тағы сол сияқты сыншы өлеңдері баспаға берілмей қалған. Кейбір «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» деген сияқты көпке мәлім атақты өлеңінің екі шумағы Кәкітай бастырған жинақтап және шығарылып тасталған.

Жалпы бұл алуандас өлеңдерді Кәкітай баспаға бермеудің себебі белгілі. Сол Абай

сынаған адамдардың өзі, немесе бала-бауырлары «баспаға шығарушы адамдарға өкпелейді, араздық ұстанады» деп жасқанып қалған.

Осындай себептердің салдарынан Абай шығармаларының жарымына жуығы Кәкітайдың бастыруында жарыққа шықпай қалады деген [1, 25-26].

Ақынның арнау өлеңдерінің көпшілігі болашағынан үлкен үміт күттірген, өмірлері қыршыннан қиылған ұлдарын жоқтап жазған өлеңдері құрайды.

Құнанбай Абайға Қазыбек бидің неменесі Ділданы айттырады. Ділладан туған Әкімбай деген баласы жастай дүниеден өтіп, ата-анасының қабырғасын қайыстырған. Әкімбайды жоқтап:

Ата-тегің мұндағы –  
Орта жүздің ұлығы.  
Ана тегің ондағы –  
Өзен судың тұнығы.  
Екі асылдан қосылған  
Сом алтынның сынығы.  
Өлгенше естен қалмайды  
Өзгеше біткен қылығы,-

деп ұлын жоқтауы, Абай Әкімбайдың әлі де бүршік жара қоймаған ерекше қасиетін танып, «иманын айтып кеткен», «өзгеше қылықты», «орамды тілді ауыздым» дегені ақын жүрегіне жас өлімнің қаншалықты батқаны сезіледі.

Екінші Абайға ауыр тиген жаза сүйікті ұлы Әбдірахманнің дүниеден өтуі. Әбдірахманға бірнеше өлеңдер топтамасын арнайды. Өлеңдердің барлығында сүйікті ұлын жоқтаған әкенің мұң-зары білінеді.

«Я құдай бере көр» деп басталатын өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған.

Я, Құдай бере көр,  
Тілеген тілекті.  
Қорқытпай орнықтыр  
Шошыған жүректі.

Осы бірінші шумақтағы соңғы жол күмән туғызары сөзсіз. 1933 жылғы жинақта:

Қорқытпай орнықтыр  
Шошынған жүректі [12], -

деп берілген. Осы 1933 жылғы жинақтағы нұсқасы шындыққа жақын келеді. «шошыған жүректен» гөрі «шошынған жүрек» деп айтылады. Қ.Мұхамедхановтың «Абай шығармаларына ғылыми түсініктер» зерттеуінде

## АБАЙТАНУ

де осы 1933 жылғы жинақтағы «шошынған жүрек» тіркесін дұрыс деп таныған.

Дәл осы өлеңнің он төртінші шумағын қарасақ, соңғы 2005 жылғы жинақта:

Сарғайды жүзіміз,  
Сарылды көзіміз.  
Қатайып сауықсаң  
Сағынған өзіңіз.

Осындағы «қатайып сауықсаң» деген тіркес туралы айтсақ, 1933 жылғы жинақта:

Сарғайды жүзіміз,  
Сарылды көзіміз.  
Сақайып сауықсаң  
Сағынған өзіңіз [21, 151],-

деп берілген. Қ.Мұхамедхановтың «Абай шығармаларына ғылыми түсініктер» зерттеуінде: «Мүрсейіт «сақаю» деген сөздің мағынасын түсінбей барып, «қатайып» деп өзінше өзгертіп жазып қателескен болуы керек», - дейді. Өлең мазмұнына «қатайып» емес «сақайып» дегені келеді. Себебі, сақаю деген – ауырудан жазылу, тәуір болу, сауығу мағынаны береді. Ал, «катаю» деген ондай мағынаны бере алмайды. Сондықтан да Қ.Мұхамедханұлының берген жорамалы шындыққа келеді. Мүрсейіт көшіру үстінде сөздің мағынасын түсінбей өзінше өзгертіп жазғанға ұқсайды.

«Біреуден біреу артылса» – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған. Өлең 1933 жылғы «Толық жинақтан» бастап, «Әсетке» деп аталып, басылып келеді.

1933 жылғы жинақта берілген түсінікте: «Біреуден біреу артылса» деген өлеңді Әсет деген ақынға айтқан. Мұны 1889 жылы балалары үшін сақтаған еді. Әсет терісі тар, ызакор, өзін өзі әлденелік көріп отыратын адам еді. Сол мінезінен шығарып айтқан», - (325-бет) делінген.

«Баймағамбетке қатынының атынан шығарылған өлең» – «Ажының жақсы қызы едім» деп басталатын екі ауыз өлең ең алғаш Абайдың 1933 жылғы жинағында жарияланған. «Ел аузында айтылып жүргенінен алынған. Абайдың Баймағамбет деген көршісі алты ай жаз әйелінің қасына бір жатпай тентіреп кете бергенін мінеп, соның әйелі атынан қалжындап жазған өлеңі» [12] - деген түсінік берілген.

«Қатыны мен Масақбай». Бұл өлең де тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта басылған (189-бет). «Бұл өлеңді Масақбай мен қатыны атынан

айтқан – Абай. Масақбай Абайдың інісі Ысқақтың ауылдасы екен, әйелімен екеуі ұрсыса береді екен», - деген түсінік жазылған.

Рахымшалға («Сұлу аттың көркі жал»). Өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған. «...Өлеңді Абай Көжекбай дегеннің баласы Рахымшалға айтқан. Рахымшал жасында бос, болжыр екен және бала күнінде тәрбиесіз болған. Абай өз балаларына жаман үлгі беретін болған соң Көжекбайды қасынан көшірген. Бір жолы кешке дөң басында отырып, соның осындай бір мінезін көріп айтыпты. Көжекбайды Абай өз қасында ұстап, асырап отырған», [12] - деп тарихы жайлы түсінік берген.

Абайдың арнау өлеңдерінің жазылу тарихы – үлкен бір зерттеу еңбектің қанжығасына дәл келеді. Осы тарауда аталып өткен бірсыпыра өлеңдердің өзі әлі де қаншама толықтырулар мен дәлелдерді қажет етері сөзсіз, сондықтан да әлі де осы тақырып төңірегінде зерттеулер жүргізіліп, талай тың мәліметтер болары айқын.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. - Алматы: «Ғылым» баспасы, 1967. – 391 бет.

2. Исабаев Б. Ұлылар мекені. – Алматы: «Информ-Арна», 2010. – 336 бет.

3. Түңлікбаев М. Бір өлеңнің тарихы // Қазақ әдебиеті. 15 тамыз, 1980 жыл.

4. Абай энциклопедиясы. Бас ред. Р.Нұрғалиев. - Алматы. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы. “Атамұра” Баспасы, 1995,-720 бет.

5. Абайдың ақын шәкірттері. Дайындаған Қ.Мұхамедханұлы. Тұрағұл естелігі. - Алматы. Дәуір, 1993.-224 бет.

6. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, [А.Құдайбердиев.] – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 бет.

7. Тәңірбергенұлы Ә. Шығармалары: өлеңдер, айтыстар, қисса-дастандар. Құраст. Б.А.Ердембеков. – Алматы: «Информ-Арна», 2006. – 520 бет.

8. Сұбханбердина. «Дала уалаяты» газетінде басылған Абай өлеңдері// Абай. №3, 1992. – 1-8 беттер.

9. Әуезов М. Абай жолы. Роман эпопея.

## АБАЙТАНУ

Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 1990. – 619 бет.

10. Алдажаров Н. Абай туралы әңгімелер// Жұлдыз. №1, 1992. – 80-103 беттер.

11. Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. Жинаушы. Әуезұлы Мұхтар. Қарап шығып сөз басын жазған: Жансүгірұлы Іліас. - Қазақстан баспасы, 1933 жыл.

12. Әуезов М. Абайдың туысы мен өмірі// Абай. №2, 1992. -29 бет.

13. Жиреншин Ә. Таңдамалы еңбектер. – Алматы,

14. Абай туралы естеліктер. Бірінші кітап. – Семей: Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2010. – 260 бет.

15. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. - Алматы, 1945. -320 бет.

16. Ұлы Абайға адалдық. Естеліктер, мақалалар, суретті шежірелер. Әрхам Ысқақов «Абайдың өмір жолы» естелігі. – Семей, 2005. – 304 бет.

17. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы: Жеті жарғы, бірінші кітап: Абай. 1997. – 320 бет.

18. Нүсіпов Р. Сүйіндікқызы Тоғжан туралы ұрпақтарының мәліметтері// Абай. №3, 2008. – 77 бет.

19. Абай. №4, 1992 жыл.

20. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы. – 2005. – 296 бет.



## ШӘКӘРІМТАНУ



*ШАҒАН ЖАНАЕВА, филология ғылымдарының кандидаты, «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері», Семейдің М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж директоры.*

### АХАТ ШӘКӘРІМҰЛЫ ЖАЙЫНДА БІР ДЕРЕК

Семейдің М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің 100 жылдық мерейтойына (2003 ж.) орай, сол оқу орнының арғы-бергі тарихын зерделей отырып жазған «Ұлт ұлыларының рухани бесігі» атты мақаламызда біз аталмыш білім ордасының семинариялық кезеңінде (1903-1919 жж.) – М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Қ.Сәтпаев сияқты ұлт зиялыларының, ал қазпедтехникум кезеңінде Ә.Марғұлан мен Шәкәрімнің ұлы, ақын, ұстаз Ахат Құдайбердиевтің оқығандығын атап өткен едік.

Тоталитарлық жүйенің тұсында «халық жауының баласы» ретінде қудаланып, Сібірдің қатал табиғатына айдалса да қажымаған, әке алдындағы перзенттік борышын адал өткерген Ахат Құдайбердиевтің тағдыры кейінгі ұрпаққа өнеге. Алмағайып қилы заманның тезіне түсіп, тағдыры таразыға тартылған сәттерде де әкесі Шәкәрімнің әдеби мұрасын қорғауда табандылық, қайсарлық танытқан Ахат Құдайбердиев болашаққа үміт артып, әке есімінің ақталатынына сенді. 1961 жылы, елге бір келгенінде, жапан түзде нақақтан нақақ атылған Шәкәрімнің 30 жыл көмусіз қалған сүйегін заман қыспағына қарамастан құр құдықтан қазып алып, ағасы Абайдың қасына жерлеуін тектіліктің еленбей қалған бір ерлігі дегеніміз абзал.

Халқымыздың рухани мұрасының қазынашысы, зерттеуші ғалым Қайым Мұхамедханов Шәкәрім мұрасының ұлт

жадында сақталуына А.Құдайбердиевтің сіңірген зор еңбегі туралы былай дейді: «Ахат марқұм әкесінің көзі тірісінде, әсіресе, әкесі өлгеннен кейін, оның кітап болып басылып шыққан шығармаларын да, басылмаған қолжазбаларын да ерінбей-жалықпай ұқыпты көшіріп жазып отырған. Және бір рет емес, бірнеше рет, араб әрпімен және орыс әрпімен де көшіріп жазып, Қазақ ССР Ғылым академиясына, Пушкин атындағы Орталық кітапханаға (Алматы) тапсырған. Ахат дүниеден қайтар алдында өзінде сақталған қолжазбаларын (әкесінің әдеби мұрасын) Семейдегі Абай музейіне тапсыруды өсиет еткен».

А.Құдайбердиевтің соңғы 24 жыл бойында араласып, қасына ерген рухани інісі, өнертанушы, әнші-композитор Арғынбек Ахметжанов: «Ахат аға барынша білгір, ақын, оқыған-тоқығаны, айтар ән-жыры ұшан-теңіз, ел жәйін, жер жәйін, әкесі Шәкәрім жәйін айтқанда тек құйып алатын құйма құлақ қана керек болатын. Ахат аға аса әңгімешіл кісі еді. Ескінің көзін көрген, көкірегі көріктей, ертеде біздің елде болған Нысан абызды көз алдына елестететін. Мен өмір бойы бұл кісінің көп білетініне, жатқа айтатын ән-жыр, әңгімесінің ғажаптығына, әкесі Шәкәрім шығармаларын өз өмірінің мазмұны еткеніне қайран қаламын. Қазір қарап отырсақ, өз архивіндегі өзі жазған шығармалар жинағы да әкесі Шәкәрім шығармаларының көлемінен кем соқпайды екен. Ахат аға туралы жазылар сыр көп» - деген пікір



## ШӘКӘРІМТАНУ

айтады.

А.Құдайбердиев өзінің қуғынды-сүргінді тағдырына қарамастан, әкесі Шәкәрім мұрасының жинақтаушысы, жоқтаушысы, жанашыры болумен қатар, соңына әдеби бай мұра да қалдырды.

А.Құдайбердиевтің өлеңдері «Ахат» (1992 жыл), «Ақын аманаты» (2000 ж.) деген атпен жеке-жеке кітап болып басылып шықты. Кітаптарды баспаға әзірлеп, шығарушы – А.Құдайбердиевтің өз баласындай жақсы көрген інісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, суретші Мақаш Әлиәпбаров.

Ахаттың 11 әні «Қазына» атты музыкалық-этнографиялық жинаққа енген.

Ахат Шәкәрімұлының ұстаздық еңбегі туралы айтсақ, Алматы облысының Тастақ, Байсерке, Топар орта мектептерінде көп жылдар (1939-1966 жж.) мұғалімдік қызмет атқарып, зейнеткерлікке шығады. Ұстаздық еңбегі үшін үкімет тарапынан «Құрмет Белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен, медальдармен марапатталады. Туған жеріне оралған 1969 жылдың маусым айынан өмірінің соңына дейін (1984 ж.) Абайдың Жидебайдағы мұражай-үйінің меңгерушісі, Абай мұражайының ғылыми қызметкері болып еңбек етті.

А.Құдайбердиевтің қазпедтехникумдағы өмір кезеңіне қатысты құнды дерек көзі – өз қолымен жазған өмірбаяны және жекебас листогы. 1971 жылдың 24 маусымындағы өмірбаяндық дерегінде: «Өзім ауылдағы бастауыш мектептен хат танып алған соң, Семей қаласындағы қазақ педтехникумына 1922 жылы түсіп, 1927 жылы бітіріп шықтым» дейді. А.Құдайбердиев туралы жазылған мақалаларда да келтірілетіні – тек осы мәлімет қана. А.Құдайбердиевтің Абай мұражайының ғылыми қорына тапсырған құжаттарынан қазпедтехникумға қатысты өзге деректер кездеспегендіктен, біз Семей мұрағатынан жаңа материалдар іздестірдік.

Мұрағаттан табылған құжат – «Отчет о деятельности Семипалатинского Губернского отдела народного образования за 1922-23 бюджетный год». Бұл есепте «Педагогический киргизский техникум открыт в 1922 году по постановлению 3-го Губсъезда Советов вместо киргизского отделения ИНО и 9-ти месячных

киргизских педагогических курсов с целью готовить учителей для киргизских высших школ. ...При наименовании киргизских педагогов преподавание ведется в большинстве русскими учителями (до 60%) ...» деп көрсетеді.

Губерниялық халыққа білім беру бөлімінің келесі бір есебінде: «Киргизский педагогический техникум. Занятия начались с 1 декабря 1922 года, окончилось 15 мая 1923 года. Состояло: преподавателей 15, слушателей 65, из них 62 мужчины и 3 женщины» деген мәлімет берілген.

Қазпедтехникумның оқу корпусы мен жатақханасы Совет көшесі, 60 үйде орналасқан. Бұл ғимарат сақталмағанмен де, 1925 жылғы қазпедтехникумның түлектері мен оқытушыларының бірігіп түскен суретінде (венетка) оқу орны мен жатақханасының сыртқы көрінісі де берілген.

А. Құдайбердиевтің қазпедтехникумға 1922 жылы түскендігін дәлелдейтін құжатты кездестіргенімізбен, мұрағаттан оның нақ осы оқу орнында оқығандығын дәлелдейтін құжатты таптық. Ол құжат – «Протокол № 8. заседание Педагогического Совета Семипалатинского казпедтехникума за 30 мая 1927 г.» деп аталады.

Хаттамада 1926-27 оқу жылында кластан класқа көшкен оқушылардың тізімі берілген. Құжаттың «из II основного класса в III» деген бөлімінен А. Құдайбердин деген фамилияны кездестірдік. Шәкәрімнің де, Ахаттың да «Құдайбердин» деп қол қойғанын ескерсек, бұл фамилияның Ахаттың фамилиясы екендігі шүбәсіз.

Тізімде Ахаттан өзге де қандай белгілі адамдар бар екен деген ниетпен құжатты мұқият қарап шыққанымызда, «из III класса в IV-ый» деген бөлімнен Төлеужан Мусин деген жергілікті танымал адамның да фамилиясын кездестірдік. Ал, «Список слушателей Казпедтехникума на 1925-26 уч. год» - деген құжаттағы оқушылар тізімінде Ахат Құдайбердиевтің аты-жөні жоқ болып шықты. Бірақ, тізімде № 241 болып тіркелген Т.Мусиннің 1923 жылы техникумға түскені, жасы 19-да және техникумды 1928 жылы бітіретіндігі көрсетілген. Семей қазпедтехникумының түлегі Т.Мусин – 1940 жылдары сол оқу орнының директоры, облысымызда, республикамызда жауапты қызметтер атқарған еңбек және соғыс ардагері,

## ШӘКӘРІМТАНУ

1990 жылы «Өмір баспалдақтары» атты естелік кітабы жарық көрген белгілі қариялардың бірі еді.

Қазпедтехникум шәкірттерінің дүниетанымына, оқу-білім алуына көп әсер еткен, көмек көрсеткен ұстаздар – Ә.З.Сәтпаев, С.Г.Сироткин, И.Ф.Виноходов, М.Әуезов, Ш.Қоқымбаев, Ғ.Төребаев, Ғ.А.Кошкина, П.В.Иванов, Н.А.Сулима-Грудзинский, З.И.Шнырева, А.П.Дренев, Т.С.Лялюков, Н.С.Плотников, Н.Б.Мичурина, В.И.Рябов, Е.Г.Мертвецов, В.Н.Белослюдов, В.И.Попов, О.Н.Рутковский, т.б. оқытушылар.

Мұрағаттық құжаттарды мұқият зерделеу барысында, қазпедтехникумның 1926-27 жылдарындағы есебінен: «выпуск учащихся окончивших курс техникума в 1926-27 учебном году не было, так как отсутствовал четвертый курс» деген деректі оқыдық. Яғни, А.Құдайбердиевтің оқу орнын 1927 жылы бітіруі мүмкін емес. Алайда, Ахат өз қолымен толтырған жекебас листогі мен өмірбаянында «казпедтехникумды 1927 жылы бітірдім» дейді. Көріп отырғанмыздай, жоғарыда аталған қазпедтехникумға қатысты мұрағат материалдары мен Ахат Құдайбердиевтің өз құжаттарындағы деректерде уақыт жағынан бір-біріне мүлде жанаспайтын фактілер бар. Олардың ең бастылары – Ахаттың оқуға түскен және оқуды бітірген уақыты.

А.Құдайбердиев қазпедтехникумға 1922 жылы түссе, оқуды 1926 жылы бітіріп шығуы керек еді. 1926-27 оқу жылының Педагогикалық Кеңесі хаттамасында көрсетілген дерекке сүйенсек, А.Құдайбердиев 1927 жылы мамыр айында 2-класты аяқтап, 3-класқа көшкен. Бұл есеппен алсақ, оқу орнын ол 1929 жылы бітіруі керек болатын.

Ахаттың қазпедтехникумда оқығандығын оның өз қолымен толтырған өмірбаяны ғана емес, Т.Мусиннің «Өмір баспалдақтары» атты естелік кітабының Абай мұражайының ғылыми қор бөліміндегі сақтаулы қолжазба нұсқасында келтірілген деректер де айқындайды. Өкініштісі, автордың сол қолжазбасындағы Шәкәрім мен Ахатқа қатысты деректер кітаби нұсқаға кірмей қалған.

Біз Ахаттың өлеңдерін жіті қарап, сүзгіден өткіздік. «Ағаға арнау хат. 1923 жыл» атты өлеңінде ол:

Жолдаймын Сізге сәлем, ағатайым,  
Жөтеліп, қан түкірген – менің жайым.

Қайтпағаным себебі екі түрлі,  
Несіне сізден ойым жасырайын.

Бірінші – емделейін деп қайтпадым,  
Мектепке бармай, үйде тек жатпадым.  
Әлімнің келгенінше оқиын деп,

Сондықтан сырқатымды аша айтпадым»  
- дейді.

«Ауруға шалдыққанда», «Ауру шәкірт арманы» өлеңдері де қазпедтехникумда оқып жүрген кезінде жазылған. Демек, 1922 жылы оқуға түскен Ахат 1923 жылы өкпе ауруына ұшырап, денсаулығының күрт нашарлауына байланысты оқуынан уақытша қол үзген деген пікірге келеміз. Бұл – мөлшермен екі жылдай уақыт болуы керек. Ахаттың, өз денсаулығын қалпына келтіргеннен кейін, сабағын 1926-27 оқу жылынан бастап жалғастырғаны мұрағат құжатымен де сәйкес келеді. Осы есеппен алғанда, оқуды ол 1929 жылы аяқтауы керек еді, бірақ аяқтай алмаған. Оның себебін біз сол кездегі қазпедтехникум директоры, алаш ардақтысы Әбікей Зейінұлы Сәтпаевтың жаламен қудаланып, түрмеге жабылуымен байланыстырамыз. Ә.З.Сәтпаев 1927 жылдың жазында, маусым айында қамауға алынады. Мұрағаттан 1927 жылдың 31 тамызындағы Семей педтехникумы Педагогикалық Кеңесі отырысының № 10 хаттамасында директордың түрмеге қамалуына байланысты сабақ жүктемесін жекелеме мұғалімдерге бөліп беру жөнінде айтылған. Сондай-ақ, Ә.Сәтпаевтың 1927 жылдың 4 қазанында қамауда жатып жазған өтініші мен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары О.И.Рутковскийдің 1927 жылдың 13 қазанында жазған өтініштері де табылды. О.И.Рутковский өз өтінішінде 10 маусымнан бастап директордың міндетін уақытша атқарушы ретінде қызметке кіріскенін атап көрсетеді. Алайда, оқу орнының басшысы, ерекше әділдігімен, мейірімділігімен, ұстаздық парасаттылығымен, аса ұлтжандылығымен шәкірттер жүрегінен әз орын алған аяулы адамның түрмеге жазықсыз қамалуы педтехникум оқушыларының наразылығын тудырған. Ұстаздарын жаладан аман алып қалу парызымыз деп түсінген белсенді шәкірттер оқушылар атынан губерниялық атқару

## ШӘКӘРІМТАНУ

комитетіне, сотқа арызданады. Педтехникумның белсенді оқушыларының бірі, жоғарыда аты аталған Т.Мусин «Өмір баспалдақтары» атты естелігінде сол кезеңге қатысты мынандай оқиғаны баяндайды: «Мен, Масғұт Бегалин, Игенбек Төлеутаев, Жүнісбек Нұрмұхаметов, тағы бір-екі оқушы облыстық партия комитеті мен облыстық сотқа арыз апардық. Сәтпаевті кепілге сұрап алу керек деп ұйғардық».

Әйтсе де, оқушылар арызынан нәтиже шықпайды. Ә.Сәтпаевтың орнына директор болып Абзал Жиенғалиев тағайындалады. Т.Мусиннің кітабында ол туралы былайша әңгімеленеді: «Кейінірек естідік, бұрын молда болған кісі көрінеді. Жауапты орындарда істейтін ықпалды қызметкерлермен сыбайластығы арқасында кеп қалса керек. Педагогиканың иісі мұрнына бармаса да, именбей келіп, директорлықты қолына алды. Педтехникум коллективі арасында Жиенғалиевке абырой ала қою қиын еді. Соны сезген ол Сәтпаевқа жабылған жалған жаланы бетке ұстап, «оның құйыршықтарымен» күресуге кірісті. Өзі сауатсыз, орысшасы шамалы...».

Оқушылардың Ә.Сәтпаевті қорғап жазған арызы оларды педтехникумнан да, комсомол қатарынан да шығарудың себебі және айыптау үкімі де болып шықты. А.Жиенғалиевтің талабы бойынша бұлардың мәселесі губерниялық партия және комсомол комитеттерінің біріккен бюросында қаралып, оқудан шығару жөнінде шешім қабылданады.

Қазпедтехникумда болған бұл оқиғадан Шәкәрімнің ұлы Ахаттың тыс қалуы мүмкін емес еді. Бұған бірқатар дәлелдер келтіруге болады. Ахаттың әкесі Шәкәрім мен Әбікей Зейінұлы Сәтпаев бірін бірі жақсы білген, қатты сыйласқан. Екеуінің де Алаш партиясының жұмысына қатысқандығы, Семей облысы земство басқару мүшесі болғандығы тарихтан белгілі. Пікірлес, ниеттес адамдар. Шәкәрімнің қалаға қатынаған сапарында қазпедтехникумға арнайы келіп, Ә.З.Сәтпаевпен жүздесіп, әңгімелесіп жүретіндігі Т.Мусиннің жоғарыда аталған кітабының қолжазба нұсқасында баяндалады. Сондағы ол дерек мынандай: «Ахатпен бірге педтехникумда оқып жүргенбіз. 1926-27 жылдары педтехникумға келіп-кетіп жүрді. Сонда көрдім. Ұзын бойлы, денелі, қою,

ұзын сақалды, өткір көзді, қыран қабақты, қалың қасты адам екен. Мен адам аласасы мен биігі кездескендегісінің бір қызығын айтайын. Сонау бір күні «ақын келді, ақын келді» деген соң, коридорға шықтым. Әдебиет үйірмесі бар, қабырға газетінің редколлегия мүшесімін. Сол газетке оқушылардың шығармаларын басамыз. Ақыннан газетке байғазы сұрадым. Сәлемнен соң, «қағазыңды әкел» деген соң, дәптерді алдына ұстап едім, ана кісі тым еңкейіп иіліп кетті. Сонан соң табуретканы әкеп қойып, үстіне өзім шығып, дәптерді алдына тосқанда, жазуға қолайлы ыңғай тұсына дәл келгені. Жазбасын алдым. Оны өлеңмен жазды. Газеттің келесі санында бастық та. Ақын тек баласының оқу жайын білейін деп келмейді. Сол уақытта техникумда сабақ беретін Ә.Сәтпаевпен әңгімелесіп, техникум педагогтарымен диалогқа келеді екен ғой».

Шындығында да, қазпедтехникумда 2 аптада бір рет «Екпін» атты қабырға газеті шығып тұрғандығы, қабырға газетінің арнайы редакциялық алқасы жұмыс жасағандығы, газет мазмұнына оқушылармен қатар, оқытушылардың да ат салысқандығы қазпедтехникумның жыл сайынғы оқу-тәрбие жұмысының Семей мұрағатында сақтаулы есебінде көрсетілген. Ол газетте А.Шәкәрімұлының өлеңдері де болуы мүмкін. Біз Ахаттың сол уақытта қазпедтехникум директоры болған Ә.Сәтпаевтің түрмеге жазықсыз жабылуына қатысты жазған өлеңін келтірейік:

### **Қазақтың оқытайын балаларын**

(Педтехникумнан шығарам дегенде Досов пен Тоқжігітовке айтқан тілек хат)

Афызал шығармақшы болды мені,  
Жастардың мені жақтап отыр дені.  
– Әбікеймен бар екен байланысың,  
Мектепке тұрғызбаймын - дейді, – сені!  
Өз мінін түзеткен ол қате басқан,  
Еңбегін жарай ма бос жерге шашқан?  
Әбікейдің істеген игі ісі бар,  
Мұғалімдер жиып ап, мектеп ашқан.  
Қазақтан оқытушы дайындады,  
Басқа емес, елдің жайын уайымдады.  
Білім ап, қараңғы ел жетілсін деп,  
Алдыңғы болашағын пайымдады.  
Наныңыз, елім үшін жүрегім ақ,  
Көңілімде бөтен ойдан жоқ ешбір дақ.

## ШӘКӘРІМТАНУ

Абактыдан шыққан соң, Әбікейге  
Танбаймын, амандаса баруым хақ.  
Біреуден хабар алып бергенім жоқ,  
Немесе өсек айтып келгенім жоқ.  
Неше жыл ұстаз болды тәрбиелеп,  
Теріс пікір, жат мінез көргенім жоқ.  
Бір дәлелі айтайын, атам – жуан.  
Ол – жаралыс, нашардан қалай туам.  
Аталарға күйдіріп өз басымды,  
Сынамай, әділетті - дейді, - куам.  
Арызым осы менің, ағаларым!  
Сіздер ғана болып тұр паналарым.  
Бітіргенше мектепті мені алып қал,  
Қазақтың оқытайын балаларын!

Демек, өлеңнің 1927 жылы жазылғандығына күмән жоқ. Өлең түрінде жазылған тілек хат арналып отырған Досов пен Токжігітов кімдер? Досов Әбілхайыр Ысқақұлы – Семей губерниялық атқару комитетінің төрағасы, Токжігітов Шаймардан – губерниялық «Қазақ тілі» газетінің редакторы.

Ә.З.Сәтпаевтың жаламен түрмеге қамалуына наразылық білдіргендері үшін оқудан қуылып, комсомол қатарынан шығарылған М.Бегалин, И.Төлеутаев (Ахатпен бір класта оқыған), Ж.Нұрмұхаметов, Т.Мусиндер Қызылордаға барып, өлкелік партия комитетінің бірінші секретары Ф.И.Голощекиннің қабылдауында болып, Қазақстан өлкелік комитетінің бюро мәжілісінде мәселелері қаралып, ескерту алып, комсомол қатарында қалдырылып, оқуды аяқтау жөнінде қаулы қабылданады. Ал, Ахат Шәкәрімұлы тағдырының басқаша шешілгендігі даусыз. Оған себеп – «жуаннан» шыққандығы, қазақ даласында аса қатыгез де сауатсыз жүргізіліп жатқан кәмпеске (Ахаттың әкесі кәмпеске талқысына алғаш рет 1928 жылы түсті) әрі Әбікей Сәтпаевтай «халық жауына» қатысты шәкірттік қалтқысыз көңілі, риясыз сенімі, кесек мінезі. Олай болса, Ахаттың өз қолымен 1971 жылы, 25 маусымда сол кездегі саясат ыңғайына орай жазған өмірбаянындағы «қазпедтехникумды 1927 жылы бітірдім» дегені өзінің оқудан қуылған уақытына сай келеді. Жалпы, зерттеп-зерделей келе, біз А.Құдайбердиевтің өз қолымен жазған өмірбаянындағы кейбір өзге деректердің де дәл солайша «түзетіліп» берілгенін аңғардық. Екіншіден, оның «қазпедтехникумды 1927 жылы

бітірдім» дегені қазпедтехникумдағы оқуының соңы болып та табылады. Өйткені, 1927 жылдан кейінгі қазпедтехникумға қатысты барша мұрағат құжаттарынан да ешқандай дерек таппадық. Ахат Шәкәрімұлының Семей қазпедтехникумында оқыған кезеңіне қатысты мұрағат құжаттары мен естелік баяндардың бір парасы осындай.

Ахат оқудан қуылып қана қойған жоқ, ол сол кеткеннен «жуан атаның баласы», Шәкәрімнің ұрпағы ретінде де жылдар бойы қуғындаудан көз ашпады. Т.Мусиннің «Өмір баспалдақтары» кітабының қолжазбалық нұсқасындағы әлі еш жерде жарияланбаған мына бір үзіндіде А.Құдайбердиев тағдырының сондай бір ауыр сәті туралы баяндалады: «...атақты Құнанбайдың немересі Шәкәрімұлы Ахат Құдайбердиевті сұрастыра келе, оның Киров атындағы аралдағы (бұрынғы Полковничье, қазіргі Түйемойнақ. Ш.Ж.) лагерде, бас бостандығынан айырылғандар ішінде белгіленген мерзімді өтеуде екендігін білдім... Іздеп жүріп, сыммен қоршалған лагерге келсек, жолатпайды. Сонда да аса алыстамай, қоршауды жағалап келеміз. Бір кезде тікенек сымның ар жағында қоян бағып жүрген адамды дауысынан тани кеттім. Ахат та анадайдан-ақ бізді танып:

– Төлеужан, Төлеужан! – деп дыбыс берді.

– Анау тұрған Ахат деген тұтқынға дәм әкеліп едік, соны беруге рұқсат ет - деп, қарауыл басындағыларға қатты тіл қатып едім:

– Жақындамаңдар! – деген ескертуді қайталады.

– Маған жақындамаңдар, ауруым жұғады, пәлеге қаласыңдар... дәмдеріңді анау мұнарадан бір адам барып алады – деді Ахат, қолын бұлғап, сүйініш пен күйініш аралас, жымыған боп».

Ахат Құдайбердиевтің бүкіл өмір жолын, еңбегін бір ғана мақала көлемінде тәптіштеп, талдап-таразылау, әрине, мүмкін емес екені белгілі.

Айықпай қайғы басымнан,

Тұтқындалып жасымнан,

Қажетті жылдар кетті бос,

Жаланы көріп жасымнан! -

деп, шаш ал десе бас алатын алай-түлей заманның құрсауында көпе-көрінеу қолдан жасалынған жалаға таңылып, жылдар бойы қудаланған Ахат Шәкәрімұлының өмірі мен

## ШӘКӘРІМТАНУ

шығармашылығы ғылыми айналымға түспей,  
зерттелмей-зерделенбей жатқаны ақиқат.

Қолға қалам алудағы негізгі мақсат –  
Шәкәрімұлы Ахатқа қатысты қалың көпшілікке  
беймәлім кейбір дерек-дәйектемелерді жария ету,

арнайы зерттеу нысаны болмай келе жатқан  
мәселеге ойтүрткі болу.



## ШӘКӘРІМТАНУ

**МАҚСАТ ЖАРЫЛҒАСЫНҰЛЫ, тарихшы,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**



### **ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАН ТҮЛҒАСЫ**

Тарихымыздың тағылымы мол беттеріне өзіндік із қалдырған дара тұлғалардың бірі – Абылай хан (Әбілмансұр).

Тарихшылар Абылай ханның туған жылы туралы әртүрлі деректер келтіреді. Кей ғалымдар 1711 жылды айтса, енді біреулері 1712 жыл болса керек дейді. Көп ауытқу жоқ. Кейіннен 1713 жылы туып, 1781 жылы қайтыс болды деп тоқталғандай.

Ал, Абылайдың шыққан тегі, тарихтан алар орны туралы да әртүрлі пікірлер айтылады. Көрнекті тарихшы Талас Омарбеков: «...Мен қараған деректерде Көркем Уәлидің төрт әйелі болғаны және төртеуі де бала таппағаны айтылған. Сонда, «Абылай хан қайдан туды?» деген мәселе осыдан шығады. Кейбір деректерде Абылай ханның әйгілі Жиренше шешеннің Аршын есімді жиеншарынан туғандығы айтылады. Нақтырақ айтсақ, қалмақтар елімізге бір шапқыншылығы кезінде кішкентай балаларды да айдап әкеткен. Тағы бір соғыста қазақтар ол балаларды құтқарып алған. Олардың жартысының ата-аналары табылады да, жартысынікі табылмаған. Сөйтіп, ата-аналары табылмағандарын әр отбасы бір-бірден қолына алады. Солардың ішінде Аршын деген қыз баланы Төле биге жақын туыс болып келетін, Жаныс руынан шыққан Сеңкебай деген ақсақал асырап алып, тәрбиелейді.

Бірде сол үйге қыдырып келген Төле би Аршынның алғырлығын байқап: «Кімсің,

айналайын?» - десе, қыз ата-тегін тақылдатып айтып береді. Сөйтсе, қыздың бесінші атасы әйгілі Жиренше шешен екен. Аршын кейіннен сол Сеңкібайдың ұлы Қарабайдан аяғы ауырлап қалып, екеуі үйленеді. Содан Әбілмансұр туады. Әбілмансұр екі жасқа келгенде Төле би оны Көркем Уәлиге апарып: «саған бала керек қой, міне бала», - депті. («Алаш айнасы», №35 (487), 20.02.2011 ж.).

Бұдан әрі баланы Көркем Уәлидің қуана қабылдағаны, төрт әйелі мен Көркем Уәлидің қуана қабылдағаны, төрт әйелі мен Көркем Уәлидің әлдебір жұқпалы аурудан қайтыс болғаны, баланы Төле би іздеп барып алып қайтқаны, Төле бидің Қазыбек, Әйтеке билермен ақылдаса отырып, қарадан хан шығармақ ниетте Аңырақай шайқасында Әбілмансұрдың «Абылай!» деп ұрандап, жауға шабуын ойлап тапқаны айтылады.

Ал, сәулетші Шот-Аман Уәлиханов: «...Абылайдың Шыңғыс нәсілінен екендігі шындық... «Қарадан шығып хан болды» деп жүргендер, меніңше, Бұхар мен Үмбетейдің Абылайға айтқан толғауларында, онда да «...Сені мен алғаш көргенде, Тұрымтайдай ұл елдің, Үйсін Төле бидің түйесін баққан құл едің» деген сөзіне сүйенеді. Бірақ, жыраудың ол сөзін тура мағынасында түсінуге болмайды. Бұл Бұхар жыраудың: «Аязби, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл» деп, ханға өткенін еске түсіріп, тәубеге шақырғанда айтқаны. Яғни, ол ханның

## ШӘКӘРІМТАНУ

асып-тасып кетпеуін, әділдіктен ауытқымауын мезгегені» - деп түйіндейді. Міне, осындай әртүрлі пікірлер көп жылдардан бері айтылып келеді...

Жазушы Әбіш Кекілбаев: «...Жалпы, мен Абылайдың қазіргі айтылып жүрген өмірбаянын дұрыс деп есептеймін. Шын Абылай – кәдімгі қазақ білетін Абылай. Ал «бәленнен туған екен», «бәлен асырап алған екен» деген аңыздарға мен мән бермеймін», «Тарихи тұлғамызды кемсіткеннен басқа Абылай тумайды» - деген тұжырым айтады.

Шындығында, Абылайдың ерекше қасиеттері болмаса, сол бір ауыр кезеңдерде халықты соңынан ерте білмеген болар еді.

Бүгінгі тарихшыларымыздан Абылай заманына бір табан жақын және сол кездегі шежіршілермен, ғалымдар еңбегімен жете таныс Шәкәрім Құдайбердіұлына жүгінгеніміз де абзал болар.

Осы орайда Шәкәрім шығармалары не дейді? Абылай хан тұлғасына Шәкәрімнің ұстазы Абай және оның ақындық мектебі өкілдері де ерекше назар аударған. Абайдың айтуымен Көкбай Жанатайұлы осы тақырыпқа арнап эпикалық «Сабалақ» атты дастан жазды.

Қазақтың ұлы ханы Абылай хан,  
Сөйлеймін өткен-кеткен мен солардан.  
Қазақ үшін рахаттан безіп кеткен,  
Алланың әмірімен бір туған жан... -

деп толғайтын Көкбай поэмасы сол кезеңдердегі халық аузындағы тарихи деректер мен естеліктерді, фольклорлық материалдарды зерттей отырып түзілген шығарма. Абылайды өлеңмен сомда деп шәкірттеріне тапсырма берген Абай да, оны мейлінше көркем етіп жазып кеткен Көкбай да, Абылайға қайта-қайта тарихи шығармаларында да, көркем шығармаларымен де оралып соға беретін Шәкәрім де ел басына күн туған аса ауыр кезеңде халықты бірлікке ұйытып, бүкіл бір ұлыстың тарих бетінен жойылып кетуіне қарсы тұра білген қас батыр, асқан саясаткер, білікті ұйымдастырушы болғандығын білгендіктен деп түйгеніміз дұрыс болар.

Халқымыздың тарихында ел билеген хандар мен жер қорғаған батырлар аз болмаған. Солардың ішінде Шәкәрім шығармаларында Абылай хан есімінің алты мәрте кездесуі

шежіреге ден қойған кемеңгердің халық тарихының осы бір ауыр кезеңінде елдігіміздің қалай сақталып қалғанына ерекше мән бергенін аңғару қиын емес.

Тарихта қайғы-мұңдылығы жағынан әлемде ешбір әуен тең келмейтін қазақтың «Елім-ай» әні де осы кезде туғаны мәлім.

...Қара таудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.  
Ел-жұртынан айрылған қиын екен,  
Қара көзге мөлтілдеп жас келеді...

Қалай десек те, тоз-тоз болып кеткен қазақ жұртының осыдан кейін бас көтеріп, тізе қосып қайта түлеуінде Абылай хан сияқты дара тұлғалардың еңбегі ересен, олардың даңқын төмендетуге ешкімнің де құқы жоқ. Шәкәрім қажы да соны білген.

Шәкәрім тарихи еңбегі «Түрік, қырғыз, қазақ хандары шежіресінде» Абылай хан есімі аталады: «Шыңғыстың үлкен баласы Жошы хан өлген соң орнына Бату (Жошы ханның баласы) хан болады. Оны орыстар Бати дейді. Лақап аты Сайын хан еді. Оның орыс жұртын қаратып алғаны – 1242 жылы. Батудан соң інісі Бүрге хан болды. Жошыдан бұрын Еділ-Жайықта Қыпшақ атанып тұрған түріктер бар еді. Сол себептен Дәшті Қыпшақ хандығы деп аталатын. Бүрге хан кезінде үш ордаға бөлініп, Алтынорда, Ақорда, Көкорда деп, бәрінің үстінен Алтынордадағы Бүрге хан билеуші еді. Ақ ордадағы Жошының Шайбан деген баласы хан болып, бер жақтағы тамам көшпелі ел Көкорда атанып, оған Жошының Тоқайтемір деген баласы хан еді. Біздің Әбілмансұр – Абылай хан – сол Тоқайтемір нәсілі»... (Шәкәрім, II том, 142-бет. Алматы, «Жібек жолы»).

Абылай хан тұлғасы Шәкәрім шежіресінде жай ғана аталмайды, тарихи оқиғалар арқылы дамыта көрсетіледі, ерекше орын беріледі. Төле бидің қолында өсуі, алғаш «Сабалақ» атануы осы шежіреде баяндалады. Шәкәрім шежіресінде жоғарыда айтылған Салқам Жәңгірдің бір баласы Уәлибақы хандыққа өкпелеп, Үргеніштегі нағашысы Ғайып ханға барды деп едік, оның баласы Абылай деген бек мықты болып, жекпе-жекке шыққан батырларды өлтіре берген соң «Қанішер Абылай» атанды. Оның баласы Көркем Уәли, оның баласы Әбілмансұр еді». (Шәкәрім, II том, 148-бет. Алматы, «Жібек жолы», 2007

## ШӘКӘРІМТАНУ

жыл).

Шәкәрім жастайынан-ақ батылдығын, ел бастар даралығын, топ бастар шешендігін осы еңбегінде көрсетіп берген. Бір күні Әбілмәмбет хан қазақты жинап қалмақпен ұрысқалы жатыр дегенді естіп, Төле биден соғысқа баруға рұқсат сұрапты. Төле би: «Балам, саған соғыстан жылқы жақсы емес пе», - десе, «Желкілдеген тудан, қайысқан қолдан қалғанша жігіт адамның өлгені жақсы» - деген соң, Төле би рұқсат беріпті. Барса, қазақ пен қалмақ екі төбеге жиналып, ортасында қалмақтың Ғалден Церен деген ханының күйеуі – Хонтажы деген әскер басының баласы Шарыш деген батыр қазақтан жекпе-жекке батыр сұрап жүр екен. Әбілмансұр Әбілмәмбет ханға барып: «Тақсыр, бата беріңіз, мынаған мен барайын», - дегенде, хан бата берген соң Шарышқа қарай «Абылай! Абылай!» деп ұран салып шайқасып, Шарышты өлтіріп басын кесіп алып, «Жау қашты!» деп айғай салғаннан соң қалмақтар қашады. Бір мезгілде бір жерге келіп хан шатырын құрып, Әбілмәмбет Әбілмансұрды қасына отырғызып: «Шырағым, сен кімсің? Абылайлап шапқаның қалай?» - десе: «Мен қанішер Абылайдың немересі едім, соғыста жолы болған атамның атын ұран қылдым», - дейді. Сонда Әбілмәмбет хан: «Қарағым, бауырым» деп құшақтап сүйіпті де, халыққа былай депті: «Баяғы Уәлибақының нәсілінен жалғыз бір бала қалды деп естіп едім, бұл сол екен. Сіздер ұнатсаңыз, үлкен хандық осының орайы еді», - деп, халыққа ұнап, үш жүзден тоқсан жақсылар ертіп барып, өздері қасиетті көрсететін арғын Шақшақ нәсілінен Жәнібек деген кісіден бата алып, Әбілмансұрды үлкен хан қойыпты. Абылай атанғаны «Абылайлап» шапқанынан болды. Абылайдың хан болғаны 1735 жылдың мөлшері болар. (Шәкәрім, II том, 149-бет. Алматы, «Жібек жолы»).

Бұдан әрі шежіреде Ғалден Цереннің Жалбы батырға Абылайды ұстап әкел деп тапсырма беруі, осы оқиғаның қалай болғаны баяндалады. Ғалден Церен: «Мен сені Шарыш батырдың орайына өлтірем, қандай арманың бар?» - дегенде Абылайдың айтқан сөзін Шәкәрім былай береді: «Сонда Абылай: «Тақсыр, менің үш арманым бар! Әуелі – мен Шарышты қазақ пен қалмақтың қан майданында өлтірдім. Сіз мені ұйқыда жатқанда ұстап алып, өлтіргелі

отырсыз. Қазақ пен қалмақтың қан майданында өлсем арманым жоқ еді. Екінші – қазақ орнықпай жүрген ел еді, бір жерге орнықтырып, отырықшылық өмірге кіргізіп өлсем армансыз болар едім. Үшінші – төрт атадан бері жалғыз едім, өліп кетсем не бала, не бауырым жоқ, дүниеге келмегендей боламын ғой», - дегенде Ғалден хан төмен қарап отырыпты да, қасындағы уәзіріне: «Мынаның сөзінің бәрі рас, әсіресе соңғы сөзіне қарашы. Мен де төрт атадан жалғыз едім, осы күнге жалғыз балам Әмірсана өліп кетсе, менің де тұқымсыз кеткенім-дағы, - деп қалмақ тілімен айтқан екен. Абылай хан «Алдияр» деп қол қусырып тұра келіпті. Ғалден хан Абылайға «сен неге алдияр дедің? Мен сені өлімнен босаттым ба?» - десе: «Тақсыр, жалғыз балаңызға ұқсатқаныңыз босатқаныңыз ғой, мен қалмақша тіл білемін», - депті. Ғалден хан Абылайдың сөзіне разы болып, Әмірсана екеуін дос қылып, қазаққа, орыстарға да қаншама сый беріп, Абылайға «Күндебау» деп, өз нәсілінен бір жетім қыз беріпті. «Күндебау» дегені – үзілмес достық дегені. Сол қыздың бір кішкене інісі апасынан қалмай жылаған соң, оны да Абылайға беріп, «Өз баурындай көр» деп тапсырған екен. Абылай оның атын Махмұт қойыпты. Біздің қазақ Мәмет дейді. Оның баласы Бөлішке, Бөлішкенің баласы осы күнгі Мәмбетей, Мотыш ішіндегі Шыңғыс хан, Семейхан төрелер.

Абылайдың жоңғарлардан босап шығуы туралы бұдан басқа да бірнеше нұсқалар аңыз болып айтылып, жазылып та жүр. Солардың бірі тобықты Қараменде биге де қатысты айтылады.

Жоңғарлар: «Абылайларыңды осы топтан танысаңдар аласыңдар, танымасаңдар қайтпайды», - деп қазақтан барған елшілерге бір-бірінен аумамайтындай топ құрып алдарынан үш мәрте өткізіпті. Үшінші кезекте елшілер ішінен Қараменде би шығып:

Хан қараша, біз тұғыр,

Хан тұғырыңа мінбес пе -

деп дауыс көтере сөйлеп, төрт тағанда тұра қалыпты. Сонда Абылай Қараменде арқасына мінген екен.

Осындай тапқырлықпен Абылайды алып қайтқан екен («Тобықты шыңғыстау шежіресі» 3-том, 395-бет).

Ғалден ханның Абылайды босатқаны 1743 жыл еді.



## ШӘКӘРІМТАНУ

Ел қамын ойлаған екі елдің дара тұлғаларын Шәкәрім шежіреде бір-біріне жақындастыра түседі, әрі асқақтатып тұр.

Шәкәрімнің Абылай хан тұлғасына тағы бір тоқталған шығармасы – «қазақтың түп атасы – батыр Түрік» деп аталатын өлеңмен жазылған шежіресі.

...Есімнің Салқам Жәңгір баласы еді,

Ол-дағы қалың елдің панасы еді.

Жәңгірдің қалмақ қызы қатынынан

Әз Тәуке адамзаттың данасы еді.

Қызы еді Қайып ханның бір қатыны,

Осыдан Уәлибақы туған ұлы.

Әз Тәуке хан болған соң өкпе қылып,

Кетіпті Үргенішке дейін мұны.

Шәкәрім шежірелерін баспаға әзірленген қазақтың белгілі ғалымы Мекемтас Мырзахметұлы алғысөзінде: «Шәкәрім шежіресі жазылудан бұрын осы салада көп ізденген... Шежірені өлеңмен жазу қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарында ертеден бар дәстүр» - дей келіп, шежіре табиғатына, тарихына терең талдау жасайды.

Осы өлеңмен жазылған шежіреде де Абылай аты төрт рет аталады. Соның бірінде:

Тұсында Абылайдың қалмақты айдай,

Қорлықтан кек алғаны қалмайды естен,-  
деп түйіндейді.

Көркем шығармада Абылай аты Шәкәрімнің «Ескі ақындық» пен «Жолсыз жаза яки кез болған іс» атты екі көркем шығармасында аталады. «Ескі ақындық» қазақ поэзиясының генетикасына сәуле түсірер, әдебиеттану ғылымына өріс болар терең пайымды шығарма. «Ескі ақын бізден әлі артық» деп жыраулық поэзияға төрден орын береді. Осы шығармасының бастауында Абылай аты аталады:

Мұны оқыған ұландар,

Үмбетей жырын сынаңдар.

Байқап оқып әрбірін,

Ақылға салып бәр сырын,

Не деп отыр – көр сырын.

Абылайдың алдында,

Салып отыр, көрдің бе,

Басынан кешкен тағдырын.

Сыртын ұқпа, мұны аңғар!

Ел философиясын айтқан Үмбетей және оны хан Аблайдың алдында айтуы таным

тереңдігін қажет етеді дегенді аңғартады. Сол арқылы тұтас халықтың тағдыры Абылай тұлғасымен ұштасып жатқанын көрсеткен. Ал, «Жолсыз жаза яки кез болған іс» эпикалық шығармасында Еңлік – Кебек оқиғасының қай кезде қай тарихи тұлға дәуірінде өткенін айқындау үшін қолданғанда аталады. Сол дәуірдегі тұлғаның орнын айқындайды:

Сол соғыс – хан Абылай келген кезі,

Қалмақтың сыбағасын берген кезі.

Керек болса оқыңдар «Шежіремнен»,

Жазылған сонда анықтап түгел сөзі.

Абылай хан тұлғасына Шәкәрім шығармашылығында ерекше орын берілген. («Шәкәрім» энциклопедиясы, 30-бет).

Осыдан шығатын түйін: біріншіден, Шәкәрімнің тарихи және көркем шығармаларында Абылай хан тұлғасының қайталанып келуі, сөз жоқ, сол кездердегі ел басына күн туған аса ауыр кезең екендігі. Осы бір қазақ халқының қиын-қыстау, аласапыран кезеңін «Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық қазақтары және башқұрттар, - деп жазады Ш.Уәлиханов, - ұлыстарға жан-жақты ойран салды. Малдарын айдап әкетіп, тіпті көптеген отбасын түгелдей тұтқындады. Оған қаһарлы қыс, жұт, аштық қосылып, көктен сынағандай, олардың апат жағдайын күшейте түсті».

Бұл кезең екі алып ел – Қытай мен Ресеймен жақындасып, олардың қару-жарағын пайдаланған жоңғарлардың Орталық Азияны тітіренткен күш болғаны анық.

1723 жылы Орта Азияны жаулап алуға аттанған жоңғарлардың Алакөл тұсындағы қанды шайқасын Қожаберген жырау «Елім-ай» дастанында:

...Қырылу Алакөлден басталып тұр,

Қазақтар жау қалмақтан жасқанып тұр.

Орыстар мен қытайға арқа сүйеп,

Ит қалмақ сол екі елден күш алып тұр, -  
деп жырлаған. Демек, қазақ тарихындағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңі ең ауыр зұлмат екені айқын. Айтпағымыз – Абылай хан дәл осы ауыр кезеңнен кейінгі ел болып, етек жиған кезеңнің тұлғасы.

Екіншіден, XVIII ғасырдың бірінші ширегі қазақ хандығы зор саяси және экономикалық дағдарысқа ұшырау кезеңі еді. Әрі ел ішіндегі бірліктің де ыдыраған шағы. Міне, осы сәтте 1726

## ШӘКӘРІМТАНУ

жылы Түркістан қаласының оңтүстік – шығысындағы ордабасындағы үш Жүздің бас қосуы болды. Елдікті ойлаған Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды билер мен Болат, Әбілхайыр, Сәмеке, Барақ, Әбілмәмбет хандар мен сұлтандардың ұрандауымен ержүрек батырлар Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Саңырақ, Тайлақ, Қанай, Малайсары т.б. ерлердің бастары құралуы.

Міне, осы лекке Абылайдың қосылуы да қазақ тарихының ілгерлеуінің алғы-шарты еді.

Бұхар жырау:

Ай, Абылай, Абылай,

Жиырма жасын толғанда,

Қалмақпен соғыс болғанда,

Алғашқы басты тапқанда,

Қанжығаңа бас байлап,

«Жау қашты» деп айқайлап,

«Абылайлап» шапқанда... -

деп толғаған болатын. Абылайдың батылдығы мен батырлығы – бұл да шындық.

Үшіншіден, Абылайдың ресми түрде бүкіл қазақ ханы болып сайлануы.

Аңырақай шайқасында қалмақтарды ойсырата жеңгеннен кейін де хандар арасындағы бақталастықтың бой алуы үлкен жеңіске тек ел тұтастығымен ғана жететіндікті көрсетіп, оның басында Абылай хан сияқты біртуар тұлғалардың тұруы керектігін уақыт көрсетті. Бұл да – дау туғызбайтын тарихи шындық.

Қорыта айтқанда, Абылай хан тұлғасының уақыт өткен сайын толыса түсетініне Шәкәрім Құдайбердіұлының тарихи, көркем шығармалары да жол сілтеп тұрады деп айтуға толықтай құқымыз бар. Асылымызды аялап, тарихтағы дара тұлғаларымыздың есімдеріне дақ түсірмеу – ұрпақ еншісіндегі ұлағатты іс болса керек.



## ШӘКӘРІМТАНУ



*АРАЙ ЖҮНДІБАЕВА, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі. Қазір Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті PhD докторанты және АҚШ Kingston университетінің магистранты.*

### **ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЛИРИКА**

Нағыз лирикалық туындылар жеке адамның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап береді. Лирикалық қаһарманың ой-сезімі, тағдыры өз заманының арман-мүддесі, тілек-талаптарымен неғұрлым терең байланысты суреттелсе, соғұрлым ол типтік қасиеттері мол, сомдап жасалған ірі тұлғаға айналып, дәуірдің көрнекті өкілі болып шығады.

Лирикалық шығарма ақынның ой-сезімін, толғанысын көрсету арқылы жалпы адам баласына, қоғамға тән сипаттарды, заман, дәуір келбетін танытатын қасиет-ерекшеліктерді жақсы аңғартады [1, 225 б].

Саяси-әлеуметтік лирика - лирикалық поэзияның заман жайын, әлеуметтік мәселелерді қозғайтын үлкен бір саласы. Өмір жөнінде, халықтың тағдыры туралы ой-толғамдар ақынның өз көңіл-күйімен терең ұштасып, өзінің өмірге қатынасын суреттеу арқылы көрінеді. Адамның белгілі бір дәуірге байланысты ой-арманын, мақсатын жырлайды, жалпы әлеуметтік мәселелерді толғайды. Әлеуметтік тақырып, саяси сарындар, әрине, лириканың барлық түрінде кездеседі. Халық қамын, оның қоғамдық халін шығармасына арқау еткен әрбір ақын лирикасында азаматтық сарын басым болмақ. Тақырыпты көтеру арқылы ақын заман сырын ашады, әсіресе, оның қайшылықтары мен кепшіліктерін көрсетеді, алға, болашаққа жол сілтегендей ой қозғайды. Орыс әдебиетінде

азаматтық лирика үлгілерін декабрист-ақындардың поэзиясынан, сондай-ақ, Пушкин, Лермонтов, Некрасов шығармаларынан жиі ұшыратуға болады. Бұл дәстүрді Маяковский жақсы жалғастырды.

Қазақ жазба әдебиетіндегі саяси-әлеуметтік лириканың түрлеріне Абайдың, Сұлтанмахмұттың бірталай өлеңдерін жатқызуға болады. XX ғасырдың бас кезінде бұл сарындағы лирика Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов поэзиясында үлкен әлеуметтік маңызға ие болды. Қоғамдық өмірдің ең көкейкесті мәселелері халықтың тағдырына, мүдделеріне, келешегіне байланысты сарындар азаматтық лирикаға арқау болды. Біздің жаңа дәуірде саяси-әлеуметтік лирика қазақ поэзиясында толығып, байи түсті. Әдеби дәстүрді жалғастыра отырып, жаңашылдыққа ұмтылды. Бұрынғы түрінде теңдік, бас бостандығы, әділет үшін күрес үні басым келсе, енді, әлеуметтік, ұлттық, қоғамдық теңдік орнаған заманда адамдардың өзара қатынасы, бірлік, еңбек, тіршілік жайы, алға қарай өрелу, сол жолда тұрмыстық және адамгершілік жағынан жетіле беру мақсаты қойылды. Мұның жақсы үлгілері ретінде Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Қасым Аманжолов, Әбділдә Тәжібаев поэзиясын атауға болады. Қазіргі ақындардан азаматтық лириканы Хамит Ерғалиев, Қалижан Бекхожин, Сырбай Мәуленов,

## ШӘКӘРІМТАНУ

Мұқағали Мақатаев, Қадыр Мырзалиев, Жұмекен Нәжімеденов тағы басқалардың шығармаларынан табамыз. Әрине, мұндай лириканың өз дәуіріне байланысты әр қырлы болып келуі мүмкін. Мәселен, 20-30 жылдарда революциялық сарын, 40-60 жылдары патриоттық пафос, ал 70-80 жылдарда Отан, ел тағдырын толғау басым болды[2].

Жиырмамыншы ғасырдың басында қазақ топырағында болған шытырман саяси-әлеуметтік оқиғалар мен жаңғыртулар Шәкәрімді де айрықша толғанды. Ол өз жұртының, қазақ қоғамының басындағы жағдайды өте жақсы түсінді. Ғасырлар бойы тарих сахнасында талай-талай аласапыран кезеңдерді басынан кешіріп келе жатқан қазақ елінің таным-түсінігінің дәрежесі, әлеуметтік психологиясы, экономикалық және мәдени тұрмысының деңгейі, саяси, әлеуметтік және рухани бостандығы, қаншалықты екеніне қанық болды. Сол себепті де заман шындығын, әлеуметтік мәселелерді тануда және қозғауда ол соншалықты білімпаздықпен қатар, ерекше көрегендік пен ұстамдылық танытты.

Ол бәріне де терең толғана, ойлана қарады. Жалт еткен бір сәттік қуанышқа бой алдырмады. Жырларында да осы сабырлылықтың салмағы сезіліп тұрды. Болып жатқан оқиғалардың барлығының түп-төркінін тарихтың даму заңдылықтарынан іздеді. Қоғам мүшелерінің, яғни ақын замандастарының, жалпы адам баласының міндеті - осы заңдылықты әрдайым түсініп, содан туатын өзгерістердің шынайы мәнін ой таразысынан өткізіп барып қабылдау. Бұл, әрине, әрбір адамның қолынан келе бермейді.

Шәкәрім өмір сүрген заман саяси-әлеуметтік төңкерістерге бай болды. Патша тақтан құлады. Айналадағы адамдар «ақ» пен «қызылға» бөлінді. «Жаңа заман» ұғымы пайда болды. Дегенмен, бұл тұста да Шәкәрім өзіне тән ерекше сабырын сақтады. Жаңалыққа елендеп, заманға үн қосу ниетінде бірнеше өлеңдер жазғанмен, ол қуаныштан бөркін аспанға атпайды. Ақын жүрегі қаншалықты сергек, әсершіл болса да, әліптің артын бағады [3, 8 б].

Шәкәрім шығармашылығының басым көпшілігі – поэзия түріндегі көркем лирикалық туындылар. Сөз өрнегінің осы көне түрі – поэзияда, адам болмысының қуаныш, күйініш, адам

тағдырының қым-қуыт қыры мен сыры, үздіккен үкілі үміті, келер күнге деген асыл арманы мен ізгі тілегі – баршасы көркем сөз кестесімен кестеленіп, адам рухына шұғылалы шуақы шашатыны ақиқат. Өзі өмір сүрген дәуірдің өмір шындығын берумен қатар, өткеннен қалған өнеге-өсиетті де өлең өрімімен жеткізген, келешек кезеңдерге де жетіп артылатын мәңгілік рухани азық сыйлаған асыл мұра – Шәкәрім лирикасының тақырыптық аясы туралы сөз қозғағанда, оны өзіне дейін жасаған ой қазыналарымен бірлікте, үндестікте қарастыру керек. Өйткені адамзат ғұмырында сан ғасырларға созылған ақыл-парасат жалғастығы рухани мәдениетте, көркем әдебиетте тақырып, ой, идея сабақтастығын, дәстүрлі жалғастығын тудырды.

Шәкәрімнің өлеңдері жанрлық-көркемдік табиғаты жағынан жан-жақты болып келеді. Ақын поэзиясының жанрлық түрін дамыта жаңа бағыттар ашқан. Ақынның өлеңдерін айқын бір жанрға жатқызғанымызбен, онда басқа да жанрлық түрлердің көрініс табуы табуы мүмкін. Бұл суреткердің қалам қарымын анық байқатады.

Сонымен қатар, ақын қаламынан өмірге келген туындылардың мазмұны мен айтар ойын екшей отырып, ой елегінен өткізе отырып, саяси-әлеуметтік лириканың қатарына көптеген ғалымдарымыз жеке лирика түрі деп көрсеткен: азаматтық лирика, ақыл-ой толғаныстар лирикасы, философиялық лирика деп аталатын лирика түрлерін жатқызуға болатынын байқадық.

Белгілі зерттеуші ғалым З.Ахметов Әдебиеттану терминдері сөздігінде лириканың өзіндік ерекшелігіне, сонымен қатар, азаматтық лирика, әлеуметтік лирика, т.б. лирика түрлеріне кеңінен тоқталады, олардың бір-бірімен тығыз байланыста екенін айқын көрсетеді. Азаматтық лирикаға берген анықтамада оның кейде тақырып ауқымының кеңдігі мен мазмұндылығына қарай, саяси-әлеуметтік лирика деп те атайтындығын көрсетсе, әлеуметтік лирика туралы берілген анықтамада: «Әлеуметтік лирика – лирикалық жанрдың тақырып-мазмұнына қарай бөліп қаралатын, көбінесе, қоғамдық өмірге қатысты маңызды мәселелерді қозғайтын ақынның заманға, халықтың тарихы мен бүгінгі тағдырына көзқарасын білдіретін үлкен саласы. Лирикалық поэзияны тақырыбына қарай саяси лирика,

## ШӘКӘРІМТАНУ

азаматтық лирика, философиялық лирика, көңіл-күй лирикасы, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы деген сияқты жанрлық түрлерге бөліп ажыратуға болады. Бұлай бөлудің өзі, әрине, белгілі дәрежеде шартты нәрсе. Кейде саяси-әлеуметтік лирика деп кеңірек алып қаралады. Ал, азаматтық лирика да осыған жалғасып, астасып жатады. Өйткені, азаматтық тақырыпты көтерген ақын әлеуметтік жайды, жағдайды айтпай тұра алмайды, сондай-ақ, әлеуметтік тақырыпты алған ақын да азаматтық борышқа соқпай кете алмайды [7, 18 б.]» - деп көрсетіп, азаматтық лирикада да осы лирика түріне жалғасып жатқандығын көрсетеді.

Әлеуметтік лириканың арқауы – қоғамдағы, адамдардың қарым-қатынасындағы елеулі құбылыстар, халықтық, ұлттық мүдде, ақынның солар туралы толғануы, тебіренуі, азаматтық парыз, ар-ұждан, қауым алдындағы жауапкершілік, рухани жүк сияқты белгілі бір сәтте қоғам алдында тұрған, яки, қоғам көтеріп отырған әр алуан жайлар. Әлеуметтік лириканың мазмұны бола алады. Әлеуметтік лирикада халықтық, адамшгершілік сарындар басым келеді. Өйткені, онда сол ортаның мақсат-мүддесі, тілек-талаптары мен қол жетпеген арман, ойлары көрінбек. Жалпы қоғамдық мақсатпен ұштастыра отырып, өз сезім-әсерін білдіреді. Тақырыпты дұрыс көтеріп, терең толғағанда және тартымды етіп айта алғанда, ақын көпшіліктің көңіліндегі көкейкесті жайды орынды көтерген болады да, шығармашылық табысқа жете алады.

Шәкәрім ақынның тақырыпты дұрыс көтеріп, жырлағаны оның «Партия адамдары» өлеңінде анық байқалады. Қоғам портреті, шынайы қазақ елінің сол замандағы портреті анық көрінеді.

...Адал десе тік тұрар төбе шашы,  
Жиған малы бәрі арам, ішкен асы.

Қылып жүрген ісі анау, күші мынау,

Ағайынға ұқсайды қай арасы? [4, 82 б], -

деген өлең жолдарынан ақынның кімнің портретін сынағанын айтқызбай-ақ біле аламыз.

Біздің қазақ әркімді қылар мазақ,

Деп жүрме екен өзімнің бойым таза-ақ.

Осы жұрттың байқаңыз, беті қалай,

Қайда қаңғып барады осы қазақ? –

деп басталатын өлең жолдарында қазақтың

қазақтық қасиетін тілге тиек етсе, келесі шумақта елдің көп істі пайымдай бермейтіндігі, ертеңін ойлаған жандардың ел ішінде аз екендігі:

...Қалай кетіп барамыз деп ойлаған,

Есті жас пен ескерген кәрі бар ма? –

деген жолдарда көрініс береді. Елдің алауыздығын, бір-біріне дұрыс қабақ танытпайтындығын айтылған уәдені жіберіп алатындығын, бос жүріспен уақыты өтіп жатқандығын әшкерелей отырып:

Бетін байқап қарасаң бұл қазақтың,

Соқпағына түсті ғой дәл дозақтың.

Ақыл айтсаң, алады бір жеріңнен,

Белгісіз есі шыққан сандалақтың, -

деп қоғам басындағы қиыншылықты, қазақтың әлеуметтік жағдайының төмендігін ашық жазады.

... Ар қайда, ақыл қайда, намыс қайда,

Өңкей итке жалындың, табыс қайда?

Ана байға ит кетсе – күнің қаран,

Онда қашып тығылар қамыс қайда?

Тек отырмай, атыңды алысқа айда,

Партия жағаласқан жарысқа айда.

Жердің жүзін жеңіп ал жанды салып,

Дос қайда, құдай қайда, таныс қайда?..

...Япыр-ау, бұл не деген наданшылық,

Осынша жайылар ма жаманшылық.

Есі шығып елерген бәрі де мас,

Ар қайда, ақыл қайда, адамшылық?..

...Адал десе тік тұрар төбе шашы,

Жиған малы бәрі арам, ішкен асы.

Қылып жүрген ісі анау, күші мынау,

Ағайынға ұқсайды қай арасы? –

деп жырлаған өлеңінде қарап отырсақ, қоғамдық өмірдің барлық сипаты ақынның назарына ілінген. Қазақ ішіндегі ең басты індет – алты бақан алауыздық, ағайын арасының берекесіздігі. Татулық пен бірлік жоқ жерде береке болмайтыны белгілі. Қазақ қоғамы бірігудің орнына партия-партияға бөлініп, жік-жікке жарылып, әркім өз жыртысын жыртуда. Патшалық Ресейдің әкімшілік реформасынан кейін қазақ арасында сайлауға түсіп, шарға ие болу, ұлық болуға ұмтылу әрекеті тіпті күшейіп кетті. Ағайын іші ырың-жырың. Өзінің мінін сезінудің орнына «есі шығып елерген» қоғамның ессіз бейнесі ақынның жүрегін қатты сыздатады. Осыдан келіп Шәкәрім ел ішіндегі атқамінерлердің, пысықай белсенділердің

## ШӘКӘРІМТАНУ

образдарын жасайды. Ел басқарушы әкімдерді сынайды.

Осы күнде қазақтың бәрі де мас,  
Жақсылардың біріне біреуі қас.  
Атқа мінген жігіттен үмітім жоқ,  
Сөзімді ұқса, ойланар кейінгі жас, -

дегендегі «атқа мінген жігіті» еліне, қоғамға қызмет етіп жүрген азаматтар сапынан емес, солардың санын ғана көбейтіп, сергелдеңмен жүрген боскеуде пенде. Осындайларды көргенде ақын уыты ащы өлең жолдарын өмірге әкелді.

«Зұлымдық қып елді жеп» деген өлеңінде паракор байдың бейнесін:

Құдайға пара бересің,  
Ылақ пен қотыр тайыңды.  
Жоғалтқандай көресің  
Ел жылатқан жайыңды...

...Елден кешу алмасаң,  
Жалмауыздай жалмасаң.  
Тәңіріні малмен алдасаң,

Алдында орын дайын-ды! -

деп өмір сүрген қоғамның әлеуметтік шындығының тереңдігін аша түсіп, сомдаған образын қоғам бейнесімен ұштастыра түседі.

Өмір және ақындық тәжірибесі толыққан кезде Шәкәрімнің ерекше тоқталатын тақырыптарының бастысы - адам тағдыры, адам өмірінің мәні, адамшылық сияқты философиялық және психологиялық категориялар [5,6 б].

Бұл тақырып «Адамшылық», «Адамнан артық жәндік жаралмаған», «Адам немене?» деген өлеңдерінде көрініс тапқан.

«Адамшылық» өлеңінде:

...Мейірім – жақсы, зұлымдық жаман  
дейсің,

Қасқырлыққа қайтесің құр дөңгелеп.

Жаны ашып жәрдем қылмай өткен адам,

Өсіп, өшіп құлаған бір бәйтерек, [4, 206 б]-

деп түйін жасаса, «Адамнан артық жәндік жаралмаған» атты өлеңінде иттің адамға көмектескенін көрсетеді де, «Шын досың-жақсылықты ұмытпаған дос» деп адамның күні – қоршаған ортасымен мәнді екенін меңзейді.

Лирик Шәкәрімнің заман талабынан туындайтын әлеуметтік тақырыптарды жан-жақты әрі жоғары деңгейде көтере білуі оның бүкіл қазақ лирикасының өркендеуіне қосқан үлесін қомақтандыра түсті.

Шәкәрім лирикасының тақырыптық аясы аса ауқымды. Ақынның лирикалық шығармаларының қатарынан өзі өмір сүрген заманының ой-пиғылына сай уақыт ағымын, қоғам тынысын, әлеуметтік тұрмысын және жеке адамның мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін бейнелеген азаматтық мұратқа толы әлеуметтік, саяси лириканы байқай аламыз.

Оның шығармашылығындағы ең басты тақырып заман, оның шындығы, ой-арманы болды. Өзінің саяси-әлеуметтік лирикасында заманның типтік образын жасады, жетістігі де, кемістігі де бар шынайы реалистік кейіптегі уақыт бейнесін сомдады.

Дәуір сипатын ашатын тақырыптардың бір де бірі оның назарынан тыс қалған жоқ. Қоғамдағы үздіксіз жалғасып жатқан құбылыстардан туындайтын түрлі тақырыптардың әрқайсысына тиянақты зер салды. Сол арқылы ол әдебиетті әлеуметтік ойды жеткізудің құралы ете білді.

Ақынның басты тақырыбы заман және оның шындығы болды.

Заманды түзеудің ең бірінші шарты – адамды түзеу. Осы қағиданы терең зерделеген Шәкәрім заманға сын болып жайттардың бағытын анық айқындады. Жеке адамның бойындағы қисық-қыңыр мінездер, салақтық, жалқаулық, сауатсыздық, боскеуделік, мақтаншақтық, араздық пен арамдық, алтыбақан ауыздық, көрсеқызарлық пен күншілдік сияқты көптеген толып жатқан келеңсіз әдет-қылықтар ақын көзіне қоғам қолайсыздығын әкеліп, көкірек көзіне кемшіліктерді сынау ұғымын туғызды.

Өзін қоршаған әлеуметтік ортадағы адамдардың бойында, жүріс-тұрысында, өзгелермен қарым-қатынасында кездесетін қилы-қилы кемшіліктер қай заманда да өзіндік ой-түйсігі бар адамдарды азаматтарды толғандырмай қалмаған. Шәкәрім де айналасындағы кемшіліктерді көрумен ғана шектелген жоқ, өз халқының мүддесін көздеген ақын оның бойындағы кеселдерін жұртқа жариялаушы ғана емес, солардың үкімін айтушы да бола білді. Аталған кемшіліктер шын мәнінде адамның ой-санасын топастандырып, рухани дамуға тұсау боларлық қасиеттер. Осыны айқын сезінген ақын «шедірейіп, шекиіп, қасын керіп кекикіп» жүрген сәнқойлар мен ақылын ашуға

## ШӘКӘРІМТАНУ

билеткен ызақорларды, еркіншектер мен салақтарды ақылсыз мақұлыққа теңейді. Өлтіре сынға алады.

Заманды түзеу, ең алдымен жастардың үлесіндегі міндет екенін айта келіп, өзінің гибратты сөздерін де ақын бірінші кезекте сол жастарға арнайды, жасөспірім көкөрім замандастарын ескіден арылып, жаңамен жылдам жалғасуға үндейді. Ізгіліктің жолына бас тігудің қажеттігін, арамдық пен алдаудың, кулық пен сұмдықтың, есерлік пен әпербақандықтың зиянды екенін, білім мен ғылым үйренудің шексіз пайдасын түсіндіреді. Түсіндіре отырып өз заманының шынайы бейнесін сомдайды. Кемшілігін сынайды, адамдардың мінез-құлқындағы, психологиясындағы, әдет-дағдыларындағы келеңсіз құбылыстарды әшкерелейді.

Ақ жүрек пен Таза ақыл,  
Қылсаң адал еңбек,-  
Бәрінен де сол мақұл –  
Артқыға жол бермек.  
Арсыздардың түкке тұрмай  
Арам ойы жойылып,  
Аяғында хақиқатты

Бұл үшеуі жеңбек,-

дей отырып [4, 270 б] бұл өлеңінде ақын адамзат баласын жаман әдеттен бой сақтауға үгіттей отырып, өз заманындағы әлеуметтік-саяси кемшіліктердің бетпердесі ашылып, түбінде ақиқаттың болатынына сенім білдіреді.

Ел бейнесін жасауда да Шәкәрім ұлы Абай дәстүрімен сабақтас, үндес. «Абай өлеңдерінен халық өмірінің кең көріністерін ғана байқап қоймаймыз, - дейді А.Нұрқатов, - сонымен қатар оның арманы мен үмітін танимыз, қайрат пен жігерге, ашу-ызаға, қасиетті мұңға толы үнін естиміз». Бұл пікірдің Шәкәрім лирикасына да тікелей қатысы бар секілді. Өйткені Шәкәрімнің қай өлеңінде болсын туған елінің күнделікті тұрмыс-тіршілігі, ертеңгі болашағы жайлы сан алуан сырлар азаматтық, перзенттік үн естіліп жатады [3, 24 б].

Шәкәрімнің әлеуметтік лирикасындағы өзекті тақырыптардың бір саласы халық тағдырын айтады. Шығармашылық жолының қай белесінде болсын ақын халықтан қол үзбейді. Оның жүрегін сыздататын нәрсе - ел басындағы әлеуметтік кеселдер, мақтан тұтатыны -

халықтық қазына. Өлеңдерінде әрдайым сүйікті халқының басындағы жағдайды баяндап отырады. Айта кететін бір жайт, осы тұста Шәкәрім реализмінің ажырамас қыры болып табылатын ерекше сипат, ақын лирикасының халықтық қыры айқын көрінеді.

«Мұңды шал», «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналына сөз жазушыларға», «Жиырма үй менің көршім – Қарабатыр...», «Партия қуған өңкей қырт», «Таң» журналына жаңа әнмен байғазы», ««Таң» журналына тағы бір әнмен байғазы» сияқты өлеңдерінде ақын өз заманындағы қоғам көріністерін асқан шеберлікпен көрсете білді. Өз заманында орын алған пәтуасыз қылықтарға налыды, жақсы істерге зор сүйіспеншілігін арнады.

«Мал жимақ» атты өлеңіндегі:

Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи,  
Қазаққа көз сүзбестің қамы үшін жи.  
Арың сатпа, терің сат, алалды ізде,

Ғибадат пен адалдық, ар үшін жи [4, 94 б],  
-деген төрт жол тармақта оның бүкіл адамгершілік идеясы, азаматтық болмысы сыйып тұрғандай.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Әдебиеттану терминдерінің сөздігі - Семей-Новосибирск: 2006 - 398 б.
- 2.Әбдіғазизұлы Б. Ақиқат айнасы //Шәкәрім лирикасындағы шеберлік мәселелері// оқу құралы. – Семей, Хан-Тәңірі, 2006. – 108 бет.
- 3.Құдайбердиев Ш. Шығармалары - Алматы: 1988- 577 б.
- 4.Шәкәрім. Жолсыз жаза - Алматы: 1988 – 247 б.
- 5.Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері –Алматы: 2000 - 216 б.
- 6.Шәкәрімтану мәселелері. Таңдамалы. - Семей – Новосибирск: 2008 – 1024 б.
- 7.Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 256 б
- 8.Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш – Алматы: 2003 - 208 б.

## ШӘКӘРІМТАНУ



*КЕНЖЕ ЗӘМЗЕБАЙ, филология магистрі.  
Астана қаласы Тілдерді дамыту басқармасы  
«Зерде» тілдерді дамыту жөніндегі  
инновациялық орталығы оқу және ғылыми-  
әдістемелік бөлімнің бастығы.*

### ШӘКӘРІМ ТАҒЫЛЫМЫ

Жемісті, жақсы иісті бұл бәйшешек,  
Аралайық, пайдасын көрем десек.  
Ұғымды, миы жастың ойын қозғап,  
Ұқтырар талай тәлім, талай есеп, /1, 149/ -  
деп зерек жастарға мол мұрасын ұсынған,  
Абайдың дарынды шәкірті, әрі дәстүрін  
жалғастырушы, қазақ әдебиетінің аса көрнекті  
өкілдерінің бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқан  
болатын. Ол – лирик, әрі эпик ақын, прозаик, шебер  
аудармашы, ғұлама философ, тамаша тарихшы,  
талантты сазгер және ірі қоғам қайраткері ретінде  
аса бай рухани мұра қалдырды. Сан қырлы тума  
талант иесі өзінің бүкіл саналы ғұмырында  
адамгершілік, гуманистік, демократтық және  
ағартушылық идеяларды уағыздай жүріп, туған  
халқының болашағы мен игілігі үшін бар күш-  
жігерін сарқа жұмсап өтті. Қазақ әдебиетінің  
жаңа сатыға көтерілуі, одан әрі дамуына өлшеусіз  
үлес қосты.

Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясының  
кәусар бұлағы, бастау алған қайнар көзі ұлы  
Абайдың құдіретті жыры, ол бастаған реалистік  
дәстүр болды. Ол заңды да еді. Өйткені Шәкәрім  
– Абай ақынның жанында болып, тағылымын  
алған талантты ақын інісі, ұлы ойшылдың  
маңайына топтасқан жастар шоғырының  
шоқтығы биік өкілі.

Шәкәрім реализмі – Абай реализмінің  
заңды жалғасы. Ол да Абайша өз дәуірінің  
шындығын, қоғамдық құбылыстарды шынайы  
реалистікпен суреттеді. Өмір құбылыстарын

шыншылдықпен бейнелеу ақын  
шығармашылығындағы сыншылдық сипатының  
өрістеуіне жол ашты. Ол айналасындағы  
кемшіліктерді, адамдардың мінез-құлқындағы  
кереғарлықты сынағанда халқын надандықтан  
арыртуға, рухани дамудың ізгі жолына салуға  
ұмтылды. Осы бағыт Шәкәрімді ағартушылық  
арнаға әкелді. 1928 жылғы «Анадан алғаш  
туғанымда» деген өлеңінде Шәкәрім әділет  
орнына мылтық билеген қоғам туралы былайша  
толғайды:

Табылмас анық азат адам,  
Жаралыс билер заманды.  
Көрсетер мұқтаж, азап саған,  
Тартқызар өмір жазанды [1,188].

Айтары не, ақынның бұл болжамы  
айнытпай келді емес пе?! Шәкәрімнің халық  
бойындағы ертеден арылмай келе жатқан мін-  
кемшіліктерді батыл сынап, ел-жұртты  
адамгершілік пен адал кәсіпке, еңбек пен өнер-  
білімді игеруге шақыратын жырлары ұлы Абай  
идеяларымен терең астасып, үндесіп отырады.  
Ел басшыларының әділетсіздіктері мен  
зұлымдығын, момындарға жасаған зорлық-  
зомбылығын, паракорлығын ақын жеріне жеткізіп  
сынаған. Абай «Болыс болдым мінеки» өлеңінде:

Болыс болдым мінеки,  
Бар малымды шығындап.  
Түйеде қом, атта жал,  
Қалмады елге тығындап [2,88], -  
немесе «Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңінде:



## ШӘКӘРІМТАНУ

Кітапты молда теріс оқыр,  
Дағарадай боп сәлдесі.  
Мал құмар көңлі – бек соқыр?  
Бүркіттен кем бе жем жесі?[2,154].

Ал Шәкәрім ақын:

Бай, жуан, әкім, сопылар,  
Жемтік көрсе шоқылар.  
Бірі алдап, бірі арбап [1,52],  
Талайтын елді осылар, -

деп топтап түйресе, енді бірде, оларды ащы сын,  
өткір мысқылмен әжуалап:

Жуандар, елді билеп не қыласың,  
Өздеріңе айтқызса әділ-ақсың.  
Мен қарасам сендердің бетің теріс,  
Әбден асып, ақ жолдан адасыпсың

[1,101],- дейді. Қазіргі қоғамдағы белең алған –  
жемқорлықты, паракорлықты көреген  
даналарымыз жеріне жеткізе сынаған. Жалпақ  
жұртқа топырақ шашуға болмайды, әйтсе де  
халық қазынасына қол салған «паракорлар» ХХІ  
ғасырда «жоқ» деп айта алмаймыз. Шенді  
шекпен жамылып, мансапқа құмартқандар  
жолын тауып, жомарт болып, билікке жетіп отыр.  
Бұдан екі ғасыр бұрын айтылған асыл сөздердің  
қуаты әлі күнге дейін өз күшін жоймаған.

Жастарға насихат тегінде адам мінезіндегі  
мақтанды, ызакорлық пен ашушандықты, жатып  
ішер жалқаулық пен еңбексіздікті, күндестік пен  
мақтанды, алдау-арбауды жойып, адамгершілік  
пен ардың салтанат құруы үшін тынымсыз күрес  
ашуға шақырды. Абай ақын:

Мақтау – жел сөз, жанға қас,  
Қошаметшіл шығарған.  
Бір мақтаса боқтамас  
Ел табылса, құмарлан [2,169].

Шәкәрім ақын:

Тауып айтқан талассыз мақтау, боқтау,  
Жаксы іске ындын, зиянға салар тоқтау.  
Көп наданның сөзімен құйқылжысаң,  
Сен де жынды боласың есі жоқтау [1,65].

Абай Құнанбаев «Еңбек етсең ерінбей,  
тояды қарның тіленбей» деген мақалдағы ойын  
«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» өлеңінде  
жалғастырады.

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,  
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.  
Қаруыңның барында қайрат қылмай,  
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел...

[2,206-207].

Ал, Шәкәрім ақын:

Тамақ, керегін жерден іздесе,  
Қалап еңбекті ғана көздесе,  
Еңбекпенен, өрнекпенен,  
Өнер бойға тоқылса [1, 44],-

деп ұстазы Абай ақынның ойын дамыта түседі.  
Шәкәрім Құдайбердіұлы алдымен іштегі мінді  
түземей, тек сыртын әрлеп, сылаңдаған кердең  
де кербез қулардың іс-әрекет, сын-сиқын ұлы  
Абайша қатты сынға алады.

Шедірейіп, шекиіп,  
Қасын керіп кекиіп  
Қолдан пішін жасаған,  
Біреу келер секиіп [1,100],-

десе, Абай ақын:

Осындай сидаң жігіт елде мол-ақ,  
Бәрі де шаруаға келеді олақ.  
Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,  
Бар өнері – қу борбай, сымпыс шолақ  
[2,136].

Ел ішіндегі алауыздық пен паракорлықты,  
мансапқорлықты жою үшін жастарды жаңаша  
оқытып тәрбиелеу қажеттігін түсінген ақын  
барлық күш-жігерін, ақындық өнерін соларға  
арнайды. Ол жаңа буын – жастарды өнегелі  
өнерге, оқу-білімге бағыттауда, ең алдымен, ұлы  
Абайды ұстаз тұтады. Адамның асыл  
қасиеттерін ашып көрсетеді. Абай ақын «Малға  
достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде:

...Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,  
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?  
Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек  
[2,235].

Ал Шәкәрім ақын «Мен кетемін» өлеңінде:

Ақ жүрек пен Таза ақыл,  
Қылсаң Адал еңбек, -  
Бәрінен де сол мақұл –  
Артқыға жол бермек [1,270],-

дейді.

Шәкәрім лирикасындағы философиялық  
терең ойшылдық пен поэтикалық көркемдік Абай  
дәстүрімен әрдайым үндесіп жатады. Оның бүкіл  
әдеби мұрасынан Абай іргетасын қалаған  
реалистік әдеби дәстүрдің жалғастығы жарқырай  
көрінеді. Шәкәрім шығармаларында өзі өмір  
сүрген дәуірдің қоғамдық көріністері бейнеленді.  
Ақынның шығармашылық мұрасы –  
халқымыздың ғасырлар бойы маңызын

## ШӘКӘРІМТАНУ

жоймайтын рухани қазынасы. Шәкәрім тағылымы – сарқылмайтын кеніш. Бұл байлықты ашқанның үстіне аша түсу, сөйтіп түркі халықтарының ортақ игілігіне айналу жолындағы әрбір ізденіс талабы барынша қолдауға лайықты. Тағылымы мол тамырымыздан ажырап қалмайық, бүгінгі ұрпақ!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1988.- 560 б.
2. Құнанбаев А. Шығармалар. 1 том. Алматы: Жазушы, 1968.-319 б.
3. Құнанбаев А. Шығармалар. 2 том. Алматы: Жазушы, 1968.-251 б.





*МЕДЕУ СӘРСЕКЕ, жазушы, сәтбаевтанушы, «Құрмет» орденінің, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің иегері.*

### А.М.ПАНКРАТОВА - «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН» ҚОРҒАУШЫ

Қазақ елі төл “Тарихқа” ие болды: қалыңдығы кірпіштей, көлемі 50 баспа табаққа таяу, 670 беттен тұратын сүбелі кітап; тарихи оқиғаларды ешқандай саясатқа бейімдемей болған қалпында сипаттап, адамзат тарихының бір бөлегі екендігін паш еткен ғылыми еңбек. Уақыт жөнінен ол қазақ халқының үш мың, тіпті одан да көбірек жылдар өмір сүргенін саралап та, даралап та көрсетеді. Ең бастысы, неше түрлі тайпа, орда мен ұлысқа, жүзге бөлінгенімен әлденеше ғасырлық ғұмырында, әріде парсы, македондықтар, қытай, араб, моңғол, беріде қалмақ-жоңғар шапқыншылығын, орыс патшасының отарлауын, қоқандықтар мен хиуалықтар езгісін көрсе де ежелгі атақонысынан ешқайда аумай, Ертіс пен Еділ аралығындағы шалқар кеңістікте көшіп жүріп, бір тілек, бір үмітпен тілін, ділін, дінін сақтап, бірлігін жоғалтпағанын тұңғыш “Тарихы” айшықты деректермен әспеттеген, ауызекі айтылатын шежіре емес, жазба тарих! Әрі ол - Кенес Одағындағы республикалардың жеке дара шыққан тұңғыш “Тарихы”...

Қысқасы, “Қазақ КСР тарихының” ғылыми деңгейі озық, жазылу үлгісі де соны делініп, 1944 жылы И.В.Сталин атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылады. Сыйлықтар комитеті оны бірауыздан мақұлдап үміткерлер тізіміне енгізеді. Қазақтың зиялы қауымы бұған да: «Бәрекедді, төл “Тарихымыз” мәртебелі сыйлыққа іліксе – саяси мәні зор оқиға!..» – десіп, жаппай қуанып, қайсыбірі: “Ау, үміткерлер санатында қазақтың

өз тарихшылары бар ма, мәртебелі тізімге кімдер ілігіпті?..” – деген қыдырма сөздер де гу-гу өрбиді. Амал қанша, Мәскеуге қарап, құлақ түрген жұрт іле-шала жағымсыз хабар естиді: Сыйлық комитеті секциялық талқылауда өткізбепті; КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі, ресми сарапшы лауазымына ие А.И.Яковлев есімді кексе тарихшы (1878 жылы туған): «Комитет мүшелері алғашқы мәжілісте жаңсақ шешім қабылдаған, “Қазақ КСР тарихы” - ұлы орыс халқын кемсіту мақсатымен жазылған, мұндай зиянды еңбекті Мемлекеттік сыйлықпен марапаттау – жергілікті тарихшылардың ұлтшылдық пиғылын құптау болады...» - деген мәлімдемесі жолды болыпты; мәскеулік профессордың ерекше шүйілгені – Кенесары Қасымов қозғалысын ұлт-азаттық күреске жатқызып, көтеріліс басшысын халық қаһарманы етіп әсірелеп суреттеген тарауы... Сөйтсек, ол шіркін темір жолдың айырғышы міндетін атқарыпты, оның соңында атақты тарихшылар болған. Мысалы, “Наполеон”, “Талейран”, “Қырым соғысы” сияқты монографияларымен қауым сүйіспеншілігіне бөленген, Сталиндік сыйлықтың үш мәрте иегері, академик Е.В.Тарле. Ғұлама тарихшы Саратов университетінде оқыған дәрісінде: «КСРО-ның барлық ұлттарына орыс халқының жетекші рөлі – ешқашанда мызғымайтын, ешкімнің шүбә келтіруіне болмайтын ұлы ақиқат, өткен ғасырда солай болған, алдағы уақытта да сол қалпында

қала береді-міс. Өйткені, Кеңес Одағының қазіргі соғыста зұлым жауға тойтарыс беруі орыс патшасының Ресей территориясын отар елдер есебінен кеңейткені әдетке асып, Отан қорғанысы ерекше күшейді. Қарамы аз халықтардың, өркениетке кешеуілдеп жеткен ұлттардың патша өкіметінің саясатына қарулы наразылығы – ұлы орыс халқының тарихи миссиясына қарсылық...» - деген теориялық тұжырым жариялапты. Ең шатағы, профессор Яковлевтің оғаш пікірі БК(б)П Орталық комитетінің идеологиялық жұмыстарын бағыттаушы Насихат және үгіт басқармасы тарапынан да астыртын қолданған (Ескертер гәп: біздің тарихшылар осы басқарманы «насихат және үгіт бөлімі» деп жаңсақ атайды, шындығында ол - ерекше құқықтар иеленіп, СОКП-тың XIX съезіне дейін Басқарма атанған).

Таңғаларлық гәп - орыс тарихшыларының осы қаралауы XX ғасырдың алғашқы шерігінде тарих күресініне тасталған ұлыорыстық шовинизмді қайыра жаңғыртумен ағайындас идея екендігінде. Шынында да, Ресей империясы Балтық теңізінен Тынық мұхитқа дейінгі, оңтүстікте Қара теңіз, Каспий теңізі, шығыста Алтай, Тянь-шань, Памир тауларына жеткен шалқар кеңістікті иеленіп, соның бәрінде орыс ұлтының мың-мыңдаған ұрпағы қоныстап өсіп-өнді, патша ағзам сый еткен өкімдікпен жергілікті тұрғындарды билеп-төстеді. Отарлаушы елдің шенеуніктері Қазан төңкерісіне дейін орыс ұлтының жұрттан асқан «артықшылығын» бетке ұстап, қарамы азақ ұлттарды өздерінен төмен санайтын болды. Ал, Қазан төңкерісі империя халықтарына тең құқық берген жаңа мемлекет құрды. Билікті қолына алған соң-ақ большевиктер партиясы өркениеттен кенже қалған ұлттарды қасақана кемсіткен шовинистік пиғылдарға тиым салып, «Ешқандай ұлы халық жоқ, адам баласы – бір-бірімен тең және бауыр...» деген адами ұстанымды жария етті. Бұл турасында билеуші партияның көсемі В.И. Ленин «Жұмысшылар табы және ұлттық мәселе», «Ұлт мәселесі туралы сындарлы ойлар», «Социал-шовинизммен күрес туралы», «Социал-шовинистік саясатын интернациональдық ұрандармен бүркеу» сияқты еңбектерінде өз жақтастарын адамзат қауымына жат пиғылдан ада болуға шақырды. Олай болса КСРО-ның өмір сүргеніне ширек ғасыр толып, 130

ұлттың ұл-қызы қолына қару алып, ортақ жауға тойтарыс беріп жатқанда, өздерін білгір санайтын, биік лауазымға ие тарихшылардың бүйректен сирақ шығарған, қазақ халқының патша отарлаушыларына қарсы азаттық күресін орыс халқына қарсы бағытталған реакционерлік кертартпа қозғалыс деп жариялауын не деуге болады?

Насихат және үгіт басқармасының жетекшісі, академик-философ Г.Ф.Александровтың нұсқауымен жүзеге асқан қастандық КСРО ҒА-ның Тарих институтының ұжымында зор наразылық туғызған (М.Әбдіқалықовтың айтуынша, Г.Ф.Александров – И.В.Сталиннің ақылгөйі болған, 1940-47 жж. аралығында Кеңес Одағында жүрген саяси репрессияларды ұйымдастырушы «қайраткер»). «А.М.Панкратова маған «Қазақ КСР тарихының» авторлар ұжымының ортақ пікірін тұжырымдап, Ресей патшасының отаршылдық саясатына нақты сипаттама беретін ғылыми дәйектеме әзірлеуді тапсырды...» - деген куәлік айтыпты Н.М.Дружинин оқырманға мәлім естелігінде. Ал, А.М.Панкратова мәселенің саяси мәнін өзге қырынан ашып, өз ойын өткірлеп, шовинист әріптестеріне қарсы шабуылға шыққан.

Біздің шамалауымызша, сол әрекетімен ол кісі өзі редакторлық еткен «Қазақ КСР тарихын» Насихат және үгіт басқармасы жобалаған қатаң шараның жүзеге асуын тоқтатып, 10 мың дана таралыммен жарық көрген кітапты отқа өртеуден құтқарып, оның авторлары мен жазылуын құптаған қазақстандық қайраткерлерді қатаң жазалаудан адақтаған. Соған дәлел - тарихшының 1944 жылдың ақпан, наурыз және мамыр айларында БК(б)П ОК-ның секретарьлары И.В.Сталин, А.А.Жданов, Г.М.Маленков және А.С.Щербаковқа жолдаған үш хаты (Сол хаттар туралы біз М.Әбдіқалықовпен сұхбат үстінде естіп, сарыла іздеп, ақырында Анна Михайловнаның үйіндегі мұрағатында сақталған екінші данасының ксерокөшірмесіне тарих ғылымының докторы, профессор Н.Е.Бекмаханованың жәрдемімен 2007 жылдың күзінде қолымыз жетіп, ксерокөшірмесін алдық. Хаттардың машинкаға басылған көлемі 33 бет. Хаттардың жарияланбау себебі – соларда сыналған саяси қайраткерлердің қоғамға жат іс-қаракеттерін дабыраламау, әсіресе Г.Ф.Александровтың шовинистік қылығын ашпау

максатынан туған. Сондықтан да үш хаттың түпнұсқалары Орталық комитеттің жабық қорында сақталып, сірә, бертінде мүлдем жойылған. Төменде мен сол хаттардың да ықшамдалған аудармасын келтіремін, «Қазақ КСР тарихы» туралы сөздерді қысқартпай тәржімалағанымызды ескертемін.

Алғашқы хат Ленинград қаласының бірінші секретары, Саяси бюро мүшесі, БК(б)П Орталық комитетінің айбынды идеологы саналған А.А.Ждановқа жолданған, мұрағаттың екінші данасында «... ақпан, 1944 ж.» деп жазылған.

«Аса қадірменді Андрей Александрович!

Ғылыми және саяси мәні ерекше тарихи мәселелер турасында ақыл-кеңесіңізге зәруліктен бір топ тарихшылар атынан Сізге хат жолдауға мәжбүрмін. Идеология майданының қызметкерлері арасында соңғы кезде келісуге болмайтын, өздері ерекше насихаттап жүрген ой-пікірлерінде маркстік-лениндік ілім қағидаларынан бас тартып, жалған отаншылдық сезіммен бүркелген реакционерлік кертартпа теорияларды уағыздап, ескі ағымдарға, кадеттік, одан да сорақы зиянды топшылауларға ден қою салдарынан кейбір тарихи оқиғаларды бұрмалау өрістеуде. Нәтижесінде таптық көзқарас тәркі етіліп, қоғам дамуына қолданылған таптық талдау әсіре ұлттық пиғылмен ауыстырылды, идеализм, панисламизм, т.с. сияқты тарих күресініне тасталған измдерді қайта жаңғырту етек алды.

Дабылымның әншейін сөз еместігіне Сізді иландыру үшін бірнеше айғақ келтіремін.

1.1942 жылғы қыркүйек айында Г.Ф.Александров, Е.М.Ярославский, В.П.Потемкин, М.В.Митин\* жолдастарға мен буржуазиялық идеологиямен ауыз жаласып, қауымға жат пиғылды уағыздап жүрген кейбір тарихшылар жайында арнайы хат жолдағанмын. Сол хаттың көшірмесін өзіңізге де жолдадым.

2. «Кеңестік тарих ғылымына 25 жыл және Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кездегі тарихшылардың борышы» деп аталған мақалама жазған рецензиясында проф. Ефимов кіріспе бөлімін, маркстік-лениндік теория сол ілімге қарсы шетелдіктермен күресте шыңдалды деген ойымды алып тастауды ұсынды. Ефимов жолдас ұсынысын қандай оймен «дәлелдегені» таңғаларлық жайт: сөйтсек, Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кезде саяси мәселеге таптық көзқарасты бұрынғыдай тықпалау қажет емес;

өйткені, буржуазиялық мемлекеттер Англия мен Америка бізбен одақтас болып, ортақ жау Гитлерге қарсы күрес жүргізуде; сол себепті, ол: «...іштей іріп-шіріген капитализм қоғамына қарсы екенімізді дабыралау қажет пе?» - деп те ақылгөйсіді. Өріптесімнің капиталистерге жарамсақтық жасаған рецензиясын мен Александров жолдасқа көрсеттім, соған бірақ жауап алғамын жоқ. Ярославский жолдастың сол ойымды толық құптауынан соң ғана сол еңбегімді жариялауға рұқсат алдым.

3. Тарихнама ілімінде қалыптасқан тұжырымдарды түбірімен өзгерту туралы жолбике пікірлер қазірде кейбір тарихшылардың күні-түні ойлайтын арманына айналды... Өзара пікірлес топтың «ұлттық ұстанымдарын» айқындайтын жинақ әзірлеп жүргені де маған мәлім. Сол жинаққа кіретін материалдардағы марксизмнен ауа жайылған тұжырымдарды кітаптың жауапты редакторы, академик В.П.Потемкин түзетер деген үміттемін. Сөйтсе де Потемкин жолдастың беделі мен есімін өздеріне сүйеу еткен А.В.Ефимов, А.И.Яковлев сияқты тарихшылар соңғы кезде ұлтшылдық пиғылын қымсынбай әйгілеп, Маркс ілімін теріске шығаруға белсенді түрде кіріскенінен өз басым секем алып отырмын. Олардың ойынша, Ресей империясын құруда ұлы орыс халқы жетекші рөл атқарғаны - тарихи шындық екенін баса көрсетіп, империя шекарасын кеңейтуде айырықша еңбек сіңірген патша дипломаттары мен генералдарын, мемлекет қайраткерлерін тарихымыздың көрнекті тұлғалары деп жариялау қажет. Мысалы, Горчаков туралы Бушуевтің\*\*\* монографиясын проф. Ефимов жуықта өзі басқаратын кафедра атынан Сталиндік сыйлыққа ұсынды. Ал, сол еңбектің кіріспесінде Горчаковтың «ұлттық ұстанымды жан-тәнімен қорғағаны» баса айтылған, осы «тұлғаны» әсіре дәріптеудің басты себебі, сөйтсек, «орыс дипломаты құзырымен Горчаков бұрынғы Германиямен аянбай күрескен-міс».

Бұдан бір апта бұрын Бушуев жолдас тағы да «дара» ой жариялап, «XIX ғасырдағы КСРО тарихы» оқулығының редакциясы шақырған мәжілісте Одақ тарихын айшықтаған пәннің тұжырымдамасын түбірімен өзгертіп, «ондағы ұлттық нигилизмді түп тамырымен жойып, Аракчеевті, Победоносцевті, Катковты және т.б. қайраткерлерді тарихқа қайтарып, Николай I

патшаны «Еуропаның жандармы» деп әжуа етуді доғару керек», - деді. Демек, орыс патшасының сыртқы саясаты келешекті «кемеңгерлікпен» болжағанын көрсету қажет (сол үшін де ол Сталин жолдас күйреге сынаған Энгельстің «Орыс патшасының сыртқы саясаты» еңбегінен үзінділер келтірді). Александр I, Александр II және Александр III патшалардың да жүйелі түрде жүргізген ұлттық, яки «әлімжеттік» саясатын теріс деуге болмайды-мыс. Олар Польшаны бөлшектеуді әскездікпен жүзеге асырды, ал, поляктар ешқашанда дербес мемлекет бола алмайтынын әлсін-әлсін көтеріліс жасауымен дәлелдеген тентек ұлт. Демек, паниславизм идеологиясы негізінде дұрыс...

Маркстік ілімге «ревизия» жасаушылардың тағы бір өкілі - КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі А.И.Яковлев. Сталиндік сыйлықтар комитетінде ол «Қазақ КСР тарихы» туралы кереғар ой айтумен қоса Лениннің жұртқа мәлім «Патшалы Ресей - халықтар түрмесі» деген теңеуін қате тұжырым деуден қымсынған жоқ. Сол ойын байғұс профессор Мәскеу төңірегіне Иван Калита, Иван III және Иван IV патшалар ұсақ кінәздіктердің жері есебінен біртұтас орыс мемлекетін құрғанын мысалға келтіріп, патша өкіметінің XVIII-XIX ғғ. жүргізген отарлау саясатын ақтау қажеттігін дәлелдеп бақты. Яковлевтің өндірішегін жырта әйгілеген ойынша, орыс иелігімен шектескен елдердің ұлан-байтақ жерін басып алуын әлімжеттік деуге болмайды, бұл да - патша ағзамның қорғаныс шебін мейілінше күшейтуге жасаған қаракеті-міс... Осы саясатты жүзеге асырған патша генералдары Черняев, Скобелев және Орта Азия мен Қазақстанды колония етуге еңбек сіңірген Отан жанкүйерлері - ұлттық тарихымыздың шынайы ерлері-міс...

4. «Тарих журналының» редакциясына қазірде Ермоловты, Скобелевті және солар сықылды көзсіз «ерлерді» мадақтауды өтінген сұраулар, олардың «орыстың қаһарман генералдары» екендігін ұлықтаған мақалалар да көптеп түсуде. Сондай отансүйгіштік бопсаның үлгісін өзін әрдайым «жазушы» және «философ» деп атайтын Х.Г.Аджемян\*\*\*\* жолдап, Кавказ халықтарының орыс патшасына қарсы ұлт-бостандық қозғалысын қайта қарауды талап еткен. Оның пайымдауынша, Шәміл имам -

реакциялық-теократиялық топтың өкілі, діни адам басшылық еткен қозғалыстың бәрін реакциялық деп жариялау керек, автор жиі қайталаған терминдерімен айтқанда, «тау халықтары - түп-түгел тағы және ұрлықты кәсіп еткен бандиттер, ал Ресей әскері оларды мәдени және прогрестік жолға баулыды. Кавказдықтар сол жақсылықты тәрк етіп, тектен-текке қан төкті-міс». Ең ғажабы, Аджеманның қолжазбасы «таптық күресті тарихқа қолдану қазірде ескірді, одан енді бас тарту қажет...» деген «философиялық» тұжырыммен басталып, «ізгі» ойының дәлеліне КСРО әнұранының «Союз нерушимый республик свободных сплотила великая Русь» деген алғашқы жолын мысал етіп, орыс патшасының отарлау саясатын күйреткен лениндік қағидадан бас тартуды ұсынуы...

Хаттың 5-6 тармақтарында «ұлттық нигилизммен» күресуші топтың Петр I патшаның орыс мемлекетін күшейткен реформаларын мадақтаумен бірге оның қаһармандық тұлғасын шексіз абсолют етіп, дара көсем жасап, басыбайлы шаруаларды құлдық қамытынан босатуды ойластырғанына дейін қисынсыз бопсалар таратып жүргенін сөз еткен. Сол себептен де тарихи романдарда, кинофильмдерде ол қайталанбас ұлттық қаһарман ретінде бейнеленіп, Петр I патшаның культі жасалған. Сол «кемеңгердің» тек қана көпестер мен орыс буржуазиясының мүддесін қорғаушы болғаны мүлдем ұмытылды. Мысалы, оны ұлықтаушылар армян халқының парсылармен күресіне дем беріп, өзінің сүйікті бомбардирі Касьяновты жіберіп, зеңбірек құюды үйретіп, сол арқылы мұсылман дініндегі парсы халқын жер бетінен жоюға бұйырғанын да ақтап, орыс қаруы мен орыс рухын көтеру үшін тұтас бір халықты, Парсы мемлекетін құрбандыққа шалған қаракетін орыс елін сүйі деуден де қымсынбаған. «Сонда бұл не, орыс коммунистері де фашистік идеологияны жақтаған ба?» деген ауыр сөз де саяси қайраткерге жолданған. 7. Осындай кереғар топшылауларды кейбір тарихшылардың білімі мен ойы таяздығынан маркстік-лениндік ілім қағидаларынан кездейсоқ адасуына саяр едім, амал қанша, сондай ауытқулар қазірде жиілеп, ең сорақысы, бірде-бірі тойтарыс көрмей, жұртшылыққа таралуда. Бұл жайт та күні кеше әсіре патриот екендігі әшкереленген «Покровский

мектебінің» тарихшыларға зиянды ықпалының әлі күнге дейін орталық Ресейде сақталғанын әйгілейді. Яғни, осы «мектептің» тарихи шындықты тәркі еткен, ұлы орыс халқының тарихи миссиясы туралы астамшыл түйсіктері тағы да жолды болып, сонымен бірге орыс мемлекетінің адамзат тарихындағы прогрессивті рөлі мен орыс халқының жеке тұлғаларының ұлттық айбынын дәріптеу қайыра өрбіп отыр. Шындығын айтқанда, патша генералдарының ұрыс кезіндегі қаһармандығына сүйсінген күнде де соны тарихи ерлік, иә прогресс деп асыра бағалау жөн бе? Мысалы, Аракчеевтің орыс мемлекетін нығайтуға жан-тәнімен қызмет еткені мәлім, алайда соны ұлы орыс ұлтына тән ерекшелік әрі тарихи прогресс деп түсіндіру дұрыс па? Ұлы Петрдің қайраткерлігін мадақтау да жалған патриоттық түйсіктен туындаған... Енді осы топшылауды орыс патшалығы жаулап алып, бодан еткен халықтар тарихына қолдансақ, мүлдем кереғар түйінге тап боламыз. Олардың да туған жұртының бостандығы үшін арыстанша алысқан ұлт батырлары болды, төл тарихына алтын әріппен жазылар алуан оқиғаларды басынан кешті. Соны біле тұра тарихи шындықты бұрмалап, патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы шығып, күреске түскені үшін күнәкар етуіміз көкейге қонымды іс пе?

Әділін айтқанда, орыс ұлтының жетекшілік рөлін мойындату үшін бодан халықтардың барлық қозғалыстарын бандитизмге балап, тарих бетінен сызып тастауға тырысқан қиянат мені қатты мазалауда. Қазірде барлық республикаларда өздерінің тарихын айшықтаған кітаптар жазылуда. Себебі, ұлттық тарихын білуге құмарлық - түсінікті құбылыс, ата-бабалары басынан кешкен үлкенді-кішілі оқиғаларды оқып, мақтан ету - барлық халықтың рухани ділгірлігі, бостандық жолында шейіт болған, көзсіз ерлік көрсеткен батырларына құрметпен қарау да - саяси қателік пе? Жоқ! КСРО Жоғары Кеңесінің соңғы қарарлары, соған орай Атазаңға кірген өзгерістер де КСРО халықтарының ұлттық тарихын білуге ынталандырғаны сөзсіз.

1943 жылдың жазында Алматы баспасынан Одақтас республикалар тарихының алғашқы қарлығашы - «Ерте заманнан бүгінге дейінгі Қазақ КСР тарихы» атанған кітап жарық көрді. Бұл кітапты Қазақстанды және КСРО

халықтарының тарихын зерттеуге маманданған ірі ғалымдарымыз ерекше оқиға десіп, жоғары бағалады. Майданнан жолданған қазақ жауынгерлерінің сүйсініс хаттары, партия, кеңес, мәдениет қызметкерлерінің пікірлеріне қарағанда, кітап халықтар достығын нығайтуға қызмет етіп, ұлы орыс халқын құрметтеуге, сүюге дәріптейтін көрнекті құрал дүниеге келген...

Зиянды мәні жоғарыда ашық баяндалған проф. Яковлевтің сойқанды рецензиясына Александров жолдастың сүйсіне қабылдағанын естігенімде қатты қамығып, не айтарымды білмей абыржығаным, Андрей Александрович, түсінікпен қараңыз. Федосеев\*\*\*\*\*, Потемкин жолдастардың көзінше, «Қазақстан тарихына» өзінің теріс көзқарасын Александров жолдас маған мынадай екі тұжырыммен кектене жария етті: 1) Бұл кітап орыс халқына қарсы жазылған, өйткені, оны жазушылардың пиғылы патша үстемдігіне қарулы көтеріліс жасаушылар жағында болған; сол себепті онда Ресей үстемдігін тарихи ақтайтын бірде-бір айғақ келтірілмеген; 2) Кітаптың оқиғалары бастан-аяқ ойдан шығарылған, соны құрастырушылар қазақтардың адамзат тарихында орны болмағанын ескермеген, Ресей қарамағына қосылған соң ғана олар тарихи халық санатына кірген... Өз ойын бекемдеуге Александров жолдас бірде-бір айғақ келтірген жоқ. Сөз арасында ғана Яковлев пен басқарма қызметкері Шабалина бұл кітап туралы жағымсыз рецензиялар жазғанын ескертті, соларды бірақ маған көрсеткен жоқ...

8. Осы хатыммен бірге Сізге мен Қазақстан К(б)П ОК-нің «Қазақ КСР тарихында» жазылған аса мәнді жайттарды жан-жақты талқылап, Александров жолдастың қаралауына тойтарыс берген наразылық пікірін де жолдап отырмын. Шынында да біз қазақ халқын тарихтан мақрұм қалған тағы халық ретінде сипаттаған жоқпыз, солай етуге қақымыз жоқтығы да айқын іс. Сол халықтың өте бай қордалы тарихын бір жүйеге келтіру үшін академиялық үш ірі институт екі жыл шұғылданып, қалың том болған сүбелі кітап жазып отырып, авторлар ұжымы, ұзақ уақыт отарлық қанауда өмір сүрген бейкүнә халықты «тарихы жоқ» деген ескі ұғымның шырмауынан шыға алмай, шыққысы да келмеген пиғылы тараң кейбір тарихшылардың ойдан

шығарған бопсасына қалайша төзеді?..

Ал, «орыс халқына қарсы жазылған кітап» деген тұрпайы қаралауды мен ар-ұяттан безген адамдардың шолақ болжамы, білім-танымы таяз мамандардың нақақ тұжырымы санаймын. Александров жолдастың солардың бопсасын сүйсініспен қолдауы - мен үшін мүлдем түсініксіз. Әлбетте ол осы кітапты басынан аяғына дейін шұқшия оқып, ешкімнің пікіріне мән бермей парактаса, көптеген беттерінде орыс пен қазақ халқының тамыры тереңге бойлаған байланысын, бертінде ұлы орыс халқының бастауымен, озық ойлы перзенттері мен қазақ ортасынан шыққан таңдаулы өкілдері өзара бірігіп, патшалы Ресейге қарсы бірге күрескенін байқар еді. Рас, отарлаушы елдің Дала халқын бағындыруға қойған шенеуніктерін біз прогресс пен бостандық жолына бастаушылар ретінде көрсеткен жоқпыз, өйтер болсақ қазақ халқының тарихын қисынсыз бұрмалап, тарихи шындықтан ауа жайылар едік. Жә, сөйткен күнде «халықтар түрмесінде» езілген халықтарды құлдықтан құтқарған Ұлы Қазандағы социалистік төңкеріс жеңісін қалайша түсіндірер едік?! Отарлау саясатының себеп-салдарын бағалауда біз Лениннің жұртқа мәлім тезисін, яки «капитализм қанатын жая келе Қазақстанды да прогрессивтік даму жолына түсірді» деген кемеңгер ойын есте ұстап, тарихи дамудың республикада қандай жетістіктерге жеткізгенін көрсеттік. Сонымен бірге қазақтардың отарлаушыларға қарулы қарсылығын даралап, әрбірінің себебін ашып, қозғаушы күштерін, сыртқы және ішкі жағдаяттарды бүкпесіз жаздық. 1916 жылғы қозғалысты баяндағанда пролетарлық төңкерістер мен жер-жердегі «ұлттық дүмпулердің», Ленин мен Сталин көрегендікпен болжағандай, Ұлы Қазан төңкерісі мен шеткергі аймақтарда ұзағырақ жүрген азамат соғысында еңбекші елдің жеңіске жеткенін баса көрсеттік...

Қымбатты Андрей Александрович!

Сіздің әрбір минутыңыздың есепте әрі қазақ халқының тарихын шұқшия оқуға уақытыңыздың жоқ екендігін түсінемін. Сөйтсе де... Әлдекімдердің бұзық пиғылымен ушыққан бұл мәселе одан әрі күмілжуді көтермейді, саясатта ғана емес, үгіт-насихат ісінде де әркім өз ойын бүкпесіз ашып, партия жолына адалдығы мен большевиктік табандылығын көрсетуге тиіс,

ал соғыс күндерінде бұл талап ерекше күшейе түспек.

Сіз еңбек ететін Ленинград - Қазақстанды қамқорлыққа алған тарихи қала. Ленинградтықтар бұрын да, қазір де Қазақстанға өмірдің барлық саласы бойынша, әсіресе мәдени жұмыстарда зор көлемде қолғабыс беруде. Қазақстанда ұзақ болғанда мен қазақ халқының таңдаулы өкілдерінің ленинградтықтарды сүйіспеншілік лебізбен мақтан тұтып, ежелгі достары санап әрі ынтық сезіммен еске алатынын сан мәрте көріп, тәнті болдым. Сондықтан да мен Сіздің қазақ халқы, оның тарихы туралы бір ауыз жылы лебізіңіз, марқұм болған досыңыз С.М.Кировтың сөзіндей әсерлі, бұлжымас заң ретінде қабылданатынына сенімдімін. Сол себептен де мен Сізден қалайда уақыт тауып, Қазақ КСР-ның тұңғыш тарихын парактап шығып, пікір айтуыңызды қиыла өтінемін?! Сыйлық комитетінің тарих секциясының алғашқы мәжілісінде бірауыздан мақұлдауын тәрк етіп, соңынан Александров жолдастың нұсқауымен ешқандай дәлелсіз Сталиндік сыйлықтан үміттілер тізімінен шығарылуы - Қазақстан басшылары тарапынан да наразылық туғызды (М.Ә.Әбдіқалықов «Аргументы и факты» апталығының 1897 жылғы № 7 санында жарияланған сұхбатында Мәскеуге, Яковлевтің ұрда-жық сынын жоққа шығарған хат жолданғанын ескерткен - М.С.). Әлбетте біз дайындаған кітап олқылықтардан ада емес, кейбір тараулардың деректік сипаттамасының әлсіздігін де білеміз. Сол себептен кітаптың Сталиндік сыйлыққа лайық туынды болмауы да кәдік. Сөйтсе де туысқан, бауырмалдығы ғажап қазақ халқын қаһармандық көрсеткен айтулы оқиғалардан айырып, «тарихы жоқ халық» деп, көшіп-қонумен күнелткен тобыр етуді өз басым түсінбеймін... Келеңсіз жайтты Сізге кеңірек түсіндіріп әрі осы хатта баяндалған күрделі мәселелердің мән-жайын нақтылау үшін мені қабылдауыңызды қиыла өтінемін?!

Коммунистік сәлеммен...

А.М.Панкратова, КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі»

А.А.Ждановқа жолдаған екінші хаттың көшірмесі Анна Михайловнаның өз қолымен жазылған, көлемі екі жарым бет, дербес мұрағатына 3-39 болып тіркелген, бірінші бетінде



## АЛАШТАНУ

«26 сәуір 1944 жыл» деп көрсетілген. Қысқартусыз ұсынамыз.

«Қымбатты Андрей Александрович!

Ақпан айында жолдаған хатымда Сталин, Киров, Жданов жолдастардың тарих туралы «ескертулерін» кімдердің және қалай бұрмалағаны жайында ашына жазып, аз уақытқа болса да қабылдауыңызды өтінген едім. Өкінішті жайт: Сіз Ленинградқа едел-жедел қайтып кеттіңіз де өтінішіме жауап ала алмадым.

Наурыз айында сол мәселе жайында, өзімді ерекше қамықтырып жүрген істі түсіндіру үшін А.С.Щербаков жолдастың қабылдауына сұрандым. Ол кісі қабылдауға әуелде келіскенімен менімен әңгімелесуге уақыт таппады?.. Сталин жолдасқа өтініш жолдауды ыңғайсыз санадым, соғыс жүріп жатқан уақытта әр минуты есептеулі қайраткердің назарын тарих мәселесіне алаңдатуға дәтім жетпеді. Сізге, міне, екінші мәрте хат жолдап отырмын, аса мәнді тарихи мәселе бойынша қабылдауыңызды өтінемін. Өйткені, Ұлы Отан территориясында жүріп жатқан ауыр соғыс қандай мәселеде болсын ашық көзқарасты, партиялық принципке адалдықты және рух бекемдігін талап етеді (даралаушы хат иесі - М.С.). Бұл тұжырым саясат ғана емес, үгіт-насихат жұмыстарына да қатысты. Ал, тарих үшін - соғыс жағдайында ерекше маңызды! Мен Сізді осы мәселе турасында сірәда мазаламас едім, бірақ, өкінішке орай, Насихат-үгіт басқармасы біздің наразылығымызға ешбір мән берген жоқ. Көпшілік қатысқан жиындар мен дәрістерде мінбеге шыққан тарихшылар мен насихатшылар басқарма тарапынан жыл басында құпталған «Қазақ КСР тарихы» туралы солақай тұжырымның өзгермейтінін жиі қайталап, маркстік-лениндік ілімге кереғар пікірін қауым санасына етене етуге тырысуда. Бізде қалыптасқан осы келеңсіздікке пікіріңізді біліп, өзімнің де ұстанар бағытымды Сізбен келісім келеді. Өйткені, бекем бағдарсыз жұмыс істеу - өте қиын. Ғылыми серіктерім, студенттер мен үгітшілер де менен осы жайында жауап күтулі. Ал, мен оларға маркстік диалектика қағидаларына сүйену керек деймін. Жә, сонда, сол мәселені күні кеше зиянкестігі әшкереленген «Покровский мектебінің» жаңсақ бопсасымен түсіндірушілерге не дейміз? Мысалы, олар

«Тарих та - саясат, тек ол өткен уақыттың оқиғаларын ағымдағы саясатқа бейімдейді» десе - біз оларға қандай теорияға сүйеніп тойтарыс береміз?..

Сізден қиыла өтінемін: менімен кездесуге қалайда уақыт тауып, қысқа мерзімге болса да ақыл-кеңес беріңіз; Сізден өзге жолдастарға сөзім өтпесін жүрегім сезеді; қысылтаяң сәтте жасаған көмегіңізді Кеңес тарихшылары, сірәда ұмытпайды, ұлан-ғайыр еңбегімен ақтайды!..

Коммунистік сәлеммен А.Панкратова.  
Үй телефоным: Т6-77-21,

Зубов бульвары 16/20, 15 пәтер»

Бұл хатына да А.М.Панкратова жауап алмаған. Қайсар тарихшы көкейкесті істі аяғына жеткізуге бел байлап, 1944 жылғы 12 мамырда БК(б)П Орталық комитетінің 4 секретарына бірдей - И.В.Сталин, А.А.Жданов, Г.М.Маленков және А.С. Щербаковқа хат жолдап, Насихат-үгіт басқармасы қасақана шиеленістірген мәселеге төрелік айтуды өтінген. Хаттың машинкаға басылған көлемі 20 бет, мұрағаттағы тіркелу саны - 697.

Соңғы хатында Анна Михайловна өзін толғантқан тарихи мәселелерді, А.А.Ждановқа жолдауында 8 тармақпен баяндаған жайттарды қайталаған, алғашқыдан айырмашылығы - «Қазақ КСР тарихын» тап болған келеңсіз жайтты жабық кабинетте, оған қарсы болған тарихшылардың теріске шығаруымен шешпей, тарих білгірлері түгел қатысқан ашық талқы ұйымдастырып, ғылыми талдауды қадала өтінген. Төменде біз маркстік-лениндік қағидаларға «ревизия» жасаушылардың тежеусіз және жымысқы әрекеттерін әшкерелеген беттерді (ұзын ырғасы 13-14 парақ) аттап өтіп, 3-хаттың кіріспесі мен қортынды жасаған аяқ жағын ғана келтіреміз.

«Қымбатты жолдастар!

1944 жылғы 16 мамырда Отан тарихын мектепте оқыту туралы партия мен үкіметтің ерекше маңызды қарары шыққанына 10 жыл толады. Сол қарар және тарихты маркстік-лениндік ілім аясында зерттеу турасындағы ОК-тің жыл сайынғы жетекші нұсқаулары, әсіресе «КСРО тарихы» мен «Жаңа тарих» оқулықтарының қолжазбаларына Сталин, Жданов, Киров жолдастардың шынайы большевиктік «Ескертулері» тарих ғылымының бағдар-бағытын

## АЛАШТАНУ

түзеуге көмек беріп, Отан тарихын маркстік ілімге қарсы бағытталған буржуазиялық ағымдар мен теріс бұрмалаушы «Покровский мектебінің» зиянды ықпалынан тезірек арылтуға септігін тигізді. Нәтижесінде Тарих ғылымы елеулі табыстарға жетті...».

А.М.Панкратова одан әрі соңғы 10 жылда жарық көрген тарих оқулықтары мен ғылыми еңбектерді атап, Кеңес одағының Жоғары оқу орындарындағы тарих, философия факультеттеріне қарайтын кафедралардың игі жұмыстарын және ғылыми-зерттеу институттары жүзеге асырған жаңа зерттеулерді тізіп, сол еңбектердің Ұлы Отан соғысы жылдарында жаңа белеске көтеріліп, Қызыл Армия жауынгерлерін отансүйгіштік сезімге рухтандыруға айтарлықтай әсерлі болғандығын сөз еткен.

КСРО ҒА-ның өзі басқаратын Тарих институтының осы жұмыстарды жүзеге асырудағы жетекші рөлін, тыңнан жүргізген зерттеулерін даралап атап, Мәскеу мен одақтас республикалардың ғылыми-тарихи институттары, тарих кафедралары мен зерттеу мекемелерімен бірлесіп, тарих ғылымын алға дамытуға арналған бес жылдық жоспар жасалғанын, соның бірақ БК(б)П ОК-нің Насихат және үгіт басқармасында қозғаусыз жатқанын ескертіпті: «Кеңес тарихшыларының жүйелі зерттеулері, таңғаларлық жайт десек те болады, 2-дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ғылыми жұмыстары шетелдерде, нақты айтқанда, Англия мен Америка ғалымдары тарапынан оңды бағалан-ды. Сол елдердің тарихшы мамандары өздерінің зерттеулерін, біздің де басты еңбектерімізді аударып, халыққа таратты. Мысалы, «Американское экономическое обозрение» журналы Лениннің «Империализм - капитализмнің ең жоғарғы сатысы» атты классикалық еңбегіне арнаған рецензиясында: «Ресей тарихшылары өздерінің зерттеуіне басшылыққа дербес ілім ретінде терең негізделген ғылыми теорияны пайдаланады, күллі кеңес халқы ұлы орыс халқының бауырмал достығына бас иіп, сұрапыл соғыс ауыртпалығын да сол халықпен бірге көтеріп, жеңіске жетуде...» - деп жазды. Байыптап қарасаңыздар, біздің идеологиялық принципімізді, идеялық дербестігімізді шетелдіктер де оқып әрі ізет

білдіруде...» - деген кіріспеден соң А.М.Панкратова БК(б)П ОК-нің жетекші секретарьларына өзінің қарапайым коммунист ретінде хат жазған себебін баяндайды. Тарих институтының соғыс кезінде жүргізген ғылыми зерттеулеріне КСРО ҒА-ның төралқасы, Насихат және үгіт басқармасы немқұрайды қарауына бірнеше айғақ келтіреді: институт дайындаған көлемі 700 баспа табақтан астам ұжымдық еңбек басқарма кеңсесінде ашылмаған қалпында жатып қалған, рұқсат болмаған соң Саяси баспа оны терімге жіберген жоқ; «Орыстардың әскери өнері турпалы очерктер» қолжазбасы да 1941 жылы басқармаға ұсынылғанымен үш жыл бойы қозғаусыз жатып, 1944 жылы ғана оның жобалық макеті басылды, ал жинақтың өзі, сірә, соғыс жеңіспен аяқталған соң жарық көрмек; 1941-42 жж. жазылған «Ұлтшыл-социалистер кімдер?» (Герман фашистерінің тарихы туралы очерктер) деп аталған зор көлемді ұжымдық жинақ та, «Бұл жұмысты тереңдетіп қайта жазу керек» деген ескертпемен, олқылығы нақты көрсетілмеген жадағай рецензиямен екі жылдан соң институтқа қайтарылды; 1941-42 жылдары жедеғабыл жазылған «Славяндардың германдықтар агрессиясына ғасырлық күресі» деп аталған тарихи мәні ерекше қолжазба да осы күнге дейін Насихат және үгіт басқармасы тағайындаған рецензенттерден әлі күнге дейін қайтқан жоқ, сөйткен себебін басқарма жетекшісі ғана біледі...»

Хат иесі ашына хабарлаған немқұрайды жайттан туатын қортынды: Кеңес Одағындағы үгіт-насихат және идеологиялық жұмыстарға бағыт-бағдар беріп әрі соның орындалуын бақылауға тиіс Басқарма академиялық Тарих институтын қасақана елеп-ескермей, ұсынған жұмыстарды үнемі аяқасты етеді; сол немқұрайлылық, хат иесінің болжауынша, биік лауазымға ие кейбір тарихшылар мен философтардың соңғы екі-үш жылда өздері жариялаған еңбектерінде, көбіне жұрт алдында оқыған дәрістерінде маркстік-лениндік ілімнің Кеңес Одағының еңбекшілері, қоғамдық ғылымдар ізденістеріне нұсқа еткен негізгі қағидаларын тәрк етіп, ең сорақысы, мінеп-сынап, емін-еркін ауытқулар жасауына жол ашқан-мыс. Соның бәрі Насихат және үгіт басқармасының жетекшісі Г.Ф.Александровтың қолдауымен

жолды болғанын да ашына жазған.

Өз уәжіне дәлел ретінде А.М.Панкратова ұсынған тың айғақтарының бірі мынау: «Қадірменді академикіміз Е.В.Тарле Ленинград университетінің ғылыми кеңесінде жуықта оқыған, «Ресейдің XIX-XX ғғ. территориялық кеңеюі» деп атаған дәрісінде В.И.Лениннің «патшалы Ресей, шындығын айтқанда, халықтар түрмесіне айналды» деген жұртқа мәлім тезисін ешбір қымсынбай жоққа шығарды. Белгілі тарих мамандары Минц пен Сидоровтың сол уәжге наразылық білдірген ескертуіне: «Лениннің бейнелі теңеуіне қазірде түзету жасау керек, өйткені патша өкіметінің өктем шараларын тарих толық ақтады. Ресей территориясын бұратана халықтардың ұлан-ғайыр жерімен кеңейту Кеңес мемлекетінің қорғаныс қабілетін қамтамасыз етті. Мұнан артық сіздерге қандай дәлел керек?!..» - деген Евгений Викторовичтің жауабын не деуге болады? Рас, бұл жайтты кезінде Маркс пен Энгельс те ескерткен. Алайда, атақты академиктің сол тезисті қайта жаңғыртуы студенттер мен тарих мамандарының көкейінде шым-шытырық ойлар туғызбасына кім кепілдік бере алады? Жә, солай десек, Социалистік Отан қорғанысы территориялық фактордан гөрі Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің орасан зор ұйымдастырушылық жұмысы мен Кеңес халқының жанқиярлық ерлігі нәтижесінде ерекше күшейіп, ақыр аяғында зұлым жауға тойтарыс бергенін не себепті ұмытамыз? Түсініксіз тұжырым, одан да гөрі зұлымдығы айқын қате түйсік демеске амалым жоқ. Шынында да Қызыл Армия жау әскерінің өлермендікпен алға ұмтылған жойқын шабуылына қарсы тұрмаса? ұлан-ғайыр территорияның бізді құтқарар-құтқармасы екіталай іске айналар еді...»

Хат иесі 15-бетте А.А.Ждановқа жолдауында сөз еткен басты мәселені тың ойлармен өткірлей баяндапты: «Патшалы Ресей мен орыс халқының мүддесін бір ниет, бір тілекке байлауды көздеген кейбір тарихшылар теріс-қағыс тұжырымдарына иландыру үшін патша өкіметінің отарлау саясаты орыс халқының ғасырлар бойғы көкейкесті ой-арманынан өрбіді...» деген байлам жасайды. Сөйтіп, жаратылысынан бауырмал орыс халқы «тағдыр жазуымен» жаулаушы озбырға айналады. Бұл уәждің баяны тіпті сорақы: көп ұлттан құралған

патша империясының ұлыдержавалық саясатын Одақтас республикалардың басын қосқан Кеңес өкіметі айнытпай қабылдап, Отан қорғанысына ұтымды пайдаланған-мыс... Таңғаларлық уәжді, түп мәнінде фашистік идеологиямен қабысқан ойды жариялаушы - «философ-жазушы» Х.Аджемян. Ең ғажабы, осы «ойшылдың» «Тарих философиясы» атаған еңбегін мінбеден де, жазба түрде де уағыздаушы - проф. П.П.Смирнов, проф. А.И.Яковлев және басқалар. Солардың қаскөй әрекеттерін, Аджемянның «уағызының» зияндылығын сынаған проф. С.В.Вахрушиннің «Правда» газетінің редакциясына тапсырған мақаласы осы күнге дейін жарияланған жоқ. Сорақылығы айқын тұжырымға менің де зығырданым қайнап, Социалистік Отанымыздың өмір сүруі мен одақтас республикалардың құрылуын диалектикалық тарихи дамудың үлгісі ретінде көрсетіп, Ұлы Қазан төңкерісінің жеңісінен туып, орыс халқының туысқандық көмегімен езгіде болған ондаған халықтар іргелі мемлекеттің тең құқықты мүшесі болғаны жайында «Ұлы орыс рухы біріктірген» деген атаумен мақала жазып, «Правда» газетіне ұсындым. Өкінішті жайт: газет алқасы ұнатқан сол мақала да маған беймәлім себептермен редакция тартпасында қозғаусыз жатыр...

Патшалы Ресей мен орыс халқын өзара жақындастыру пиғылы ақыр аяғында қандай сайқымазақ тұжырымға душар ететінін корреспондент-мүше А.И.Яковлевтің «медальдің екінші беті» аталған жаңа теориясынан айқын көреміз. Өз «теориясын» ол екі мәрте дәлелдеді: Сталиндік сыйлықтар комитетінің тарих секциясында «Қазақ КСР тарихы» кітабын талқылағанда жария етіп, одан соң Насихат-үгіт басқармасына жазбаша түрде ұсынған рецензиясында қайталады. Яковлевтің ойынша, «Қазақ халқының тарихы 33 автордың қатысуымен шынайы және ынтық сезіммен жазылған, оның әр бетінде езілген ұлтқа деген ерекше сүйіспеншіліктің әсері айқын байқалады-мыс. Алайда, авторлар медальдың сыртқы беті болатынын ұмытып, патша үкіметі жүргізген отарлау саясатын барынша әшкерелеуді көздеп, сол жерге қоныстанған орыс халқының өкілдерін ерекше сүмірейтіп, жаулаушы етіп көрсеткен. Орыс патшаларының тарихи жағдайға орай әрекет етіп, орыс шаруаларын сол аймақтарға

қоныстандыру арқылы империя шекарасын сыртқы елдерден қорғауды ойлағаны мәлім. Демек, олар өздеріне бодан болған халықтардың мүддесін де ескерген (даралаушы - хат иесі)... Проф. Яковлев XVIII-XX ғасырларда орыс патшасының отарлау саясатын прогрессивті санап, бодан халықтардың ұлт-азаттық көтерілістерін реакционерлік дейді. Көтеріліс емес, «қарақшылық шабуылға» жатқызады. Патша әмірін орындап, жергілікті халықтарды қанға бөктірген Черняев, Скобелев, Кауфман, Неплюевті «орыс тарихының қаһармандары» жариялап, оларға қарсылық көрсеткен көтеріліс көсемдерін қарақшы деуден титтей де қымсынбайды...

(А.М.Панкратова бұл хатында да Г.Ф.Александровтың «Қазақ КСР тарихын» жоққа шығарып, қазақ халқын қиыр далада көшіп жүрген тағы тайпа еткен сөзін келтіреді).

«...Кереғарлығы мен қияпастығы бетке ұрып тұрған сол пікірге академик, көрнекті философ әрі биік лауазымға ие коммунистер Федосеев пен Потемкиннің таңданыс білдірмей, жым-жырт тыңдағаны мені осы күнге дейін таңғалдырады. Олардың үндемеуі Насихат басқармасының басшысын қостауы ма, әлде «үндемеген үйдей пәледен құтыладының» кері ме? Меніңше, екеуі де. Жә, сонда, үлкен одақтас республика, жер көлемі аумақты, халық саны, экономикалық күш-қуаты күллі әлемге әйгілі, қаһармандығын ержүрек ұл-қыздары Ұлы Отан соғысы басталған кезде-ақ көрсеткен қазақ халқын тарихта бедер-ізі жоқ көшпенділер тобыры деп не себептен шетке қағамыз?..

Әлбетте, кітапта түрліше кемшіліктер болуы мүмкін, авторлар ұжымы соларды келесі басылымдарында түзетіп, қосымша деректермен толықтыруға әзір. Сөйту үшін тек Александров жолдас біздің басымызды қосып, кітапты сынаушыларды да қатыстырып, байқалған олқылықтарды көрсетсін. Қазақстан К(б)П Орталық комитеті Басқармамен келісіп, жыл басында ел тарихын білетін екі ғалымды Мәскеуге жіберді. Уәде етілген талқыны қазақстандықтар екі ай зарыға күтіп, бір ауыз пікір естімей ренжіп қайтты. «Марксизм туы астында» журналының редакциясы өткізуге тиіс жиын болған жоқ, дау туғызған жайттар да түсініксіз қалпында қалды.

Бұл кітап 1942-43 жылдарда асығыс жазылып, бостандық туы астында бақытты өмір сүріп, мәдени жаңаруға түскен кешегі бодан халықтың шынайы тарихы еді. Республика жұртшылығы оны қуана қабылдады: майдандағы жауынгер қазақтар, еңбекші халық пен зиялы қауым өкілдері жолдаған көптеген хаттардан біз «Қазақ КСР тарихынан» күткен үмітіміздің толық ақталып, ғылыми еңбектің зор өрлеу туғызғанына тәнті болдық... Сол туындыны пиғылы тар әсіре білгіштердің теріс-қағыс бағалап, саяси тұрлаусыз еңбек деуімен үнсіз келісіп, қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан әскери дәстүрлері, Ресей патшасының үстемдігіне қарсы күресі, қозғалысты бастаушы көсемдерінің барлық іс-қаракеті реакционерлік әрі орыс халқына өшпенділіктен туған десек - сол халықтың ұлттық сезімін аяққа таптап, көңілін түңілдірер қолайсыз жайтқа душар етерімізді неге ойламаймыз? Кітап авторлары патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы шыққан халық қозғалысын сипаттағанда ұлы орыс халқының бауырмалдық ниетін сірәда ұмытқан жоқ, қайта нақты айғақтармен айшықтады. Орыс халқының да патша үстемдігіне сан мәрте қарсы шыққанын неге ұмытамыз? Мына тарихта біз соны да даралап көрсетіп, мысалы, Пугачев көтерілісіне қазақтардың да қатысқанын жаздық. Кейбір тарихшылар осы шындықты ескергісі келмейді, Ресей империясындағы халықтар тарихын жазғанда сол жұрттың орыс патшасының өктемдігіне қарсы күрестеріне мән бермей, одан гөрі көрші елдермен қақтығысын, Ресеймен тізе қоса тойтарыс берген ұрыстарын басымырақ жазуды жөн көреді. Бодан халықтардың сол шайқастарда өз бетінше қимылдамай, жеке дара субъект емес, запы шеккен тарихи объект ретінде сипаттауды ұсынады. Бұл да таңданарлық ұйғарым?! Енді бір жолдастар Ұлы Отан соғысы жылдарында кейбір халықтар, біз күткендей, Кеңес Одағының жанкүйері ретінде қаһармандық көрсетпеді, сондықтан да олардың тарихын зерттеу қажет пе... деген де астамшылық пікір айтуда. Ал, өзіндік тарихтан жұрдай деп шетқақпайлаған қазақ халқы ортақ Отан үшін қан төккен ұрыстарда қаһармандық көрсетті, солардың ортасынан қазірдің өзінде 100-ге таяу Кеңес Одағының Батырлары шыққаны кездейсоқ ерлік пе?!

## АЛАШТАНУ

«Қазақ КСР тарихы» төңірегінде өрбіген дау-дамайға саяси мән берілуі себепті кітап авторлары БК(б)П Орталық комитетіне ұжымдық өтініш жолдады, өздері үшін принципке айналған мәселеге Насихат және үгіт басқармасы назар бөліп, жергілікті тарихшыларды қатыстырып талқы ұйымдастыруды өтінеді.

...Біз, кеңес тарихшылары, БК(б)П Орталық комитеті осы хатқа саяси мән беріп, Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан ауыр күндерде қалайда уақыт тауып, жоғарыда баяндалған кереғар жайттарды талқылап, ғылыми жұмыстарымыздағы кемшіліктерді тезірек түзетуге көмек сұраймыз, сонда ғана біз тарихи зерттеулерімізді нық сеніммен өрістетеміз.


Әрине, бұл жұмыс та Ұлы Отанымыздың ділгір қажеті мен мәртебелі мүдделерін кеңінен ойластыруға септігін тигізіп, дүние жүзі еңбекшілерінің тәуелсіздік жолындағы ұлы күресіне үн қосар игі іс болмағы айқын...

Коммунистік сәлеммен  
А.Панкратова, КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі  
Мәскеу, Зубовский бульвар 16/20 үй, 15 пәтер. КСРО ҒА-ның Тарих институты, тел. К-1-28-36, К-0-71-28

(басы алдыңғы санда, жалғасы бар)



**МҰХАМЕТҚАЗЫ МҰХАМАДИҰЛЫ,**  
*этнограф, тарихшы.*



### **МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ – ҚАЗАҚ БОСТАНДЫҒЫНЫҢ ТАҢ АЗАНШЫСЫ**

Азаншы Ғафлат түн құшағында жатқандарды өзінің айбарлы да анық дауысымен «Оян, қазақ» деп жар салған бостандықтың үндеушісі. Жиырмамыншы ғасырдағы Алаш көшбасшыларының бірі Міржақып Дулатов халықты қалт тұрғызатын ұранмен бой көрсетті:

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,  
Қазағым енді жату жарамасты.

Ақын мұраты-ел мұраты. Күнелтетін жер отаршылдық талауға түсіп, рухани сенім жойыла тозғындай бастаған тұста өмір бойы халқының жоғын жоқтап, санасын ояту жолында қызмет етті. Бұл мұрат туған халқының алдында өлшеусіз мұра болып қалды. Қазақтың жоғын жарату үшін күш-жігерін жұмсады. Ең бастысы, қазақтың ойын сергітіп, өнер-білім жолына бастаушы болды.

Міржақып шығарған «Серке» газетіне сай еді. Ол өз тұсында демократиялық іс-әрекеттің ұйытқысына айналды. 1931 жылғы энциклопедияда: «М. Дулатовтың публицистикалық өлеңі басылған «Серке» газеті қазақ баспасөзінің бастамасы болды»-деп жазған, демек, Міржақып еңбегін халқына ерекше бағалап, осы «Серке» газетінде басылған «Біздің мақсатымыз» мақаласының «Қазағым менің, елім менің» деген сөздерімен бастауынан-ақ, оның өз ұлтына деген сүйіспеншілігінің алаулы жалыны лапылдап тұрады. Бұдан оның күрескер ұлтының

қайраткерлігімен қоса, шебер журналист және өзін қазақтың жетілген баспасөзінің жетекшісі деп ұғуға хақылымыз.

Ұлттық қозғалыстың қажымас ту көтерушісі деп білеміз. Ең алғаш еркіндік пен бостандық туралы ұран тастап, әлемге жар салған жалынды ақын қазақ әдебиетінің тарихында өшпес із қалдырды. Ол ағартушылық ойдың өрісін кеңейтіп, ұлы дәуірдің қарқынына ілесерліктей айбарлы әрекеттерге жетеледі. Халық мұратын ту етіп көтерген ұлттық қозғалыстың алдыңғы шебінде жүрді. Ол нұрлы өмірдің ұраншысы болды. Сондықтан замандастары оны «дала перзенті» - деп аса зор құрметпен атады. Бұл баба ақынның өшпес бейнесін бүгінде әуелетіп, заманнан-заманға өзінің әділдігін таныта түседі. Міржақып ұйқыдағы халқын оятып, қарқынды іске, теңдікке үндеген азаттық пен бостандықтың таң азаншысы болды. Бұл күнге халқының ертеңіне сеніммен карап, «ол күнді біз көрмеспіз, келер ұрпақ көреді» деп азаматтық көрегендік танытты.

Орыс пен Қытай империясы екі иығынан басып тұрған қазақтың Қытай елі Тарбағатайдың күнгейдегі қандастарының халін де бір сәт есінен шығармады.

1918 жылы сәуірде Міржақып Дулатов ағайынды Мәрсековтер, Итбай Назарқандар Шәуешек қаласына келеді. Өр Байжігіт еліндегі ел жақсылары атқа мінген Мәметек Мәсалым би, Анжан қажы, Баян қажы, Қошқарбай елінің

## АЛАШТАНУ

Тоқжан, Таңғыт үкірдайлары атына қанық Алаштың айтулы азаматы Міржақыпты кезек-кезек шақырып, елдерінің ата салтымен көкқасқа тай сойып, күтіп алады. Атақты бүкіл орта жүзге 4 рет төбе би болып, балапандай бауырына басқан елін, қызғыштай қорғаған, қазақтың тағдыры үшін қайғырған қысқа ғана өмірінде 140 күй таратып, әлем қазағы дәу пері күйшілері қатарынан орын алған, әділ билік айтып, аға сұлтан Құнанбайды шұлғытқан, домбырамен ән салғанда қозыкөш жердегі ел жиналса, сыбызғымен күй тартқанда ұшқан құс шыр айналып, бірге шырылдап, жүгірген аң, төрт түлік мал аңырап қалатын, «Жібек жирен», «Бұлғын-сусар», «Салкүрең», «Ой толқыны», «Бұтабайға кеңес», «Қоңыр қаз» т.б. күйлері арқылы қазақ тарихының алтын қорына айналған Қайрақбай күйшінің немересі Заманбек бастаған өнерпаздар бастап, ақырына дейін жиын сауық, құрмет көрсетеді.

Бұл отырыстарда Заманбектің шерткен күйлеріне ерекше тәнті рухы көтерілген, ықыласы ауған Міржақып Дулатов Қытай қазақтары туралы былай дейді: «Мен Арқаның талай жерін араладым, тәтті күйлерді тыңдадым, Заманбектей үш жүздің баласынан күйші табыла қоймас. Өнерің үстем болсын, өткен өмір өшкен ізге айналмасын, қарт тарихты қадірлейік:

Қайран ел, қайран жерім кербетеге.

Дүниеде Сарыарқама жер жете ме.

Ойлайтын елдің қамын, ердің зарын,

Бұл елден де ұл туып, ер жете ме -

деп Қытайға бодан қазақтардан да ел қамын, Алаш арманын қолдайтын ерлердің болуын көксейді.

Алашордаға, оның тобына қырғындай тиген орыс қызыл империясының қуғындауы Алаш арыстарын өз елінде жер басып жүруінің мүмкін еместігін туғызған хиямет ізіне түскен кезде Міржақып екінші рет 1931 жылы Қытайдағы Тарбағатайдың күнгеіндегі төрт үкірдай ел Дөртуыл, Мәмбет, Керей-Уақ, Мәметек, Қошқарбай елінің арасына екі рет елді оятуға, әрі бас сауғалап барады. Баян қажы білімдар дананың келгеніне құлай түсіп ұлы Сығайды оқытсын деп Қанар деген дұрыс тіл табыса білетін адамды Шәуешекке жіберіп, Міржақыпты шақыртып алады.

1933 жылы желтоқсанда Баян қажы Майлы тауының Қызылкүнгеі деген қыстауында

отырғанда Кеңес үкіметінің иісшіл қызыл ізшілері соңына шырақ алып түсіп, сол түні ұстап әкетеді. Міржақыптан сауат ашып, білімдар кейін ел басқарған Сығай Үрімжіде атақты күрескер Таңжарық Жолдыұлымен бірге түрмеде болады.

1944 жылы Таңжарықтың «Сығай зәңгіге» деген өлеңі осы Міржақып жайын сөз етіп жазады.

Кемел ой Алаш көшбасшыларының бірі Міржақып Дулатов 1920 жылы өзінің «Оян, қазақ» романын жазғандығы үшін қуғын көріп, Алматыда тұра алмай, Қазақстанның шығысындағы бүгінгі Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданындағы қалың Найман Дөртуыл Жанабай болыстың ауылына барып, Бекмұқамет молданың үйінде үш жылдай салт тұрады.

Талай еңбектерін жазады. Елдің көңіл-күй ауанымен танысады. Саялы ормандай, алынбас қорғандай ел ішінде емін-еркін сайрандап қайтқан Алаш арысы өз мекеніне аман-есен оралысымен:

Ел Қайда Дөртуылдай өр Найманда,

Бір күнде болып жүрдік біз сайранда.

Ол елдің салтанатын айтып болмас,

Тұрғандай басын шайқап жан қайранда.

Қажыға еш адамды теңгермеймін,

Молланы өз әкемнен кем көрмеймін.

Ғайни мен Сақыпжамал, Ғазез бауырым,

Туғандай бір атадан сендер деймін.

-деп риясыз көңіл күйін өлеңмен өрнектеп, басына қауіпті күн туғанда пана болған Дөртуыл еліне сәлем жолдаған.

Осында сөз болған Жанабай қажының баласы Дарқанбай болыс кейін әкесінің ордасында Алаш қайраткері Міржақып болған деген қазақы күбір – сыбырмен соңына түскендіктен, Қытай асып біздің күнгеі Тарбағатай Сібетіндегі сегіз зәңгі Дөртуыл ішіне өтіп кетеді.

1947 жылдың сары күзі болатын, қызыл қырман астық бастырған кез еді. Кешке дейін қырманда Шаңтасқа мінген Қажектің ұлы екеуіміз кешкісін Ақжардың аузындағы көк жасандағы ауылға қайттық. Астымыздағы қаптың екі басында алып қайтқан қауын-қарбызымыз бар болатын. Бір мезетте арт жағымызда қалған ауыл балалары жарысып, тасырлатып келе жатқан дүбірінен ала жөнелген астымыздағы көкжорға ауыздықсыз келе жатқан бізді ала жөнеліп, астымыздағы қауын-қарбыз көтерілген кезде мінгескен екеусіз тастақ жолға

## АЛАШТАНУ

құладық. Менің иығым қолтығыма түсіп жабысып қалды. Осы кезде сәтін салып үлкен қоныр аттың үстінде сары барқыт қаптал шапаны, күміс кісе белбеуі, ақ күлнаралы елтірі тымағы бар Дарқанбай болыстың келе қалғаны. Сахара тәрбиесімен алдынан шығып сәлем берген маған үнемі үйімізге жиі келіп жүрген ақсақал:

- О, балам, өңің бозарып, түсің қашып тұр ғой не болды? - деді. Әкем болған жайды айтып еді дереу салалы саусақтарымен қолымнан ұстап, бір қолын қолтығымның астынан демеп, тартып қалғанда иығым сырт етіп орнына түсті, түйенің шудасын тұзды суға малып, таңып тастады. Дастархан жайылып, әке-шешем көңілдері орнығып ұзақ әңгімеге кірісті. Әкем де ел аралап арғы-бергі бетті асқан адам еді. Кезінде Зайсанда болған екен. «Алашорда» деген сөзді сол күні Дарқанбай болыстың аузынан естідім. Сөйтсем, жас шамасы 60-тан асқан болыс кезінде Міржақыпты өз әкесі Жалабай қажының үйінде үш жылдай тұрғанын күбір-сыбырмен сақ құлақтары естіген НКВД-ның сұмдары Дарқанбайдың соңына түскен соң, бір күнде өзіне таныс кезеңмен түнделетіп Қытай асып келген.

Таршылық халқымыз хақында аз мұнажат (М.Дулатов).

Жас орнына көзімізден қан кетіп,  
Қолымыздан ата мирас заң кетіп,  
Үкімі шарифаттың емес қолда,  
Ғаділдікпен халық билеген хан кетіп,  
Аяқ асты болып қазақ қалды ғой,  
Құр әншейін рухы қалып, жан кетіп.  
Кім жазалы өзімізден көрмесек,  
Төбемізге шығардық қой дәндетіп.  
Сүлік болып қазақ қанын шаққан соң,  
Ауызына салмай қайтсын аңдатып.  
Әлі де болса ояналық Аллалап,  
Жалпы халық жаратқан хаққа пенде етіп.  
Мезгілінде қару қылмай қимылдап,  
Бұл уақытта тұрмыз енді хал кетіп.  
Ұйқыда жатыр қазақ көзін ашпай,  
Кеттік қой отқа күйіп өрттен қашпай,  
Әр халық ойға кетіп жатса-дағы,  
Біздің жұрт шегінеді қадам баспай.  
Сахара, сахара деп қалдық надан,  
Өнерлі халықтармен араласпай,  
Басқа жұрт алтын, күміс мысалында,  
Простой біздің қазақ қара тастай.  
Барына әркім сараң болып кетті.  
Бай малын, өнерпаздар ғылым шашпай.

Қазағым қырық ауызды бола қалар,  
Шықса егер пайдалы іске біреу бастай.  
Иттыпақ жүзден бірі енді болса,  
Бытырап тоқсан тоғыз кетер тастай.  
Хуррият, инсаниат, хахханиат,  
Тұрмайды осы үш сөзді маһкам ұстап.  
Бай, мырза халық билеген ұлығымыз,  
Пайдасыз жемісі жоқ қу ағаштай.  
Аһ десе, іштен қайнап шығар жалын,  
Халықтың кім түзетер мүшкіл халін.  
Далада көшіп-қонған сахарауи  
Халық еді біздің қазақ баққан малын.  
Пайдасыз зарарына жұмасушы еді,  
Сарып етіп мал мен мүлік, хайла амалын.  
Алданып көзі жетпей қалған жоқ па  
Махрұм сыбағадан жай қаларын.  
Бихабар алдағы істен ғафия болып,  
Қақпанның білмеуші еді құрылғанын.  
Жиырмасыншы ғасырға қарсы тұрған  
Шықпаса шаһибаздар бірлі-жарым.  
Талап өнер іздеп жастар шығып,  
Көңілдің шығармаса хасталарын.  
Еуропа ғылымынан өрнек алып,  
Қазақтың қуанамыз жанасқанын.  
Мақсатқа муафиқты ғылым тауып,  
Тұқымын миләтке әкеп шашпай анық  
Тұманда мұнар ауа жол таппаған.  
Халықтың жолға салса адасқанын.  
Бихабар мағырпаттан саңырау қазақ.  
Мәз болып жүргеніне сақтап жанын.  
Көзінен қан ағызып қойған жоқ па,  
Қазақ ұлы ұраны Алаш барын?  
Қазақтың өз ішінде жоқ матбұғат,  
Жаһилек пен жалқаулық көп, жоқ аһмиат.  
Дертке дәрмен табил қайдан табылар,  
Күннен күнге ауырлады мағимат.  
Күн көреміз қайда барып, Алашым,  
Білгіштердің хал мүшкілін қарасын.  
Сүйегі жоқ, тіске жұмсақ болған соң,  
Әркім жейді біздің қазақ баласын.  
Аз емеспіз, алты миллион халықпыз,  
Алхамдолла надандыққа ғарықпыз.  
Жайымыз жоқ онан басқа мақтанар,  
Сахарада диқар болып қалыппыз.  
Біздің жұрттың зарадай жоқ намысы,  
Ғайрилардың өнерменен жарысы,  
Мағрифалы озып кетіп миллатлар,  
Көз жетпейтін арамыздың алысы.  
Надандықтың шарбатына мас болдық,  
Зараға дос, пайдамызға қас болдық.



## АЛАШТАНУ


Үлкеніміз қадилыққа жазылып,  
Жадид деген партияда жас болдық.  
Мұнымыз да дұрыс емес ойласақ,  
Пайдасы жоқ халқымызға қоймасақ,  
Өзді-өзіміз дұшпан болып жүргенде  
Жарар еді басқаға жем болмасақ.  
Айтқан сөзді алмайды қазақ тыңдап,  
Тұрмас еді білгіштер сөзін бұлдап,  
Халық пайдасы деп біреу сөйлесе егер,  
Ант етсең де танбастан тарқар шулап,  
Кінәны жұртқа аударып ақысынамыз.  
Еш нәрсе көрмегенсіп тапсынамыз.  
Дәреже ісімізде иттифат жоқ,  
Жіберіп ғақыл, назар халық сынаңыз.  
Бірлік жоқ алты ауызды халықпыз ғой,  
Қатардан сол себепті қалыппыз ғой.  
Ғылым мен мағрифатты керек қылмай,  
Надандық шарбатына қанықпыз ғой.  
Көп әлі көргеніңнен көрмегенің,  
Алынбас ілтифатқа көнбегенің.  
У беріп бас орнына қамқорыңыз.  
Жау болып шыққан жоқ па ел дегенің?  
Көресің не болғанын сене берсең,  
Өртүрлі айтқанына көне берсең.  
Молла болсаң өсек көп ерген артқа,  
Хакім болсаң күңкіл көп және халықта.  
Өнерлінің дұшпаны көп болады.  
Сол себепті, шықпайды ісі жарыққа.  
Ғылым үйрен, ашылсын көзің жастар.  
Тәрбиеле өзіңді-өзің жастар.

Өзің біліп ешкімге айтпай қойма,  
Білгеніңді тезірек халыққа шаш бар!  
Сонда тиер пайдаңыз аймағына,  
Кім оқымас рахмет пайдалыға.  
Әрнәрсенің парқына көзің жетсе,  
Алдаушының түспейсің қармағына.  
Білмегеннің зарарын көп көрдің ғой,  
Аз беретін орынға көп бердің ғой.  
Өз малымды дей алмай өзімдікі,  
Қорыққан күні біреуге тек бердің ғой.  
Сөз асылын таниды файмлар  
Ақымаққа айтқаның жайға қалар.  
Жұрттың бәрі бірдей деп ойламаймын.  
Түсінгендер бұл сөзден пайдаланар.

Алаштың рухани алтын бесігі Семейде  
Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов атында  
көшелер бар. Ал, бүгін сол көшелердің көріктенуі  
мен ондағы тұратындардың Алаш арыстарына  
деген құрмет мақтанышы неден көрініп тұр?  
Ештеңе өзгешелік байқалмайды. Ерге деген  
құрмет елден болады. Бізше Алматы, не Астана  
қаласындағыдай аттары берілген көшелерге  
солардың ескерткіш тақтасы, не шағын бюстері,  
ұлтына деген сүйіспеншілік сөздері жазылып  
ілініп қойса, саудагерлердің жарнамаларымен  
өзекті өртеген өзгенің маскара плакат  
көріністерінен ұлтқа деген ғибраты мол болар еді.  
Семейдің сонда ғана руханияты мольға түсер еді.  
Біз Алаш рухынан алыстамайық. Ол – ел  
болуымыздың сара жолы, туы, ұраны.



ҰҒҰР ГҮРСҰ. Стамбул университетінің докторы.



## SEBIT MUKANOV VE “BOTAGOZ” ADLI ROMANININ DİL ÖZELLİKLERİ

Sebit Mukanov Kazak edebiyatının 20. yüzyıldaki en önemli temsilcilerinden biridir. Romanlarının ve şiirlerinin yanı sıra Kazak folkloruyla ilgili araştırmaları da bulunan yazarın en önemli eserlerinden biri “Botagoz” adlı romanıdır. Bu makalede Sebit Mukanov’un yasami ve eserleri hakkında bilgi verdikten sonra, tarafımızdan Türkiye Türkçesine aktarılmış olan “Botagoz”un dil özelliklerinden bahsedeceğiz.

Anahtar Kelimeler: Sebit Mukanov, Botagoz, Kazak Türkçesi, Kazak romanı.

### I. Yasami ve Eserleri

Sebit Mukanov 22 Nisan 1900’de bugünkü Kuzey Kazakistan eyaletinin şehirlerinden biri olan Jambil’da doğdu. Yazar 18 Nisan 1973’te Almatı’da vefat etti. Mukanov çocukluk yıllarında ilk öğrenimini koy imamından almıştır. Küçüklüğünden itibaren halkın dilindeki şiir ve türkileri ezberleyip, topluluk onunde okumayı seven Mukanov, 14-15 yaşlarında hem sözlü hem de yazılı olarak eser vermeye başladı.

Ombi’daki öğretmenlik kursunu 1919’da, Orinbor’daki isci fakültesini 1926’da, Moskova’daki “Kızıl Profesörlük” Enstitüsünü 1935’te bitirdi. 1926-1928 yılları arasında “Bostandik Tuwi Gazetesi”nin yazı işleri sorumlusu, “Enbeksi Kazak” (bugünkü “Egemen Kazakistan) gazetesinde bölüm sefi, Kazakistan Devlet Yayınevi’nin bas redaktörü olarak görev yaptı. 1935-1936 yılları arasında “Kazak Edebiyeti” gazetesinin bas redaktörü olarak çalışan

Sebit Mukanov, 1941-1951 yılları arasında Kazakistan Yazarlar Birliği’nin başkanlığı görevini yürüttü. Ayrıca 1937-1941 yılları arasında Kazakistan Ulusal Parti Üniversitesi’nde profesörlük vazifesinde de bulunmuştur.

Mukanov’un ilk kitabı olan “Sovyet Okimeti Jene Kazak Elyeli” (Sovyet Yönetimi ve Kazak Kadini) çeşitli şiirler, makaleler ve çevirilerden meydana gelmekte olup, 1924 yılında basılmıştır. Basılmış olan şiir kitapları şunlardır: “Jumastin Olimi” (Jumas’ın Olumu) (1988), “Albom” (Album) (1924), “Balbone” (1926), “Oktayabr Okilderi” (Ekim Temsilcileri) (1924), “Suluwsas” (1928), “Ak Ayuw” (Ak Ayı) (1935). Yazarın “Esiya” (1925), “Azgin” (1927), “Ker Zaman” (Kadim Devir) (1928), “Altın Aymak” (Altın Bolge) (1934), “Til Aluwsilar” (Ogut Alanlar) (1942) adlı kısa öykülerinin yanı sıra, uzun hikayeleri de bulunmaktadır: “Akbope’nin Izdirab?” (1927), “Dostar” (Dostlar) (1937), “Balwan Solak” (Solak Pehlivan) (1941), “Baktasinin Balas?” (Cobanın Cocugu) (1953).

Sabit Mukanov’un Kazak Edebiyatı’ndaki unu, büyük oranda, onun romanlarından gelmektedir. “Adaskandar” (Kaybolanlar) (1931) adlı roman, düzeltmelerden sonra 1959 yılında “Moldir Mahabbat” (Saf Ask) adıyla tekrar basılmıştır. Bu roman önce “Sin Baya” (1935) ve daha sonra “Svetlaya Lybov” (1962) adlarıyla Rusçaya çevrilmiş ve birkaç kez basılmıştır.

Yazar “Moldir Mahabbat” adlı romanının basında bu düzeltme ve değişiklikleri neden yaptığını şu şekilde

aciklamaktadir: "Bu, Kazakcasi 1931 ve 1935 yillarinda "Adaskandar" adiyla, Rusca ceviri ise 1935 yilinda "Sin Baya" olarak basilan romandir. Vaktiyle halkin begeniyle okuyup, hararetle uzerinde tartistigi bu romanda, elestirimenlerin makalelerinden ve okurlarin mektuplarindan birtakim dikkate deger eksiklikler oldugu anlasild?. Onlari o sirada duzeltmeye, cagdas hayatın surekli ortaya cikan meseleleri imkan vermedi.

Son zamanlarda bu romani arayanlar cogaldi, bunun baslica sebebi; sonraki yillarda tekrar basilmayan romanin degil piyasada, kutuphanede bile seyrek bulunmasidir. Bu durumu fark edince, hala bos vaktim olmamasina ragmen, okuyucu toplulugunun makul arzusuna uyarak, romani biraz gelistirip, tekrar yayinlamayi uygun buldum.

Edebi eserin canli bir varlik gibi oldugu malumdur; vucudun bir yerine musallat olan kucucuk bir cerahatin, sizisini tum vucuda yaymasi gibi, edebi eserin de bir yerine dokundurulan kalem, butun yapıyı yerinden oynatir. Bu yuzden de "duzeltme" adi verilen oltaya yakalanan eser, yama yapilan bir sey gibi degil, bazen yeni bastan yaratilan bir sey gibi olur.

Once "Adaskandar", simdiyse, "Moldir Mahabbat" adini verdigim bu eser de boylesi bir "operasyona" ugradir. Kaynaklari, olaylari, temel karakterleri, onlari kendi aralarindaki dramatik iliskileri eskisi gibi olmakla birlikte, anlatim acisindan roman epeyce degiserek, basindan sonuna kadar tekrar yazildi. Boyle olmasinin diger bir onemli sebebi sudur: Agir sucu yuzunden adil bir ceza ceken bas kahraman "kartal", gerekli cezayi cekip, vatandaslarin arasina katildiktan sonra, romani olgunlastiracak yeni materyaller verme luzumunun dogmas? ve "Adaskandar" basildiktan sonra, diger bir baskahramani olan Betes'in de genis "hatiratının" bulunmasidir.

Adi gecen degisikliklere ugradiktan sonra, romana onceki adi olan "Adaskandar"i vermektense, "Moldir Mahabbat" adini vermek uygun goruldu .”

Yazarin diger romanlari ise sunlardir: "Temirtas" (1935), "Esil" (1937), "Jumbak Jalaw" (Jumbak'taki Bayrak) (1938), "Sirderya" (1947) ve "Omirt Mektebi" (1930-1964) adli uclesmesi. "Jumbak Jalaw", tipki "Adaskandar" roman? gibi yazar tarafından tekrar ele alinmis ve Botagoz adiyla tekrar basilmistir. Roman yeni adiyla Ruscayla birlikte diger yabanci dillere cevrilmis ve cok okunmustur.

Sebit Mukanov, Kazak Turkleri'nin meshur halk bilimcisi Sokan Welihanov'un hayatini konu alan ve

uc cilt olarak tasarladigi "Akkan Juldiz" (Kayan Yildiz) adli romaninin son cildini yazmadan vefat etti.

Mukanov tiyatro sanatina da degerli katkilarda bulunmustur, yazarin "Akan men Zayra" (Akan ile Zayra) (1936, Muhtar Ewezov'la birlikte), "Partilet" (1938), "Alt?n Astik" (Altn Bugday) (1940), "Sokan Welihanow" (1964) ve "Kaskar Kizi" (1958) adli piyesleri bulunmaktadir.

Yazarin eser verdigi diger sahalar ise edebiyat tarihi ve folklor arastirmalari. Sebit Mukanov'un "XX Gasirdagi Kazak Edebiyeti" (20. Yuzyildaki Kazak Edebiyeti) (1932), "XVII-XIX Gasirdagi Kazak Edebiyeti Tarihi Ocerkteri" (17.ve 19. Yuzyillar Arasinda Kazak Edebiyeti Tarihi Bilgileri) (1941), "Osuw Joldarimiz" (Gelisme Yollarimiz) (1960), "Jarkin Juldizdar" (Parlak Yildizlar) (1964), "Halik Murasi" (Halkin Mirasi) (1974) gibi arastirmalari ile "Abay Kunanbayev" monografisi yayinlanmistir.

Mukanov'un gazetelerde yayimlanan yazilarini topladigi bircok kitabi da bulunmaktadir: "Seyahattar" (Seyahatler) (1954), "Tuwgan Jerdin Tininda" (Dogdugum Yerin Kirinda) (1955), "Tanda Tungan Bayl?k" (Safakta Donan Zenginlik) (1957), "Aliptin Adimdari" (Kahramanin Adimlari) (1959), "Adam Atanin Sokisinda" (Adem Baba Tepesinde) (1959), "Zamandas Tuwrali Aniz" (Cagdasim Hakkinda Efsane) (1961).

Kazakistan Yazarlar Birligi'nin uyesi olan ve 1941-1951 yillari arasinda bu kurumun baskanligini da yuruten Mukanov, Kazakistan Komunist Partisi'nde de cesitli gorevlerde bulunmustur. Yazar, Abay Kunanbayev ve Sokan Welihanov adina verilen odullerin yanisira Kazakistan devletinin verdigi onur odulune de sahiptir. Sosyalist sisteme inanmis ve bu sisteme hizmet etmis olan Sebit Mukanov iki kez Lenin nisani (1960, 1970), iki kez de "Emegin Kizil Sancagi" nisaniyla (1950, 1957) taltif edilmistir. Yazarin yasaminin buyuk bir kismini gecirdigi Almati'daki evi 1975 yilindan itibaren muze olarak faaliyet gostermektedir .

## **II. Mukanov'un Kisiligi ve Sosyal Cevresi**

Sebit Mukanov'un karakteri ve sosyal iliskileri ile ilgili en ayrintili ve doyurucu bilgileri esi Meriyam Mukanova'nin "Saginisim Sebitim" (Hasretim Sebitim) adli hatiratinda bulmaktayiz. Bu hatirat yazarin ailesi, yakin dostlari ve yasaminin muhim noktalarini yansitmak konusunda oldugu kadar, kendisinin edebiyata ve toplumsal meselelere bakisi konusunda da onem tasimaktadir.

Dogustan yetim olan Mukanov'un dort erkek, iki kiz cocugu oldugu ve cocuklarına karsi her zaman yumusak davrandigi, onlari kirmamaya ozen gosterdigi anlasilmaktadir. Mukanov'un ikinci oglu olan Marat da babasinin izinden giderek yazar olmus ve ayni zamanda, doktor unvanini almıs olduğu tarih alan?nda akademik eserler kaleme almıstır .

Meriyam Mukanova esinin cocuksu ve saf bir kisilige sahip oldugunu, edebiyattan ve yazarlar birliğindeki islerden baska seylerle alakadar olmadığını bildirmektedir . Sosyal bir kisilik tasiyan Mukanov'un evinin surekli misafirlerle dolup tastigi, pek cok farkli milletten dostlari olduğu anlasilmaktadir. Mukanov'un yalnız kalmaktan hoslandigi zaman dilimi eline kalem aldigı anlardan ibaretti, bunun disinda insanlarla sohbet etmekten cok hoslandigi hatıratında ifade edilmektedir .

Sebit Mukanov ve ailesinin, yazarın "Kizil Profesorkluk Enstitüsü"nde okudugu Moskova yıllarında büyük maddi sikintiler cektigini anlatan Meriyam Mukanova, hatta o sırada yeni dogmus olan ucuncu cocuklarının daha iki yasına gelmeden hastalanıp oldugunu, yavrucagi mezarliga goturmek için araba tutacak paraları olmadığı için, tramvayla gittiklerini yazmaktadır.

Yazarın eğitimini tamamlayıp Almati'ya dondugu 1935 yılında Yazarlar Birliği'nin başkanı secilmesi, yaşamındaki önemli donum noktalarından birini oluşturmaktadır. Surekli toplantılar ve edebi sohbetlerle gecen bu günlerde, Mukanov edebi çalışmalarını da aralıksız sürdürmüştür .

1930'lu yılların ikinci yarısından itibaren Sovyetler Birliği genelinde yaşanan kovuşturma, soruşturma ve yargılamalar Kazakistan'da da etkisini göstermiştir. Stalin yönetiminin bu karanlık döneminde pek çok Kazak aydını haksız suçlamalarla idam edilmiş, hapsedilmiş veya Sibiryaya sürülmüştür. Sebit Mukanov bu surecte tutuklama ve suçlamaya maruz kalmasa da, Seken Seyfullin'le yakın dostluğu yuzünden, sik sik polis merkezine çağırılıp ifadesi istenmiş ve sürekli tutuklanma korkusuyla yaşamıştır.

Bu surecte Sebit Mukanov'un çevresindeki pek çok insan, kendisiyle ilişkilerini kopararak ondan uzaklaşmış ve yazar bir anlamda toplumdan yalıtılmış olarak yaşamıştır. 1937 yılındaki bu sikintili günlerde Sebit Mukanov Komünist Parti üyeliğinden çıkarılmış, esi ve dört cocugu ile birlikte büyük bir gecim sikintisi içine düşmüştür. Bir yıl kadar zaman geçtikten sonra Mukanov tekrar ise alınmış ve tutuklanma korkusu büyük oranda ortadan kalkmıştır.

Yumusak baslı ve sakin bir kişilige sahip olan Sebit Mukanov'un milli dil ve kültürle ilgili konularda gerektiğinde sesini yükseltmekten çekinmediğini bildiren Meriyam Mukanova, 1969 yılında meydana gelen bir olayı nakletmektedir: Kazakistan Pedagoj Enstitüsü'nde doktora yapmakta olan ve o sırada eğitim bakanı yardımcılığı görevinde bulunan Serbakov adlı kimsenin doktora tezi tesadufen Mukanov'un eline geçer. Tezde ileri sürülen düşünceleri okuyarak çok sinirlenen yazar bu sözlerle tepkisini gösterir: "Bunlar Kazakların kokunu mu kurutmak istiyorlari! Kazak okullarını kapatmak gerek, onların gelecegi yok demek istiyorlar. Hayır, ben savunmaya katılayım. İlimi kurulun uyesi olmasam bile, kendi fikrimi gidip söyleyeceğim. Buna gecit vermemek gerek!"

Esinin tüm itirazlarına rağmen savunmaya katılan ve görüşlerini dile getiren Mukanov'u dinleyen olmaz, adayın tezi kabul edilir. Sebit Mukanov'un savunmaya giderken hazırladığı Rusca notların orijinali Sebit Mukanov müzesinde saklanmakta olup, Meriyam Mukanova hatıratında bunların Kazakça özetini sunmaktadır. Yazarın tez savunmasında ileri sürdüğü itirazlar şöyledir: "Carlık yönetimi devrinde açılan ilk Rus okulları somurge halkları için misyonerlik okullarıydı. Bundan 200 yıl önce bile Rus tarihçileri azınlıklar için açılan misyonerlik okullarının bu halkları somurmenin zalimce bir usulu olduğunu yazdı. Bundan yuz yıl sonra bu fikri Sibiryalı Buryat aydını Dorji Bonzarov ve diğerleri de ifade ettiler. Carlık Rusyasının okullarındaki misyonerlik faaliyetleri 19. yy. sonuna kadar sürdü, daha sonra o, "Ruslaştırma ile" birleştirdi. Adayın yere göğe sigdiramayarak övmekte olduğu "Rus-Kirgiz" veya "tek tipleştirme" okulları, bu son gerici akımın meyveleridir..."

"... Aday çalışması boyunca Kazak okullarına dil uzatarak, oradaki yuzlerce pedagoğu; parti, sosyalist gençlik teşkilatı ve diğer kurumlara üye olanları ve nihayet orada okuyan milyonlarca kişiyi; o okullarda okuyarak, eğitim olarak, hayatın tüm sahalarında çalışmakta olan öğrencileri yok saymaktadır... Bu mühim meseleyi gözardı ederek, aday siyasi bir hataya düşmektedir..."

"... Adayın fikirlerine göre, gerçek anlamda enternasyonal terbiyeyi Kazak çocukları ancak karışık okullarda alabilirler. Ona göre, "Cogunluğu oluşturan herhangi bir ulusun dilinin, devletin işleyisi açısından tüm uluslarca anlaşılır olması şarttır". Aday bununla ne demek istemektediri..."

Yoksa, sadece somurgecilerin dillerinde

konusup, o dillerde mi yazmak gerekiri.. Kazak okullarini kapatmakla ilgili olarak aday acikca birsey soylemese de, tezin butunlugundeki mana boyledir..."

"... Milli okullar her halkin, her milletin kendisine can veren pınarlarıdır. Okul; dilin, edebiyatin ve basinin, sanatın pek çok dalinin, kisacasi, milletin millet olarak kalmasının temelidir..."

"... Genclerin enternasyonal terbiyesi denilen kutsal kavram sozkonusu edildiginde bile, ben milli Kazak okullarının kapatılmasına tamamen karsiyim..."

"...Benim vicdanım ideolojik temeldeki boylesi hatalara dayanamaz. Bu yuzden de ben kendi fikrimi ve muhalefetimi acikca soylemeliyim" .

Mukanov'un milli dile verdiği onemi ortaya koyan diger bir ornege, oglu Aristan'i Moskova'ya eğitim için gönderirken verdiği ogutlerde rastlamaktayız: "Aristan sen Rusların arasına gidip, Kazakçayı busbutun unutacaksın. Bu yuzden, sen bize mektupları sadece Kazakça yaz. Hataların olsun varsın. Fikirlerini Kazakça ifade et, utanma. Öğrenirsin". Babasının ogudunu dinleyen Aristan'ın ilk mektuplarında gulunc hatalar bulunsa da, sonrasında babasının yardımıyla Kazakcasını düzeltilmiş ve daha sonra da sadece Kazakça konusur hale gelmiştir.

Velut bir yazar olan Sebit Mukanov'un her gün yazı masasına oturup çalıştığını, gündelik işler yuzünden çalışamadığında gününü bosa geçmiş sayıp uzulduğunu yine esinin hatiratından öğrenmekteyiz. Yazarken dış dünyadan kendisini soyutlayan, tamamen eserine yoğunlaşan yazarın yazmaktan asla usanmadığı anlaşılmaktadır .

Mukanov'un basarılı bir yazar olmasının yanısıra, çok bilgili bir folklor araştırmacısı olduğu da bilinmektedir. Sebit Mukanov'un yakın dostu ve aynı zamanda dunuru olan yazar Gabit Musıperov, damadı Aristan'a su itirafta bulunmuştur: "Aristan, Sebit'le birlikte Kazakların tarihinin ve seceresinin de bir iikismi gitti. Bizim aramızda halkımızın geleneklerini ve adetlerini Sebit kadar derinlemesine bilen insan yok artık. Ben bazen "Sebit, ben falan yerde bir söz okudum, bunun manası nedir?" derdim, o hemen cevap verir, acıklardı" .

Omrunun sonlarına doğru doktorların çalışmasını yasakladığı Sebit Mukanov, Sokan Welihanov'un hayatını anlattığı "Akkan Juldiz" romanını bitiremeyeceğini sezince, "Kazak Kawimi" (Kazak Kavmi) adlı folklor araştırmalarına dört elle sarılarak onu bitirir. Kendisi olduktan sonra bu kitap,

epeyce kısaltılmış, adı (muhtemelen tehlikeli olduğu düşünülerek) "Halik Muras?" (Halk Mirası) olarak değiştirilmiş ve bu şekilde basılmıştır.

Meriyam Mukanova'nın "Saginisim Sebitim" adlı hatiratından, Sebit Mukanov'un su isimlerle yakın dostluk kurduğu anlaşılmaktadır: Seken Seyfullin, Gabit Musıperov, Melik Abdullin, Muhtar Ewezov, Muzafar Elimbayev, Iygıbay Elibayev, İlyas Kabilov, Tursinbek Kekisev, Ebdijemil Nurpeyisov; Kazak halk ozanları Jambil Jabayev ve Kenen Ezirbayev; Rus yazarları Yuriy Velyayev, Aleksey Tolstoy, Samuil Marsak, Ivan Suhov, Aleksey Bragin, Dimitriy Snegin ve Özbek yazarı Gafur Gulam.

III. Botagoz Romanının Konusu ve Sahis Kadrosu

İlk kez 1938'de "Jumbak Jalaw" (Jumbak'taki Bayrak) adıyla basılan roman, yazarın yaptığı bazı değişikliklerden sonra 1953 yılında bu kez "Botagoz" adıyla okuyucuyla buluşmuştur. Sebit Mukanov "Botagoz"de Ekim 1918 devriminin öncesinde ve devrim sürecinde Kazak bozkirinde yaşanan olayları sosyalist bakış açisiyle yansıtmıştır.

Yazarın romandaki bu yaklaşımı romanın yazıldığı yıllardaki edebiyat anlayışına tamamen uymaktadır; zira "Botagoz"un "Jumbak Jalaw" adıyla yazıldığı yıllarda Kazak yazarları eserlerinde ağırlıklı olarak Sovyet yönetimini övmekte, eski carlık yönetiminin haksızlıklarını ve zulümlerini eleştirmekte ve devrim sonrasında Kazak toplumunun yapısında meydana gelen olumlu değişiklikleri sıralamaktaydı. Bu dönemde yazılan eserlerde görülen diğer bir özellik ise Kazak-Rus dostluğunun vurgulanması ve devrimin insanları birleştirici yönünün ön plana çıkartılmasıdır. İkinci Dünya Savası yıllarında yazarların bu yaklaşımları değişecek ve öncelikli olarak vatanseverlik, kahramanlık, Sovyet hükümetinin savaş propagandası gibi konular ele alınacaktır .

Yazar, romanda öncelikle Kazak bozkirinin devrimden bes yıl önceki durumunu sergilemektedir: Carlık Rusyasının sonuna doğru, imparatorlukta düzen iyiden iyiye bozulmuş; yolsuzluk, haksızlık, rusvet ve adam kayırma had safhaya varmıştır. Rus olsun, Kazak olsun tüm idareciler bu bozuk düzenin temsilcileridir, bunların tamamı halkı ezmekte ve kendi çıkarlarını elde etmek konusunda hiçbir sınır tanımamaktadırlar. Din adamları da halkı kandırmakta ve onların inançlarını somurmaktadır. Kazak halkı sabrinin sonlarına doğru gelmekte fakat ne yapılması gerektiğini kestirememektedir.

Kazak bozkiri için tek umut yeni yeni filizlenmekte olan sosyalizm gibi görünmektedir. Bu noktada ise romanın iki baskahramanı öne çıkmaktadır: Sosyalist Kazak aydınlarının simgesi olan Askar ve devrimin halkın geneline yayılmasında kadınların üstleneceği rolü simgeleyen ve romana da adını veren akıllı, cesur ve bilgili Kazak kızı Botagoz. İki kahramanın da ortak noktası fakir olmaları ve zor şartlarda büyümeleridir.

İdealize edilmiş olan bu iki baskahraman romanda karakter değil, tip olarak ön plana çıkmaktadır: Askar; genç, yakışıklı, ileri görüşlü, durust, gözüpek, yardımsever ve bilgili bir gençtir. Sosyalist mücadeleye atıldığı sıralarda, gençliğin verdiği toylukla, ihtiyatsız davranarak sürgün edilmesi dışında, dikkate değer hiçbir kusuru bulunmamaktadır. Botagoz ise; güzelliği, zekası, ahlaki ve cesaretiyle devrimci Kazak kadınının timsali olarak öne çıkmaktadır. Geleneksel yaşam tarzında kadına biçilen pasif role karşı çıkan Botagoz, sosyalist mücadeleye erkeklerle birlikte atılmaktan çekinmemiş, siyasi faaliyetlere katılmış ve devrim mücadelesinin zafere ulaşmasından sonra da ziraat mühendisi olarak yüksek bir kariyer sahibi olmuştur.

М.Әуезовтің “Еңлік-Кебек” пьесасында Нысан абыз қобыз тартатын әулие, көріпкел ретінде сипатталады. М.Әуезов «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген әйгілі еңбегінде абыз сөзінің арғы тегі «хафиз» деген арап сөзінен енгенін, бұл ұғымның бақсылық құлдырағанда пайда болған синкретті түсінік екенін атап өткен. Ол бұл туралы былай деп жазады: «Кей уақытта мұсылманшылық пен ескіліктің бітім қылған да жері бар. Ел әуелгі кезде мұсылманшылықты ұстаса да, мұсылманның молдасынан өзінің бақсысын артық көрген. Бақсыда үлкен қуат

болып, елдің ықыласын өзіне тартып, билеп отырған. Сондықтан кей жерлерде бақсыға мұсылман әулиелерінің сипатын алып келіп, жамағаны бар. Мысалы, ескі замандарда «абыз» дегендер болған. Абыз деген сөз арапша «хапыз» деп шығады. Ізгі, әулие деген сөз. Бақсы өзі әулие орнында күтулі болады. Мінеки, бұл ескілік пен жаңаның жасаған бітімі».

Профессор Қ.Жұбанов «Қобыз» сөзінің басқы «қ» дыбысы түсіп қалғанда, «о»-ның орнына «а» дыбысын қолданғанда, «абыз» болады. Қазақта ескі кездегі шамандарды «абыз» деп атаған. Ру құрылысы дәуірінде олар ру бастықтары болғандықтан, рудың ақсақалы, үлкені болғандықтан «абыз» сөзі барлық үлкендіктің аты болып кеткен. Әйелдің үлкенін де қазақтар – абысын, татарлар – абыстай, ағаны абзи дейтіндері сол абыз ұғымынан шыққан сөздер.

«Қ» дыбысы «и» дыбысына айналған уақытта «иомыз» болар еді. Шуаш тілінде бақсы, сиқыршы ертеде «иомыз» деп аталды. Академик Марр бұл сөзді ескі гректің легендарлы ақыны Гомер сөзінің бір тарауы деп біледі» деп жазады.

Қырғыздар қарияны «абышқа», түрікмендер әкені «аба», моңғолдар «аав» деп айтатыны белгілі. Моңғолда «ховс» деген сөз бар, оның екі түрлі мағынасы бар: 1) Ховс – дуа, сиқыр, көз байлау. 2) Илбэ ховс – дуалаушылық, сиқыршылық, көз байлаушылық. Сонымен бірге түрікмендер әнші-жыршыны «хапыз» деп те атайды.

Әйткенмен абыз сөзі арап-парсыдан келген деген М.Әуезовтің уәжі қисындылығымен орынды. Себебі абыз деген атау көне түрік бітігінде, немесе ежелгі жазба мұраларда, сонымен бірге түрік-моңғол елдерінің тілдік қорында біз талдап отырған мағынада кездеспейді деуге болады. Рас, алтайлықтарда, хакастарда «абыс» деген сөз бар. Олар христиан дініндегі попты осылайша атаған, демек түбірі арап бұл кірме сөз кейінгі заманда миссионерлер тарапынан жергілікті халыққа тарағанын ғалым И.В.Бутанаев дәлелдеп жазады.

Тағы бір ерекше айта кететін елеулі жайт, қазақ этнологтары абыз сөзін «жрец» деген ұғымның балама атауы ретінде де ғылыми әдебиетте кеңінен қолданатынын да ескерген орынды.

Қазақтағы абыз типі қашан, қай заманда, не үшін, қандай мақсатта пайда болды? Бұл сұраққа Ә.Марғұланның мына пікірі жауап бере алатын секілді: «...қазақтың абыздары ескі замандағы оқымысты, бақсылардың дәстүрін соңғы заманға сақтап келген, солардың қалдығы деуге болады». М.Әуезовтің пікіріне иек артсақ та абыз тұлғасы шамандық құлдыраған кейінгі дәуірде ислам дінімен сыбайласып пайда болғанын байқауға болады.

Фольклортанушы Е.Тұрсынов дәнекерші тип – бақсы мен көріггіден (көріпкелден) кейінірек, ал маманданған өнер иесі болып саналатын жыраудан сәл бұрынырақ болжаушы-абыз типі қоғамда қызмет еткенін схема арқылы сызып көрсетеді. Әрине, Е.Тұрсыновтың пайымдауынша әскери болжаушы абыз (жрец) көшпелілердің әлеуметтік-рухани өмірінде шамамен б.з. I мыңжылдығында қызмет жасаған.

Ал, біз тексеріп отырған кәдімгі абыз деген атаумен қазақ халқының рухани өмірінде әрекет еткен белгілі тұлғаларға келсек, олар сол ежелгі дәуірдегі ұғым-түсініктерді қайтадан жаңа заманға лайықтап жаңғыртушылар, дәуірлей бастаған ислам дініне байырғы салт-сананы ұштастырып, идеологиялық сұранысты өтеушілер деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Шығармалары. Т.2. Алматы, 1995.
2. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т.4. Алматы, 2001.
3. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. Т.9. Павлодар, 2006.
5. Мырзахметұлы М. «Абыз» деген сөзді абайлап қолданайық! // Қазақ әдебиеті: зерттеу мен оқытудың өзекті мәселелері. Алматы, 2009.
6. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 200 б.
7. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б. 281-б.
8. Базылхан Б. Моңғолша-қазақша сөздік. Улаанбаатар-Өлгий, 1984. 585-б.
9. Доскенов Ғ. Абыз // «Түркістан»

**ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ**

энциклопедиясы. Алматы, 2000. 21-б.

10. Абыз // Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 1998. Т.1. 44-б.

11. Потапов Л.П. Алтайский шаманизм. Ленинград: Наука, 1991. С.272-273

12. Туркменско-русский словарь. Москва:

Советская энциклопедия, 1968. – 832 с.

13. Шаңбай Т. Абыз // «Шәкәрім» энциклопедиясы. Семей, 2000.

14. Буганаев И.Я. Хакасско-русский историко-этнографический словарь. Абакан: УПП «Хакасия», 1999.—240 с;





*ЖАНАР АИТОВА, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, қазақ филологиясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты.*

### ӘСЕТТІҢ ТУҒАН ЖЕРІ ЖАЙЛЫ ДАУДЫ ҚОЯР КЕЗ КЕЛДІ

Болжаусыз осы екен ғой өлім деген,  
Күн бұрын көзге келіп көрінбеген.  
Артыма сөз қалдырмай ала кеттім,  
Қаптағы дән сияқты себілмеген.  
Зымырап бәйге атындай өте шықтым,  
Жабығып көріп еді көңіл неден?  
Ертең жазып, бүрсігүн бітірем деп,  
Баянсыз тіршілікке сенуменен -

деп, өзі өкінішпен шығармашылық өмірінің соңғы сәттерінде аһ ұра айтқандай, Әсет ақынның әдеби мол мұрасы оның көзі тірісінде елге, кең таралғанымен, не қолжазба күйінде, не баспа бетінде жарыққа шығып, кейінге қалған жоқ. Осы себепті де ақынның туған өлкесі мен шығармалары жайлы дау-дамай әлі күнге дейін толастамауы өкінішті-ақ.

1916 жылғы дүрбелең кезеңде Шығыс Түркістанға өткен Әсет Найманбайұлының шығармашылық ғұмырының соңғы 6-7 жылы осы өңірмен тығыз байланысты. Сондықтан да, ақынның салалы да, сан қырлы мол мұрасына қатысты тың деректерді біз осы өңірден жинастырған едік. Шығармашылық ғұмырбаянында отаршыл екі елдің түйіскен империялық шекарасында ғұмыр кешкен ақын руханиятын саралау үшін, Әсет Найманбайұлының шығармашылық өмір белестеріне тарихи-әдеби шолу жасау қажет. Сонымен, XIX ғасырдың екіншісі жартысы мен XX ғасыр басындағы әдебиет тарихында музыкалық, эпикалық туындыларымен артына

өпшес мол мұра қалдырған Әсет Найманбайұлының туған жылы мен туған жері жайлы түрлі талас пікірлер көп орын алды.

Ең алғашқы Әсет ақынның шығармашылығын өмір жолына арналған Б.Ысқақовтың өз мақалаласында: «Әсеттің қай жылы туғаны белгісіз. Туып, өсіп, көбінесе мекен еткен жері Ұржар, Мақаншы аудандары!» [1, 4 б.] - деп жазғандай, ақынның туған жылы мәлімсіз болып қалса, кейінгі зерттеу еңбектердің бірінде - 1864, бірінде - 1867 жылдар көрсетілді. Әсет мұрасын зерттеушілердің бірі Сайлау Қожағұл: ” Әсет ақынның өмірі жайлы зерттеулерде әртүрлі дерек, топшылаулар бой көрсетіп қалғанымен әлі де бір жүйеге түспей келеді. Ақынның 1867 жылы дүниеге келгені туралы зерттеушілер кейінгі кезде бір тоқтамға келсе де, туған жері туралы екі түрлі пікір, болжам бар” - деп екіұштылық пікір танытады [2, 4б.]. Көптеген уақыт бойы ақынның дүниеге келген жері Ахмет Жұбановтың: “Әсет 1867 жылы Қарқаралы уезі Темірші болысы, 8-ауылында (осы күнгі Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы “Қызыл арай” колхозының тұрған жерінде туды”, [3, 284 б.] - деген дерегінен бастап, ақынның соңғы шыққан жинағы мен кейінгі оқулықтарда Темірші болысы, 8-ауыл (Қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, “Қызыл арай” совхозы) көрсетіліп келеді. Ахмет Жұбанов “Замана бұлбұлдары” кітабындағы «Әсет» атты тарауда соңғы жылдары үгіт бригадасымен 15-16 адам

болып Мақаншы жеріне концерт қойып барғанын, сонда Бақты ауылында ақынның қызы Сәмөгеймен кездескенін, ол кісінің әкесінің өмір тарихын білмейтінін атап өтеді. Ал, 1940-41 жылдары жетімдік тағдырдың жетегімен Бақты ауылындағы Әсет шаңырағында тұрып, сол жердегі мектепте бір қыс оқыған журналист, Әсет Найманбайұлы мұражайының бұрынғы меңгерушісі Оразбек Бекбосыновтың: “Әсетқызы Сәмөгей “әкеміз Абай ауданында туған деген сөзін саф алтынға алуға болмайды. Шын мәнінде Сәмөгей әкесінің туған жерін білмейді. Үй- іші болып сөзден сөз шыққанда, өзара сырлас әңгіме туындағанда Сәмөгей “әкеміз арғын болса, Абай ауданында тумай қайда туады, қанымыз сол жаққа тартуы керек ғой”, - деп апасымен дауласып отыратынын талай естігенмін” [4, 3 б.] - деген сөздері де дәлелдеуді қажет етеді.

Әдебиет тарихындағы Әсет ақын шығармашылығы жайлы жазылған ең алғашқы Б.Ысқақовтың мақаласынан бастап, ақын мұрасын зерттеп, жинап, ол жайлы деректер келтірген Оспантай Орынтаевтың, Д.Қалымовтың, Б.Адамбаевтың, Қ.Толыбаевтың, басқа да адамдардың еңбектерінде ақынның Мақаншы өңірінде дүниеге келгенін әдеби, тарихи және ғылыми тұрғыда тұжырымдаған деректері бар. Ақынның Мақаншы жерінде дүниеге келіп, шығармашылық өмір жолын осы өңір мен Қытай жерінде өткізген деген пікірді айтушы Оразбек Бекбосынов: “Қазақ ССР Министрлер Советінің 19 наурыз 1990 жылғы қаулысынан кейін біз Әсет мұрасын іздеуді қолға ала бастадық. 1991 жылы жазда Алматы қаласында осы мәселемен жүргенімде Жағда Бабаханұлы ағамыз өзінің осыдан он шақты жыл бұрын “Қызыл арайда” болғанын, Әсеттің ол өңірінде болып көрмегенін сөз етті. Осы сөз түрткі болып, 1991 жылдың маусым айында арнайы сапармен Қарағанды, Жезқазған областарына барып, Ақтоғай ауданына қарасты “Қызыл арай” совхозында болдым. Мұнда Әсеттің шыққан тегі – Арғын ішінде Қарашор, оның ішінде Майлық, одан Қожамберді деген атадан тарайтынын тағы да анықтадық. Әсеттің әкесі Найманбай мен Жаманбай деген кісі туысыпты. Жаманбайдың тараған ұрпақ алтыншы атаға кеткен. Жаманбайдың Боздақ, онан Әбдірахман, онан Әубәкір мен Айтқазы. Әубәкір 93 жасқа келіп қайтыс болған, Әсетті

аузына алып: «“Бұл біздің Әсет ғой”, - деп сол кісі айтқан екен» - дегенді сөз етсе, Оспантай Орынтаев 1965 жылы 27 ноябрь, сенбі күні кешкі сағат 6 сағат 5 минутта Қарағанды теледидары арқылы сөзінде: “Аққумен үн қосқан әнші Әсет Семей облысы, Мақаншы ауданы, Көктұма (қазіргі Бақты) селосында, 1866 жылдар шамасында дүниеге келіпті” дей келе, Әсет әндерінің шығу тарихын, өмір жолын баяндай отырып, “Әсеттің ата қонысы осы өңір болғанымен, өзі қиыр қонып, шет жайлаған адам. Өзі емес-ау, әкесі Найманбай жас кезінде арқаның ақшомшыларымен ілесіп Жетісу еліне барады да, сол кездегі Еміл-Барлық болысына қоныс тебеді”[4, 3 б.], - дегенді айтады.

Ақынның әкесі Найманбай арқаның ақшомшыларымен ілесіп жас шағында Семейге барып, сонда шақша насыбай сатып, ұсақ сауданы кәсіп етіп, біраз жыл тұрғандығы баршаға мәлім. Мұны Әріптің Әсетпен айтысында және Үкібас деген қыздың сұрауымен соның атынан Қали ақынға жазған сөз қағысындағы Қалидың жауап сөздерінде айтылады.

Тағы да бір айта кетер жайт ақынның Жүзбасовтың құрастыруымен баспа бетін көрген «Інжу-Маржан» жинағында Әсеттің, Шылбы Көмекұлына сәлем бере барғанда ақынның шығарған арнау әнін де ақынның өз аузынан айтты делініп, енгізіліп жүрген :

Шылбы аға, мән-жайымды сұрауыңыз,  
Өлең ғой көңілдегі шынарымыз.  
Жерінде Қарағанды әкем туған,  
Алакөл ірге жайған тұрағымыз

Семейде кіндік қаным төгіліпті,  
Бір шыбық ақ Ертіске егіліпті.

Көк тұма медресесін бітірген соң,

Дәм-тұзым жалпақ елге себіліпті [5, 69 б.] - деген өлең жолдарын композитор Абылай Түгелбаевтың орынсыз енгізгендігі қынжылтады. Сонымен бірге, Жүзбасовқа Әсеттің әндерін жазғызған кезде Абылай Түгелбаев Әсеттің “Алакөл” әніне қиянат жасап өз әкесінің атын қосақтайды. Бұл өлеңді өз әкемнен естідім деген А.Түгелбаев “Керуенді дүние-ай” деген атпен “Шылбыға хаттың” өңін өзгертіп, болмағанды болғызып отыр. Шын мәнісінде, ақынның туындысы “Шылбыға хат” деп аталып,

Қытайдағы 2 томдық шығармалар жинағына енген, онда Әсеттің қайда туғандығы жайлы емес, інінің ағаға деген ілтипаты ғана сөз болады.

Дегенмен де, бұл өлеңде Әсет стилі айқын сақталынған, сол себепті ақын Семейді аузына алғанда кейбір зерттеушілер айтып жүргендей туған жерім деп емес, білімге, оқуға көзімді ашқан қалам деген ракурста алған, ақынның мәтіндегі осындай сөздің байыбына бармай оны Семейде туды деп айту - ақынның өмірбаянына жасалған қиянат. Шын мәнісінде, Найманбай өз ұлын осы қаладағы діни медреселерінің біріне оқуға бергендігі жайлы кезінде Сәбит Мұқанов: “Балалық шағында Әсет Семейдегі дін медресесіне оқуға беріледі де, қаражаты жоқтықтан 15 жасында медреседен шығады” - десе, С.Бегалин: “Әсетті әкесі Жаңа Семейдегі медресеге оқуға береді. Кейін Мақаншыда Әсеттің әкесі өледі де, ол Көктау болысындағы нағашысына кетеді” [6, 18 б.] - деген, тіпті С.Бегалиннің әкесі Ысқақпен Әсет бір жыл медреседе бірге оқыды деген дерек те бар. Кейін Найманбай ауыр тұрмыстың талқысымен Семейде тұрақтай алмай, арғы үлкен әкелері Найман ішінде Байжігіт, одан Мәмбеттен қыз алған нағашы жұртын және Найманбайдың бір апайы осы елде тұрмыста болғандықтан, сол кісіні паналап, осы елге, дәлірек айтсақ, қазіргі Мақаншы ауданы Алакөл маңындағы Көктұма (Бақты) ауылына, ол кезде қала деп аталған, көшіп келеді. Көктұмада Әсет Зейнолла имамның медресесінде оқиды. Бұл жайында ақынның 1988 жылғы шығармалар жинағын құрастырушылардың бірі Б.Нұржекеевтің «әсетті көрген ақсақал» мақаласында Әсетті оқытқан Қазірет Құсайын, ал оқыған медресесі Лепсі уезіндегі Шұбарағаш-Ойжайлау деген жерде екендігі жайлы сөз етеді. Әсеттің медреседе оқығандығын, келе-келе сөз өнеріне бір жола бет қойғандығын ақынның өзі айтқан:

“Атым Әсет, ұраным-арғын шордан  
Құт дария қырандай шықтым молдан”.

Қазіреттің қасында шәкірті едім,

Адастырды осы өлең орта жолдан –  
деген сөздері мен басқа туындыларында да осы мәселе айтылатынын өлең тармақтары растайды.

Екінші бір Әсеттің туған жері ауызға

алынатын пікірді Әсетті қытай жеріндегі зерттеуші З.Сәнік айтады. Автор өз мақаласында “Арыз өлеңде” ақын өзінің қайда туып өскені жайлы анықтап береді дегенді:

Көктұма ән тудырған самал желің,  
Тербеген бала кезден Алакөлім.  
Оқ жетпес Көкшетау мен Тарбағатай,  
Алтай тау, Ала тауда өсіп-өндім.  
Таяу жыл келіп-қонып қызай елге,  
Жерлерін, Күнес, Текес мекендедім [7, 10],

- деген өлең жолдары арқылы келтіреді. Осыған орайлас пікірді зерттеуші ғалым Болатжан Абылқасымов та жақтап, “Ақынның шешесінің аты Кермеқас екендігі белгілі, ал оның кімнің қызы екендігі туралы нақты дерек жоқ. Міне осы кілтпанды анықтаған күні Әсеттің қайда туғандығы туралы дау да бітпек” деп, Әсеттің туған жері жайлы таласта нақты дәлелдер керектігін атап көрсетеді. Кейінгі жылдарғы мектеп оқулықтары мен жоғары оқу орындары оқулықтарындағы «Әсет Найманбайұлы Мақаншы ауданы, Бақты ауылында туған» деген пікірді әлі де ақиқат ретінде қабылдауға болмайтын секілді. Қазақстан Республикасының Орталық Архивінде сақталған мына бір дерек Әсет ақынның қай жерде туғандығы, Мақаншы өңіріне қалай, қай кезеңде барғандығы жайлы бұлтартпас дәлел деуге болады. Бұл дерек ресми құжат болғандықтан дәл сол жазылған қалпында беруді жөн көрдік.

“Семипалатинского Уездного Съезда Крестьянскихъ Начальниковъ № 28 20-го января 1915 года о перечисленій киргиза №1 Семитавской волости, Семипалатинскаго уезда, Асета Найманбаева (Наймантаев) въ №4 ауль Барлыкской волости Лепсинскаго уезда

Присутствовали:

Председательствующий въ Съездъ Крестьянскихъ Начальниковъ Полковни ъ А-Г-Фонь-Кинипь Члены: Податной инспекторъ Уездный Начальникъ В.М.Петуховъ Крестьянскій Начальник 3 уч. Н.С.Симоновъ

Заведывающій 4 крест. Уч. ФА-ивановъ При секретаре М.П. Зороастровъ

Слушали:

Крестьянскій Начальник 2 участка Семипалатинскаго уезда, 20 декабря 1914 года за № 2884, педставишьвъ Уездный Съездъ переписку по хадатайству киргиза № 1 аула

Семитавской волости Асеита Найманбаева, о перечислаги его въ № 4 ауль Барлыкской волости Лепсинского уезда. К переписке приложены премній и увольнительный приговоры, подлежащихъ обществе. Со стороны Крестьянскаго начальника участка Семипалатинскаго уезда и Лепсинскаго Уезднаго Начальника препятствий къ перечислению просителя не имеется. По обсужденний изложеннаго, принимая во внимате, что перечисленіе просителя последовало согасіе подлежащихъ аульныхъ обществъ выраженное въуволнительномъ и приемномъ приговорахъ, что со стороны подлежащихъ должностныхъ лицъ препятствійкъ этому перечислегаю не имеется Уездный Съездъполгал бы Киргиза № 1 аула Семитавской волости, Семипалатинскаго уезда, Асеита Найманбаева перечислить в аул №4 Барлыкской волости Лепсинского уезда, въ числе одной кибитки, съсемействомъ, состоящимъ из матери его Кармаказ-72 года” [8, 2-3 бб.]. Осы деректерді салыстыра отырып карағанда, Әсеттің әкесі Найманбай жоғарыда көрсеткендей апайы Зеріпті және әйелі Кермекастың төркін жұртын сағалап Еміл-Барлық болысына барғанымен, кейіннен өз еліне келіп тұрақтағанға ұқсайды. Бұл жайлы А. Жұбановта: “Әсет өз қонысына қайта оралады. Бұл кездерде Әсеттің ақындық та, әншілік те атағы аспанға өрлеп, бүкіл Арқа, Жетісу, Тарбағатай, Садыр, алтайды аралап

кетеді”, – деп жазады. Ал, Әсет ақынның өзі “Ішінде өсіп-өндім Қызай елдің” деп айтқанындай Қарқаралыдан Жетісуға дейінгі кең алқапты аралап, өз өнеріне тәнті етіп жүргендігі. Сонымен қорыта айтарымыз, Алашқа аты шыққан ақиық ақын Әсет Найманбайұлының туған өлкесіне байланысты дау-дамайды тоқтатар кез келгендігі анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ысқақов Б. Әсет әнші, әрі халық ақыны // Социалистік Қазақстан. – 1936. – 26 маусым.
2. Қожағұл С. Әсет Найманбайұлының әдеби мұрасы: филол. ғыл. канд. дис: 10.01.02. – Алматы: ҚРҰҒА М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2000. – 126 б.
3. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1975. – 464 б.
4. Бекбосынов О. Әсет қайда туған // Семей таңы. – 1992. – 29 ақпан.
5. Найманбаев Ә. Инжу-маржан. Әндер жинағы // Құраст. Қ. Жүзбасов. – Алматы: Өнер, 1992. – 144 б.
6. Бегалин. С Әсет әнші // Мәдениет және тұрмыс. – №12. – 24 б.
7. Зейнола Сәнік. Гүлдері қайта өнді өрімдеген // Шыңжан ЖОО ғылыми журналы. – №1. – 7-16 бб.
8. Қазақстан Республикалық орталық мұрағат. – 475 қор, 2 тізбе, 28 іс.







*ГҮЛЖАҒАН ОРДА, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы.*

### «ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖАРАЛҒАН ЖҮРЕК» ӘДИ ШӘРІПОВ – 100 ЖЫЛ

Тәуелсіздік тұсында қазақ әдебиетінде естелік, мемуар, жолжазба (очерк) жанры ерекше қарқынмен дами бастады. Оның да өзіндік себептері бар. Елдің көпшілігі ата-баба рухына тағзым етіп, олар туралы естігендері мен көрген-білгендерін қағаз бетіне түсіруге ден қойса, ел ағасы жасқа жеткен аға буын өкілдері тарихи оқиғаға толы ХХ ғасырдан көргендері мен көңілге түйгендерін кейінгі ұрпаққа жеткізуді өздеріне парыз деп санады. Қоғам өміріне белсене араласып, мемлекеттік мәселелерді оң шешуде халқының қалаулысына айналған азаматтар туралы замандастар лебізі өткен ғасырдың күнгейі мен көлеңкесі туралы мағлұмат берері даусыз.

Өткен ғасырда өмір сүрген, қоғам өміріне белсене араласқан қазақтың біртуар азаматтары жетерлік. Солардың бірі – көзі тірісінде аты аңызға айналған қаһарман партизан, майдангер жазушы, әдебиеттанушы ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері Әди Шәріпов. Өмірі өнегеге, тұла бойы тұнып тұрған тәлім-тәрбиеге толы Әди ағамыз саналы ғұмырын қазақтың бүгінгі тәуелсіздігі жолында сарп еткенін бүгінгі ұрпақ өкілдерінің бірі білсе, бірі білмейтіні жасырын емес. Мектеп оқушылары мен оқырман қауымға «Партизан қызы» атты повесімен кеңінен танылған жазушы өмірінің беймәлім қырларын жан-жақты толықтыратын естеліктер жинағы қолымызға тиді. Жинақты құрастырған Әдекеңнің артында қалған жары, әрі мұрагері, филология

ғылымдарының кандидаты – Клара Жағыпарқызы Мыңжасарова. «Артында бар оңалар» дегенді атам қазақ тегін айтпаған. Бұл тұрғыда атаның ғана емес, адам біткеннің баласына айналған Әди Шәріповтің екінші өмірі де жарқын болды деп айтуға негіз бар. Қазіргі таңда өзі өмір сүрген Алматы қаласында оның атында көше, мектеп, мұражай бар. Осылардың барлығы да Клара Жағыпарқызының талмай ізденгіштігі мен тинақтылығының арқасында жүзеге асқаны жасырын емес. «Жыламаған балаға емшек жоқ» екенін ескеретін болсақ, қолында билігі бар шенеуніктердің қыр соңына түсіп, күнделікті қадағалап отырмаса аталған игі шаралардың болар-болмасы екі талай еді. Қолымыздағы «Жақсылыққа жаралған жүрек» атты естеліктер жинағы – Клара апамыздың тынымсыз еңбегінің жарқын көрінісі. Ендігі сөз берері мол, айтары шексіз құнды кітап жөнінде болмақ.

Естеліктер жинағына әр жылдары жазылған замандастар лебізі мен арнау өлеңдер, естеліктер мен эсселер, сұхбаттар мен мерейтойлық мақалалар енген. С.Мұқанов, С.Мәуленов, Қ.Қайсенов, М.Әлімбаев, Ғ.Қайырбеков, Ә.Нұршайқов, Т.Молдағалиев, М.Рәш сынды ақын-жазушылардың жылы лебіздері мен М.Қаратаев, Т.Нұртазин, С.Қирабаев, Ш.Елеуқенов, Т.Кәкішев, Ә.Нарымбетов және басқа әдебиеттанушы ғалымдардың ғылыми және көпшілік мақалалары

өткен ғасырдағы қазақ мәдениеті мен әдебиеті жөнінде сыр шертер дүниелер. Кітаптың алғысөзінде Дихахмет Әшімхан Әди Шәріповтің «ұлты үшін, елі мен жері үшін, мемлекет пен қоғам үшін арпалыспен ғұмыр кешкен, осы жолда өзін күрескерлікпен шыңдай білген кесек тұлға» екендігін жеткізе айтқан. Кітапқа енген естеліктер мен мақалалар тұтаса келіп Әди Шәріповтің сом бейнесін көз алдымызға елестетеді. Мұзафар Әлімбаев өз естелігінде «Әди» дегеннің араб сөзі екенін, оның «Лектің алдындағы жауынгер» деген мағына беретінін есімізге салады. Шынында да ырымшыл қазақ шыр етіп дүние есігін ашқан шаранаға жақсы есім қоюға тырысады. Кейде ырымдап ел ағаларына ұқсап өссін деген ниетпен солардың есімін қойып жатады. Оны қазіргі таңда қазақ арасында Бауыржан, Нұрсұлтан тәрізді есімдердің көптеп кездесетіндігінен көруге болады. Біздің кейіпкеріміздің ата-анасы көптің бірі емес, бірегейі болсын деген ниетпен ұлдарына «Әди» деген есім қойыпты.

Қазақта «тегіне тартқан», «текті жерден шыққан», «текті» деген сөздер бар. Ғаббас Садықұлы өз естелігінде Әдекеңнің өсіп-өнген әулеттен, текті жерден шыққандығын тарата сөз етеді. Оның айтысына қарағанда, Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Былқылдақ ауылының тумасы Қайранбай ақсақал – Уфа қаласындағы медреседе оқып, 1890 жылы өз қаражатына ауылдан медресе салдырып, қазақтың қара сирақ балаларын білім нәрімен сусындатқан жан. Бұл медресе 1913 жылы жалпы білім беретін мектепке айналған. Указной молда қызметін атқарған ол медресе жанынан интернат ашып, заман талабына сай орыс мұғалімдерін шақырып, біртіндеп жаңаша оқуға көшірген. Халқының жарқын болашағы үшін жасалған осындай игілікті шаруаны сол елдің азаматтары күні бүгінге дейін ұмытқан емес. Аузында алласы, қолында құраны болған «Қайранбай қажылыққа аттанарда өзімен бірге туған құдасы Мәлікті, ұлдары Шәріп пен Дәуітті бірге алып кетеді». Жиырмадан жаңа асқан Шәріп Меккеде қайтыс болып, Сауд Арабиясының Мекке қаласындағы орталық мешітке жерленеді. Әкесі Қайранбай қажылығын атқарып, қайтып келе жатқанда Пенза қаласына жеткенде дүниеден озады. Осылайша әкелі-балалы екеуі де қажылық сапарда көз жұмады. Ол кезде Қайранбай ақсақал исі мұсылман қауым арман ететін

қажылық сапардың болашақта өз ұрпағын қуғын-сүргінге ұшырататын білген жоқ еді. Қажының ұлы Халел мен қызы Бибісара 1932 жылы шаш ал десе, бас алатын кеңес жандайшаптарынан Қытай асып құтылса, Дулат, Фазыл, Садық сынды ұлдары «жапонның шпионы», «халық жауы» деген айыппен 1937 жылы ату жазасына кесілді. «Жау жоқ деме, жар астында» дегенді атам қазақ тегін айтпаған, себебі, елдің сүйіктісіне айналған Қайранбай ақсақалдың халқына жасаған қарқорлығына іштарлық танытып, оны саусағының ұшымен көрсеткендер де өзіміздің қазекендер еді. Бұл қуғын-сүргіннен әкеден екі жасқа жетер-жетпесте қалған Әди де аман құтыла алмады. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында оқып жүргенде Смағұл Бағадайұлы деген белсендінің «Қасқырдың бөлтірігі» деген мақаласы шығып, «Әкесі Шәріп, ірі бай және қажы болған» деген айыппен комсомолдан шығарылады. Комсомолдан шығарылған соң, оқумен қош айтысатынын білген ол ұстазы Митрофан Семеновичтің «демалысқа шыққаның дұрыс болар» деген ақылымен құжаттарын жинап алып, көрші жатқан Өзбекстан Республикасының астанасы Тәшкент қайдасың деп тартып отырады. Дәріс берген ұстаздарымен бірге курстас достарына дейін сыпыра ұстап, төңірегін тып-типыл етіп жатқанынан заманның беталысын байқаған ол Қазақстанның іргесінде тұрған қалада ұзақ жасырына алмайтынын біліп, Түркіменстанның Красноводск қаласынан бір-ақ шығады. Осылайша, «Жазығың – баласы болғаның қажының» деп Мұзафар Әлімбаев айтқандай, әкесінің қажылықтан келгенін көрмеген Әди қажының баласы болғаны үшін қуғын көріп, жапа шекті.

«Аққа Құдай жақ» деген халық даналығына бас имеске болмас. Сұрағанға – тілеген деген осы, онда педагогикалық училищеге қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім керек болып жатады. Алматыдан іздеген мамандарын таппай сабылған олар көктен іздегендері жерден табылғанына қуанып, Әдекең оқу ісінің меңгерушісі қызметін қоса береді. Жақсы адамға қай жерде де орын тұрады. Қайда жүрсе де алдынан үлкен міндеттер күтіп тұратын ол мұнда да қыруар шаруаға кезікті. Бұл – табылатындығының арқасында ол барған жеріне судай сіңіп, тастай батып кете барады.

## МУШЕЛТОЙ

Ел іші тыныштала бастаған соң, 1938 жылы оқуын қайта жалғастырып қолына дипломын алады. Қаскелең орта мектебіне барып қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп жүргенде, 1939 жылы әскерге шақырылады. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, күзетте тұрған жауынгер бірден қан майданға араласады. Отызыншы жылдардағы жаппай қудалауда өз басын арашалау үшін басталған күрес, қыркыншы жылдары Отанды басқыншы жаудан қорғауға ұласты. Бұл жылдарды өз естелігінде Сәбит Мұқанов: «Ұлы Отан соғысы күндерінде Әдиді «жоғалтып» алдық. «Қайда?» деп жүрсек, армия қатарындағы ол жаудың қоршауында қалған екен де, совет партизандарының қозғалысына қатынасып, ірі отрядқа бастық болу сияқты жауапты жұмыстарды атқарып, зор абыройға ие болған екен. Әди қызмет атқарған партизан қосыны Белоруссия жерінде болған. Бұдан жеті-сегіз жыл бұрын Белоруссияның біраз өлкелерін аралап түскенімде, «Сашка қазақ» аталған Әдиді білмейтін белорус адамын көрген жоқпын. Қарапайым белорустың ұғымында Әди «ертегілік батыр». Неге олай дейтіндерін Әдидің 1961 жылы «Партизан қызы» деген атпен басылып шыққан көлемді кітабы (234 бет) баяндап береді», – деп еске алады.

Соғыстың алғашқы күнінен бастап қолына қару алып, Мухин орманына кірген ол партизан бригадаларын құрып, жаудың тылына тұтқиылдан шабуыл жасады. Ауған соғысының ардагері, генерал-майор Мұрат Қалматаевпен әңгімесінде сол күндерді Әдекең: «Беларусь тоғайында партизан отрядында жүргенде 5-10 күндеп аш жүрген кезіміз болды, бір картопты үш күн азық етуге тура келген күндер де болды ғой. Сонда мен «шикі картопты жей алмаймын», – деп тұрсам, жауынгерлеріме қандай командир болғаным?», – деп еске түсіреді. От жағып тамақ пісірсе, өкшелеп қуып келе жатқан жазалаушы отрядтың қолма-қол тауып алатынын білген партизандар орындарын күнде ауыстыра отырып, бірнеше күндеп аш жүрді. Батпаққа белшесінен батқан оларға Отанның әрбір ағашы қорған болды. Сырттан көмек келері екі талай екенін сезген олар азық-түлік пен оқ-дәріні жауларынан бірде ашық шайқасып тартып алса, енді бірде жасырына жымқырып жүріп жан сақтағаны белгілі. Белоруссия, Смоленск, Орел, Брянскіні жаудан қорғаған ол жиырма жеті айға созылған

үздіксіз арпалыста үш рет жараланды. Сол жақ кеудесінен тиіп қабырғасын қиратып кеткен оқты майдан даласында операция жасатып алып тастап, қайта соғысқа кірген Әди Шәріпов шынында да кешегі жырға айналған батырлық эпостардағы батырлардың бүгінгі жалғасы еді. Қаһарман партизанның сол бір сын сағатта жасаған жанкешті ерлігін жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Хасен Әдебаев: «Сақылдаған сары аяз, аспан айналып жерге түсердей ыстық – үйреншікті тірлікке айналған. Иә, олар қандай төзім, қандай табандылықты қалағанын елестету оңай болмас. Үлкен жерден шалғайда, меңіреу ормандарда күрес ашқан партизандардың әр минуты қауіп-қатерге толы еді. Қияннан келген қазақ жігіті орыс, украин, беларусь, т.б. ұлттан құралған отрядты басқарып, достық рухтың өміршеңдігін дәлелдеп шықты», – деп ерекше ықыласпен еске түсірген. Орман көрмеген қазақ баласы осылайша Беларусс орманында жағасына жармасқан жауды жер қаптырып, майданға азық-түлік, оқ-дәрі, әскери жауынгерлерін тиіп бара жатқан эшолондарының күлін көкке ұшырып, оларды мол шығынға ұшыратып отырды. Жау тылындағы осындай партизандық айқастар басқыншыларды кейін шегінуге мәжбүр етті.

Әди Шәріпов өміріндегі күрескерлік соғыс біткен соң, бейбіт өмірде басқа арнаға ауысты. 1944 жылы жараланып елге оралған ол Қазақстан Республикасы Оқу министрінің орынбасары болып сайланды. Бұл кездегі еңбегін Украина жерінде партизан отрядын басқарған майдангер ақын Жұмағали Саин партизан жазушы Қасым Қайсеновке: «Ол қазір де соғыс кезіндегісіндей мықты. ...соғыс уақытында, сонау жау тылында мыңдаған партизандарға саяси басшылық етсе, қазір жүз мыңдаған оқытушылар мен оқушыларды басқарады. Болашақ партизандарды, ақындарды, ғалымдарды дайындауға басшылық етеді», – деп таныстырады.

Шынында да Оқу министрлігінде мектеп оқулықтары бөлімін басқарған Әдекеңнің алдында қазақтың болашақ батырлары мен отанын сүйген патриоттарын тәрбиелеу міндеті Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Қ.Бекхожин сынды мектеп оқулықтарының тәжірибелі авторлары қуғынға ұшыраған кез еді. Оның З.Қабдолов, А.Нұрқатов, М.Базарбаев, С.Қирабаев,

## МУШЕЛТОЙ

Б.Сахариев сынды жастарды жинап алып, оларға шұғыл тапсырма беріп, жаз бойы жұмыс жасауға жағдай жасағанын 1951 жылдан бері мектеп оқулығының авторы болып келе жатқан С.Қирабаев: «Бәріңді де білем, жазғандарыңды оқып жүрмін. Сендерден ұлтшылдық таба қоймас», - деді. Бізге 9-класстың оқулығын жазуды ұсынды. Біз «тәжірибеміз жоқ, қалай болар екен» – деп, күдік айтып едік, «көз қорқақ, қол батыр», істеуге шамаларың келеді. Бәріміз қараймыз, көмектесеміз, тек тезірек кірісу керек» деп жеделдетті», – деп еске алады.

Он төрт жыл министрдің орынбасары, бес жыл Оқу министрі болған ол оқу ағарту, білім саласында атқарылар әрбір істі өзі қадағалап, тікелей араласа жүріп талай шаруаларды игерді. Солдардың бірі ана тілі үшін күрес болса, екіншісі аралас мектептерді жойып, қазақ мектептерінің санын көбейту жолындағы шайқас еді. Қазақстанның астанасы Алматы қаласындағы жабылып қалған №12 жалғыз қазақ мектебін қайта аштырған да Әди Шәріпов болатын. Тың және тыңайған жерлерді игеру тұсында қазақ мектептері жабылып, аралас және орыс мектептерінің саны есептен тыс көбейе бастады. Мемлекет тарапынан жүзеге асып жатқан осындай бассыздықтарға тойтарыс беру ежелгі партизанның ғана қолынан келер игілікті іс еді. Әди Шәріпов өміріндегі күрес осылайша бейбіт өмірде де өрши түсті. Ол Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қызметінде жүргенде, сол кездегі Орталық комитеттің бірінші хатшысының алдына келелі мәселелер қойып, оларды дер шағында шеше білді. Олардың ішінде қазақ халқының денсаулығын сақтау жолында өз ісін жетік білмейтін Денсаулық сақтау министрінің қызметінен босатып тастағанын, Алматы, Шымкент, Семей, Қарағанды, Орал қалаларынан бірнеше жоғары оқу орнын ашқанын айтсақ та жетіп жатыр.

Әди Шәріповтің Жазушылар одағының бірінші хатшысы болған 1966-1970 жылдары да жемісті болды. Сол жылдарды ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Көпжасар Нәрібаев «Аяулы Әди ағаның әңгімелері» атты естелігінде: «Ең маңыздысы, Одақтың осал жері – материалдық базасын нығайтуға кірісті. Көптеген жазушыларға қаланың үйлерінен жаңа пәтер бергізді, ал, жазушылардың өздеріне арнап екі үлкен тұрғын үй тұрғызды. Сонымен қатар,

жазушылардың шығармашылық үйі соғылды, конференц-зал және кафе салынды. Сөйтп, Әдекеннің кезінде жазушы бауырларымыз бір жарып қалды, ол кісінің бітірген тірліктерін олар осы күнге дейін жыр қып айтып та, жазып та жүр», – деп еске алады.

Жазушы Ғаббас Қабышұлы «Әди Шәріповтың бір ерлігі немесе «Қилы заманның» қайта басылымы қалай шықты?» деген сұхбатында М.Әуезовтің «Қилы заман» повесін Ә.Шәріповке аманат етіп кеткеніне, көп қиыншылықпен ол шығарманың жарық көргеніне ерекше тоқталады. Сұхбаттағы: «Мұханның сол бір аманатын орындай алғаныма шүкіршілік еттім... Пантиелев «Новый мирде» шықты деп сүйінші сұрап телефон соққанда, несін жасырайын, қуанғаннан көзімнен жас ыршып кетті. Ал, «Лихая година» делініп кітап болып, қолыма тигенде кабинетімді ішінен жауып алып, балаша еңкілдедім», – деген Әдағанның үні тағы құмықты. Ұмтыла еңкейіңкіреп отырып, қалтасынан қол орамалын алып, көзіне басты», – деген жолдар Әди Шәріповтың тұлғасын биіктете түсері даусыз. Осылайша, 1928 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген «Қилы заманға» «феодал-ұлтшыл жазған кітап, советтік өмірдің өңін айналдырған, жоқтан бар жасалған» деп айып тағылып, таралуына тыйым салынған кітапты да жарыққа шығарған Әдекең болатын. «Жас Алаштың» арнаулы тілшісі Нұрлан Нұрахметұлына берген сұхбатында Амет Байтұрсынұлын көргенін, оның «Әдебиет танытқыш» еңбегін, М.Әуезовтің «Қилы заман» және 1911 жылы Уфа қаласынан шыққан «Бала тұлпар» поэмасын қалай сақтағанын ол былайша еске алады: «Бұл кітаптарды сақтау оңай болмады. Кітабын оқымақ түгілі зиялылардың есімін атау мүмкін емес еді ғой. Алайда, адамнан қулық артылған ба? Кітаптарды шөлмектің ішіне салып, ауа кіретіндей труба қойып, ағаштың түбіне тықтым. Біздің Мариновка деревнясының Былқылдақ деген өзені маңында жалғыз ағаш өсетін. Екі жыл бойы сол маңда кітап тығулы жатты. Соғысқа кетер алдында алып, пайдаланып, жақын ағайындарыма қалдырдым. Өйткені, оларға ешкім күдік келтіре алмайтыны анық еді».

Ол М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына директор болған 1970-1979 жылдары да қыруар шаруаны тындырды.

## МҮШЕЛТОЙ

Ғалымдардың әлеуметтік жағдайын көтеріп, олардың көпшілігіне пәтер кілтін беріп, ғылымға жас кадрларды көптеп тартты. Тұрсынбек Кәкішевтің «Қамқоршы» атты естелігіндегі қолынан жетектеп әкеп, «мақтауын асырып» Әдекеңе өткізген Болатжан Әбілқасымов, Тұрсынбек Баймолдаев, Анарбай Бұлдыбай, Жаңғара Дәдебаев, Байділхан Балажанов, Құлбек Ергөбеков, Балтабай Әбдіғазиев сынды шәкірттерінің бүгінгі таңда әдебиеттің белгілі майталмандары болғаны анық. Бұл қатарды Әдекеңнің тұсында аталған институтқа келген Шәкір Ыбыраев, Дандай Ысқақұлы, Серік Негимов, Бақытжан Майтанов сынды ғылым докторлары толықтыра түседі. Сол жылдарды аға шапағатын көрген шәкірттерінің бірі, филология ғылымдарының докторы Серік Негимов: «...ғылым докторының санын 19-ға, ал, ғылым кандидаттарының санын 48-ге жеткізген еді. Ұжымның ынтымақ-берекесін ықтиаттап, тастүйін ғып ұстады. Әрі турашыл, әрі ақкөңіл, әрі жанашыр еді. «Ақ бидайдың ұны, ақ түйенің шабысуына піседі» дегендей, өзгенің жетістіктеріне, жақсылықтарына қуанып отырушы еді. Саңқылдап сөйлеп, қанаттандырып, жан-жағына мырзалықпен нұр шашып жүретіні әлі есімде», – деп есіне алады.

Көріп отырғанымыздай, қолымыздағы «Жақсылыққа жаралған жүрек» атты естеліктер жинағы Әди Шәріповтің өмір белестері арқылы

қазақтың кешегі кеңестік дәуір тұсындағы өткен өмірінен толық хабар береді. Бар ғұмыры күреске толы ағамыз аға қойшы болып қаражат жинап, астындағы жалғыз атын сатып Семей педагогикалық техникумына түседі. 1932 жылы Жаңа Семейде аштықтан қырылып жатқандарды көрген Е.Бекмаханов екеуі Алматыға қарай жол тартып, жоғары оқу орнынан білім алуға бел байлайды. Сол кезді Әди Шәріпов: «Адамдар аш. Өлік көп. Біз ақыры Семейден кетуді ұйғардық. Алматыға жол шектік. Аякөз станциясына келгенде тексерушілер екеуімізді пойыздан шығарып жіберді. Ол жерде де аш адамдар, қаптаған өлік кездесе берді. Бір кездегі құлпырып, жайқалып жататын қазақ даласы өлік сасып кеткендей әсер қалдырды», – деп еске түсіреді. Жастық шағы аштыққа, бозбала шағы жаппай қуғынға, жігіттік шағы Ұлы Отан соғысына тура келіп, өмірдің өзі ерте есейткен Әди Шәріповтің бүкіл өмірі қазақ халқының жарқын болашағы жолындағы күреске толы болды. Бүгінгі тәуелсіздігіміз жолында талай азаматтардың аққан қаны мен төгілген тері жатқанын өскелең ұрпақтың жадына сіңіру - біздің міндетіміз. Олай болса, халқын шынайы сүйген, ұлты үшін қандай отқа болса да күйген Әди Шәріпов ағамыз қазақ қанша жасаса, солармен бірге сонша жасай бермек.

Ылайым солай болғай...



## ТҰЛҒАЛАР



**Бейсенбай Кенжебаев** (1904-1987) – әдебиетші ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ ақын-жазушылары», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Шындық пен шеберлік», «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері», «Жылдар жемісі» монографиялары бар. Б.Кенжебаевтың басшылығымен көне дәуірдегі қазақ әдебиетінің оқулығы және «Алдаспан» онтологиясы жарық көрді. Ф.Панферовтың «Бейбітшілік үшін күресін» т.б. шығармаларын аударды. «Мені жұрт батыр дейді, халық құрметіне рахмет. Бірақ мен әдебиет майданының бір батырын білемін, мақтаныш тұтамын. Ол – профессор Бейсенбай Кенжебаев. Ұлт әдебиеті тарихын сан ғасырларға ілгерлетуден артық қандай батырлық керек? Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуге бар ғұмырын арнап келе жатқан ол – нағыз қаһарман», - дейді Б.Момышұлы.

Р.Нұрғали, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, А.Қыраубаева, Н.Келімбетов, У.Қалижан, Қ.Ергөбек сынды шәкірттері қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілдері.



**Мұхтар Мағауин** (1940 ж.т.) – көрнекті қазақ жазушысы, әрі ғалымы. ҚР халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Түркі дүниесіне қызмет» халықаралық сыйлығының лауреаты. «Жазушы» баспасының бас директоры, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, т.б. қызметтер істеген. Ғылыми еңбектері мен көркем шығармалары танымдық зерделігімен және көркемдік –эстетикалық қуатымен, даралық стилімен, ұлттық рухымен ерекшеленеді. Тұңғыш әңгімесі «Кешқұрым» 1964 ж. «Жұлдыз» журналына жарияланды. Кейіннен «Бір атаның балалары», «Қияндағы қыстау», «Көк кептер», «Көк мұнар», «Аласапыран», «Көкбалақ», «Жүйріктің тағдыры», «Шақан-Шері», т.б. әңгіме, хикаят, роман және тарихи диологиясы қазақ прозасының жаңа өрісін байқатты, ұлттық стильге көркем жаңалық әкелді.

Ғылыми еңбектері: «Қобыз сарыны», «Ғасырлар бедері», «Қазақ тарихының әліппесі» т.б. «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заман-ай, заман-ай» атты ақын-жыраулар антологиясын құрастырып, алғы сөзін жазып шығарды. Шәкәрімнің, Алаш алыптарының ардақты аты мен шығармалары қапаста ұсталған кезінде, олардың еңбектері мен шығармаларын үздіксіз жариялаумен, зерттеулерінде талдап-таныстыруын бір сәт тоқтатпады. М.Мағауин – шәкәрімтану ғылымының негізін қалаушылардың көшбасшысының бірі. М.Мағауин құрастырып, алғы сөзін жазып шығарған Шәкәрім шығармаларының жинағы («Жолсыз жаза») бүгінде Канондық мәтінге жақын жалғыз басылым болып отыр.



## ТҰЛҒАЛАР



**Ақселеу Сейдімбек** (1942-2011 жж.) – жазушы, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, өнер зерттеуші. Алғашқы «Ақиық» әңгімелер жинағы 1972 жылы жарық көрген, «Күңгір-күңгір күмбездер», «Серпер», «Мың бір маржан», «Қазақтың әйгілі күйшілері», «Күй шежіре», «Көшпелілер тарихы» т.б. еңбектері еліміздің бай мұрасына айналды.

Гомердің «Илиада», «Одиссея» эпостарын И.Можейконың «Әлемнің 7 және 37 кереметі» атты кітабын қазақ тіліне аударған, «Сарыарқа», «Дәурен-ай», «Ақтанбердінің толғауы» т.б. әндер шығарған.

Шәкәрімнің «Үш анық» философиялық трактатын баспада дайындап шығарушы, жауапты редактор.



**Рымғали Нұрғали** (1940-2011) – ғылым және қоғам қайраткері, жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚРҰҒА-ның академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас редакторы т.б. қызметтерін атқарған. Соңғы қызметі Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі. Әдебиеттану, әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы, сөз өнерінің эстетикасы мен поэтикасы т.б. ғылыми бағыттарда жұмыс жүргізді.

Қазақ драматургиясын зерттеудің ғылыми жүйесін жасады. Алаш және әдебиет мәселесін зерттеудің ғылыми жүйесін жасады. Абайтану, мұхтартану, шәкәрімтану салаларына жаңаша көркемдік-эстетикалық таныммен келді. Көптеген ғылыми, көркем еңбектері жарық көрді. Семейдегі шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығының қалыптасуына ерекше ықпал етті. Шәкәрімнің атын атауға болмайтын кезеңде, зерттеулеріне оның


шығармаларына батыл барып отырды.





## ФОТОШЕЖІРЕ

---




*«Абай арманы» зиялылар клубының кезекті мәжілісінде белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбекұлы дәріс оқыды*





**ФОТОШЕЖІРЕ**



*Мәжіліс қонақтары*



## «ШӘКӘРІМ» ЖУРНАЛЫ

---

Мекен-жайы: Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, «Шәкәрімтану» ғылыми-зерттеу орталығы. Глинка көшесі, №20

"А". Бас ғимарат, 209 бөлме. Байланыс телефоны:

8 (7222) 35 48 52;

E-mail: shakarimtanu.semey@mail.ru

Компьютерде беттеген: Болесова А.Е.

Корректоры: Жарлығасынұлы М.

Беттеуге тапсырылған күні - 21.12.2012 жыл. Басуға қол қойылған күні - 28.12.2012 жыл.

Форматы - 60x84 1/8. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

